

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

№ 7

И Ю Л Ь

№ 7

АЛМАТЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ
1955

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIV жыл шығуы

Қазақ және орыс тілінде шығады

№ 7

И Ю Л Ь

1955

М А З М У Н Ы

| | |
|---|----|
| БАС МАҚАЛА — Еліміздің экономикасын онан әрі өрге бастыру күресінің программасы | 1 |
| Бұқараның творчестволық инициативасын барынша дамыта берейік | 8 |
| А. КИЯНИЦА — В. И. Ленин бірінші орыс революциясы туралы | 13 |
| К. АХМЕТОВ, Т. ДИКАРЕВИЧ — Түсті металлургия өнімдерінің түсер кұнын кемітудің резервтері | 21 |
| Г. МЕЛЬНИК — МТС-тердің жұмысы жаңа міндеттердің дәрежесіне сай болсын | 27 |
| Ю. ПЛАШЕВСКИЙ — Индия халқы колониализмге қарсы, бейбітшілік жолындағы күресте | 32 |

ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ

| | |
|---|----|
| А. ПЛОТНИКОВ — Материалдық өндіріс саласында қоғамдық еңбектің үлесін арттыру көздері | 39 |
| Н. МҰСАБАЕВА — Диалектикалық материализм сезімдік және рационалдық білім туралы | 47 |

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

| | |
|---|----|
| П. ЕФИМОВ — Техникалық прогресс үшін күрес жолында | 54 |
| С. КРИВОШЕЕВ — Аудандық партия комитетінің штаттан тыс лекторлар тобы | 58 |

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

| | |
|---|----|
| Х. РАХИМОВ — «Орысша-қазақша сөздіктегі» елеулі кемшіліктер мен қателер | 61 |
|---|----|

Еліміздің экономикасын онан әрі өрге бастыру күресінің программасы

Үстіміздегі жылдың 4 — 12 июль күндерінде Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы болып өтті. Пленум өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыру, техникалық прогресс және өндірісті ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі міндеттер туралы; көктемгі егістің қортындылары, егістерді күту, егін жыйнауды өткізу туралы және 1955 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы; Совет-Югославия келіссөздерінің қортындылары туралы; СОКП XX съезін шақыру туралы баяндамаларды талқылады. Қаралған барлық мәселелер жөнінде Пленум тиісті қаулылар қабылдады.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы шешімдерін совет халқы зор қанағаттанғандықпен қарсы алды. Бұл шешімдерде социалистік

өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жаңа тамаша жеңістері көрсетілген. Бұл шешімдер еліміздің экономикасын онан әрі өрге бастыру жолындағы күрестің айбынды программасы болып табылады. СОКП Орталық Комитеті Пленумының шешімдерінде социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің ең басты шарты ретінде ауыр өнеркәсіптің барынша дамыта беруді, өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін тұтыну заттары өндірісіне қарағанда неғұрлым шапшаң өсіруді коммунистік партия бұрынғыдай, кәзірде де өзінің негізгі міндеті деп есептейтіні тағы да атап көрсетілген.

Н. А. Булганин жолдастың «Өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыру, техникалық прогресс және өндірісті ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі міндеттер туралы» баяндамасында, Пленумның бұл мәселе жөнінде қабылдаған қаулысында Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінен кейін өткен жылдардың ішінде социалистік өнеркәсіптің едәуір табыстарға жеткені атап көрсетілген. Бесінші бесжылдық жоспар өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі жөнінде мерзімінен бұрын орындалды. Бұл совет адамдарын және біздің шетелдердегі достарымызды зор мақтанш сезіміне бөлейді. Бұл совет халқының коммунизм үшін күрестегі зор табысын бейнелейді.

Ауыр өнеркәсіп — бүкіл халық шаруашылығының дамуының, еңбекшілердің өлауқағ дәрежесінің, еліміздің қорғаныс қуатының үздіксіз арта беруінің негізі — ірі табыстарға не болды. Өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру 1955 жылдың аяғында, 1950 жылмен салыстырғанда, 84 процент артып, Совет Одағының бүкіл өнеркәсіп өнімінің 70 процентінен асып түседі. Волгада және Сибирь өзендерінде аса зор су электр станцияларын салу соғыстан кейінгі кездегі зор жетістік болып табылады.

Машина жасау өнеркәсібі өнімінің жалпы көлемі үстіміздегі жылда 1940 жылғымен салыстырғанда 4,6 есе артады. Машина жасау өнеркәсібі өнімінің шапшаң өсуі өнеркәсіптің маңызды тарауларында, сол сыяқты құрылыста, транспортта және ауыл шаруашылығында ауыр және еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру дәрежесін арттыруға мүмкіндік берді. Кәзіргі уақытта колхоздар мен совхоздардың егіс даласында 1940 жылғыдан екі есе артық тракторлар, астық комбайндары және басқа ауылшаруашылық машиналары жұмыс істейді. Осы қуатты техниканың негізінде тың және тыңайған жерлерді игеру астық, техникалық дақылдар және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру міндеттері ойдағыдай шешілуде.

Ауыр индустрияны барынша өсіру негізінде жеңіл және тамақ өнеркәсібі өркендеп келеді. Халық тұтынатын товарлар өндіру дәрежесі 1955 жылы 1950 жылғы өндіріс дәрежесінен 72 процент асып түседі, яғни бесжылдық жоспарда белгіленгендегіден 7 процент артық.

1955 жылы өнеркәсіпте еңбек өнімділігі 1940 жылғымен салыстырғанда екі есе дерлік артады. Осының негізінде өнеркәсіпте жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы 1955 жылы, соғыстан бұрынғы дәрежемен салыстырғанда, 90 проценттен аса көбейеді.

Өнеркәсіптің жұмыстарының бұл қортындылары миллиондаған совет адамдарының, оның ішінде Қазақстан еңбекшілерінің жанқиярлық еңбегін бейнелейді. Бұл үшін республикамыздың бүкіл өнеркәсібінің жалпы өнімі өткен жылда, 1950 жылғымен салыстырғанда, 60 процент шамасында өскенін айтудың өзі жеткілікті.

Соңғы жылдардағы өнеркәсіп жұмысының қортындылары, — деп көрсетілген СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысында, — ауыр өнеркәсіпті басымырақ өркендетуді көздеген партиямыздың сара жолының дұрыстығын тағы да дәлелдеп отыр. Ауыр индустрия бұдан бұлай да халық шаруашылығының басқа салаларынан шапшаңырақ өр-

кендетілуге тиіс. Ауыр өнеркәсіпті өркендету дәрежесі елімізде неғұрлым жоғары болса, біз совет халқының үздіксіз өсіп отырған керектерін солғұрлым толық қанағаттандыра аламыз, тұтыну заттарының молшылығын шапшаң жасап, социализмнен коммунизмге өтуді жүзеге асыра аламыз. Бұл үшін халық шаруашылығында техникалық прогресті үздіксіз жүзеге асырып отыру қажет, қолда бар өндірістік резервтерді неғұрлым толық пайдалану керек, бұқараның творчестволық инициативасын ұдайы өрлетіп осының негізінде еңбек өнімділігін мықтап арттыруға күш салу қажет. Елімізде өнеркәсіпті, транспортты, құрылысты және ауыл шаруашылығын техника жағынан жетілдіру ұдайы жүзеге асырылуда. Автоматиканың, телемеханиканың, радиотехниканың, электрониканың ең жаңа жетістіктері өндіріске енгізілуде.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы мұнымен бірге өнеркәсіптің бірқатар салаларында ғылым мен техниканың аса маңызды жетістіктері өндіріске баяу енгізілуде, өнеркәсіптің қолда бар резервтері нашар пайдаланылуда, өндіріс процестерін механикаландыру және автоматтандыру дәрежесі әлі де төмен, өндірістің озат технологиясын жасау мен мейгеруде де кемшіліктер болып отыр деп көрсетті. Бұл кемшіліктердің бәрі дерлік республикамыздың көптеген өнеркәсіп орындарында бар.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы жаңа техниканың, озат технологияның қанағаттанғысыз енгізілуінің негізгі себептері өнеркәсіптің көптеген басшы қызметкерлерінің дандайсып, жайбарақаттыққа салынуы, олардың тапсырылған іске жауапкершілік сезімінен айрылуы деп көрсетті. Мысалға Қарағанды көмір бассейнін алуға болады. Бассейннің кәсіпорындары алдыңғы қатарлы отандық техникамен жабдықталған, бірақ бұл алдыңғы қатарлы техника көптеген шахталарда нашар пайдаланылады. Мысалы, № 3-бис шахтасында өткен жылда жоғары өнімді «Донбасс» кен комбайны тек үш ай бойы ғана жұмыс істеді, ал быйыл 10 күн ғана жұмыс істеді. № 17-бис, 47 — 49 тағы басқа шахталарда кен комбайндары көбінесе бос тұрады, ал көмір қолмен қазылады.

Қарағанды көмір комбинатының бастығы Иноземцев жолдас өзінің сөздерінде, жазған мақалаларында Қарағандыда механизмдермен шығарылатын көмір дәрежесі басқа бассейндердегіден жоғары деп мақтануды тәуір көреді. Комбинаттың басшылары, қол жеткен табыстарға қанағаттанып, соңғы кездерде көмір шығаруды механикаландыру ісін көріне шабаңдатып жіберді. Үстіміздегі жылдың бірінші жартысында механизмдер арқылы шығарылған көмір көлемі өспеді, ал «Сталинуголь» тресінде механизмдер арқылы шығарылған көмірдің көлемі өткен жылдағыдан төмен болды. Бұл ең алдымен жаңа техниканың көмірдің қалың қабаттарын қазуға нашар енгізілуінің салдары. Мысалы «Кировуголь» тресінде көмір шығаруды механикаландыру көмірдің жұқа қабаттарын алуда бұдан екі жыл бұрын толық аяқталған болатын, ал «Верхняя Марьяна» сияқты сегізметрлік қалың қабаттарды алуда жұмыстың тек 15 — 25 проценті ғана механикаландырылған. Көмірдің бұл қалың қабаты бүкіл бассейнде шығарылатын көмірдің 40 процентке жуығын береді.

Қазақстанның түсті металлургия кәсіп орындарында жаңа техника мен алдыңғы қатарлы технология өте қанағаттанғысыз енгізіледі. Мұнда әсіресе шихтаны илектеу, балқыту пештерінде металды үздіксіз балқыту, электр жылтқыштары бар тұнытқыштарды қолдану, металды электр қуатымен үздіксіз кесектеу, қорғасынды вакуум арқылы мырыштан айыру, шлактарды айдайтын установканы қолдану сияқты жаңалықтар өте шабан енгізіледі. Кәсіпорындардың басшылары жаңа техника мен технологияны өндіріске енгізуді шабаңдатуымен металл қорытудың қарқынын төмендетті. Бұл металл халық шаруашылығының түрлі саласына өте

қажет болуымен бірге еліміздің қорғаныс қуатын нығайта беру үшін керек.

Түсті металлургия кәсіпорындарының агломерация, балқыту, шан ұстау тағы басқа цехтарында еңбекті көп керек ететін жұмыстар өте жеткіліксіз механикаландырылған. Балқыту пештеріне шихта тиеу, пештерді күту, балқыту продукталарын шығару, шлак төсіктер мен терезелерін ашып, жабу, газ жүретін жолдарды шандар мен қалдықтардан тазарту, қалыптарды тазарту тағы басқа сондай жұмыстарда қол еңбегі көп қолданылады.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы қара және түсті металлургияда алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың өндіріс процестерін жылдамдататын озат кәсіпорындардың тәжірибелерін кең таратуды, оның ішінде оттегімен үрлеу әдісін қолдануды талап етті. Ал біздің республиканың металлургия кәсіпорындарында шихта қорыту процесін үздік шапшаңдататын оттегімен үрлеу әдісі осы күнге дейін қолданылмай келеді.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы өндірілетін рудалардағы пайдалы металдардың комплексті ажыратылып алынуын және өндірістің барлық сатыларында түсті металдар мен күкіртті шикізат ысрабының мықтап азайтылуын талап етті. Республикамыздың түсті металлургия кәсіпорындарында металдардың ысрабы өндірістің сорына айналды. Металдар руда қазған кезде де, оларды байытқан кезде де және оларды балқыту процестерінде де ысрап болады. Газдармен, шлактармен бірге ысрап болатын металдар да көп. Шымкент қорғасын заводы өткен жылы газдармен, шлактармен бірге мың тоннадан артық қорғасын жоғалтты. Барлық байыту фабрикаларында да металдың ысрабы көп.

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі рудадағы барлық пайдалы металдарды комплексті айырып алу үшін ойдағыдай күреспей келеді. Мәселен, Лениногор полиметалл рудалары өзінің құрамындағы түрлі металдар жөнінде дүние жүзінде ең бай руда болып саналады. Алайда мұнда кейбір бағалы металдарды айырып алу дәрежесі өте төмен, кейде металдардың ысрабы товарлы өнімнен екі еседей артық болады. Шымкент қорғасын заводы сілтелі қорытуларды, қорғасын шлактарын, сол сыяқты шандарды өңдеу жұмыстарын ұйымдастыра алған болса, түрлі металдарды кәзіргіден екі есе артық айырып алған болар еді. Ал күкірт көптеген заводтарда осы күнге дейін газбен бірге кетіп жүр.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумында ССРО Ғылым Академиясының ғылыми зерттеу мекемелері мен салалық ғылыми зерттеу институттары қатты сыналды. Өйткені олар өндірісшілерге техникалық прогрестің бірінші кезектегі міндеттерін шешу жөнінде әлі белсенді көмектеспей келеді. Бұл сынның Қазақ ССР Ғылым Академиясының кейбір ғылыми зерттеу институттарына тікелей қатысы бар. Таяуда «Правда» газеті Қазақ ССР Ғылым Академиясының Кен институты соңғы екі-үш жылдың ішінде көмір өндірісі үшін елеулі ештеңе берген жоқ деп өте дұрыс көрсетті. Бұл институт Қарағанды бассейнінде көмір қабаттарын дегазациялау ісімен шұғылданып жүр. Ал бұл мәселе басқа ғылыми институттарда әлдеқашан шешілген болатын. Заводтар мен байыту фабрикаларында өңделетін шикізаттардағы барлық пайдалы металдарды комплексті айырып алу жөнінде металлургия мен байытушыларға республика ғылым академиясының металлургия және байыту институты өте нашар көмектесіп келеді.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысында және Н. А. Булганин жолдастың баяндамасында министрліктер мен кәсіпорындар еңбек өнімділігін арттыру үшін өнеркәсіпте бар барлық резервтерді пайдалана алмай келеді деп атап көрсетілді. Министрліктердің бас-

шыларының жол беруі салдарынан көптеген кәсіпорындар еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларды орындамайды, әсіресе көмекші жұмыстарда жұмысшыларды артық ұстайды, осының салдарынан жалақы қоры артық жұмсалады. Еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларды орындамау, — делінген Орталық Комитеттің Пленумы қаулысында, — жаңа техниканы баюу енгізудің және қолда бар техниканы нашар пайдаланудың, өндірісті қанағаттанғысыз ұйымдастырудың, еңбек пен халақыны нормалаудың тәртіпке келтірілмеуінің, сол сыяқты еңбек тәртібі мен өндірістік тәртіпті бұзудың салдары болып саналады.

Жаңа техника республикамыздың түсті металлургия кәсіпорындарында нашар пайдаланылады. Сондықтан да мұнда еңбек өнімділігі әлі төмен. Қарсақпай мыс зауытында өткен жылда түрлі авариялардың салдарынан негізгі цехтардың машина-жабдықтары 11 мың сағат босқа тұрды. Балқаш мыс зауытының металлургия цехында машина-жабдықтар зауыттың жылдық өнімінің 10 процентін берерліктей уақытты босқа өткізді. Механизмдер, ішінара скрепер лебедкалары, Текелі руднигінде де нашар пайдаланылады. Сокольный руднигінде көмекші жұмыстардың (машина-жабдықтарды, материалдарды, саймандарды тағы басқаларды жеткізудің) нашар механикаландырылуы салдарынан забойдағы жұмысшылар мен көмекші жұмыстардағы жұмысшылардың саны теңбе-тең.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысында социалистік жарыстың жұмыстың ескі артта қалған нормалары мен әдістерін қыратып, жаңа прогрестік әдістерін ұсынатын қуатты күш болып саналатыны атап көрсетілген. Мұнымен бірге Пленум кейбір шаруашылық басшылары, сол сыяқты партия және кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысты өрістетуге тиісті назар аудармайды, өнеркәсіпте озат тәжірибені нашар таратады деп көрсетті.

Өндіріс озаттарының жұмыс тәжірибелерін және жетістіктерін кең тарату — социалистік жарыстың ең басты міндеті. Алайда бұл міндет Қазақстан өнеркәсібінің көптеген саласында нашар шешіледі. Бұл жөнінде мысалға Сокольный руднигінің бас инженері Кутузов жолдастың пікірін келтіруге болады. Ол «Шығыс Қазақстан облысында біртектес кәсіпорындар көп, бірақ біз бір-біріміздің жаңа техниканы қолдану, еңбектің алдыңғы қатарлы әдістерін енгізу жөніндегі жетістіктерімізді білмейміз» дейді. Бұдан бірнеше жыл бұрын шапшаң және салмақты қорытулардың бастаушысы болған Балқаш мыс зауытының конвертор мастері Ульянов Кошиктің даңқы бүкіл республикаға жайылған болатын. Қазір бұл даңқты жаңашылдың аты естілмейді. Өйткені завод басшылары өндіріс озатының бастамасына мән бермеді. Ульянов Кошиктің жұмыс тәжірибесі Қазақстанның басқа заводтарына таратылуы былай тұрсын, Балқаш мыс зауытының өзінің басқа сменаларында да таратылған жоқ. Бұған республиканың Түсті металлургия министрлігі де кінәлі, өйткені ол алдыңғы қатарлы тәжірибелерді, ғылым мен техниканың жаңалықтарын қорытып, өндіріске енгізіп отырмайды. Ал бұл — министрліктің бірінші міндеті, мемлекеттік маңызы зор іс.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ай бойына өнімді бірқалыпты шығармау көптеген кәсіпорындардың жұмысындағы елеулі кемшілік болып саналады, осының салдарынан бұл кәсіпорындар жұмысты үздік-создық істейді, олардың өндірістік қуаттары толық пайдаланылмайды, жұмыста брак көбейіп, шығарылған өнімнің түсер құны артады деп атап көрсетті. Өнімді бірқалыпты шығармау, аттаншылдық Қазақстанның көптеген кәсіпорындарында орын алады. Партия әлдеқашан теріс деп тапқан аттаншылдық әсіресе Қарағанды бассейнінің шахталарында жиі кездеседі. Қарағанды көмір комбинаты соңғы бірнеше жылдың ішінде көмір шығару жоспарын бірсыпыра алдыңғы қатарлы шахталар есебінен орындап келеді. Бассейіндегі шахталардың үш бөлігінің бірінен жарты-

өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жаңа тамаша жеңістері көрсетілген. Бұл шешімдер еліміздің экономикасын онан әрі өрге бастыру жолындағы күрестің айбынды программасы болып табылады. СОКП Орталық Комитеті Пленумының шешімдерінде социалистік ұлғаймалы ұдайы өндірістің ең басты шарты ретінде ауыр өнеркәсіптің барынша дамыта беруді, өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін тұтыну заттары өндірісіне қарағанда неғұрлым шапшаң өсіруді коммунистік партия бұрынғыдай, қазірде де өзінің негізгі міндеті деп есептейтіні тағы да атап көрсетілген.

Н. А. Булганин жолдастың «Өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыру, техникалық прогресс және өндірісті ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі міндеттер туралы» баяндамасында, Пленумның бұл мәселе жөнінде қабылдаған қаулысында Совет Одағы Коммунистік партиясының ХІХ съезінен кейін өткен жылдардың ішінде социалистік өнеркәсіптің едәуір табыстарға жеткені атап көрсетілген. Бесінші бесжылдық жоспар өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі жөнінде мерзімінен бұрын орындалды. Бұл совет адамдарын және біздің шетелдердегі достарымызды зор мақтаныш сезіміне бөлейді. Бұл совет халқының коммунизм үшін күрестегі зор табысын бейнелейді.

Ауыр өнеркәсіп — бүкіл халық шаруашылығының дамуының, еңбекшілердің әлауқат дәрежесінің, еліміздің қорғаныс қуатының үздіксіз артта беруінің негізі — ірі табыстарға ие болды. Өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру 1955 жылдың аяғында, 1950 жылмен салыстырғанда, 84 процент артып, Совет Одағының бүкіл өнеркәсіп өнімінің 70 процентінен асып түседі. Волгада және Сибирь өзендерінде аса зор су электр станцияларын салу соғыстан кейінгі кездегі зор жетістік болып табылады.

Машина жасау өнеркәсібі өнімінің жалпы көлемі үстіміздегі жылда 1940 жылғымен салыстырғанда 4,6 есе артады. Машина жасау өнеркәсібі өнімінің шапшаң өсуі өнеркәсіптің маңызды тарауларында, сол сияқты құрылыста, транспортта және ауыл шаруашылығында ауыр және еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру дәрежесін арттыруға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта колхоздар мен совхоздардың егіс даласында 1940 жылғыдан екі есе артық тракторлар, астық комбайндары және басқа ауылшаруашылық машиналары жұмыс істейді. Осы қуатты техниканың негізінде тың және тыңайған жерлерді игеру астық, техникалық дақылдар және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру міндеттері ойдағыдай шешілуде.

Ауыр индустрияны барынша өсіру негізінде жеңіл және тамақ өнеркәсібі өркендеп келеді. Халық тұтынатын товарлар өндіру дәрежесі 1955 жылы 1950 жылғы өндіріс дәрежесінен 72 процент асып түседі, яғни бесжылдық жоспарда белгіленгендегіден 7 процент артық.

1955 жылы өнеркәсіпте еңбек өнімділігі 1940 жылғымен салыстырғанда екі есе дерлік артады. Осының негізінде өнеркәсіпте жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы 1955 жылы, соғыстан бұрынғы дәрежемен салыстырғанда, 90 проценттен аса көбейеді.

Өнеркәсіптің жұмыстарының бұл қортындылары миллиондаған совет адамдарының, оның ішінде Қазақстан еңбекшілерінің жанқиярлық еңбегін бейнелейді. Бұл үшін республикамыздың бүкіл өнеркәсібінің жалпы өнімі өткен жылда, 1950 жылғымен салыстырғанда, 60 процент шамасында өскенін айтудың өзі жеткілікті.

Соңғы жылдардағы өнеркәсіп жұмысының қортындылары, — деп көрсетілген СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысында, — ауыр өнеркәсіпті басымырақ өркендетуді көздеген партиямыздың сара жолының дұрыстығын тағы да дәлелдеп отыр. Ауыр индустрия бұдан бұлай да халық шаруашылығының басқа салаларынан шапшаңырақ өр-

кендетілуге тиіс. Ауыр өнеркәсіпті өркендету дәрежесі елімізде неғұрлым жоғары болса, біз совет халқының үздіксіз өсіп отырған керектерін солғұрлым толық қанағаттандыра аламыз, тұтыну заттарының молшылығын шапшаң жасап, социализмнен коммунизмге өтуді жүзеге асыра аламыз. Бұл үшін халық шаруашылығында техникалық прогресті үздіксіз жүзеге асырып отыру қажет, қолда бар өндірістік резервтерді неғұрлым толық пайдалану керек, бұқараның творчестволық инициативасын ұдайы өрлетіп осының негізінде еңбек өнімділігін мықтап арттыруға күш салу қажет. Елімізде өнеркәсіпті, транспортты, құрылысты және ауыл шаруашылығын техника жағынан жетілдіру ұдайы жүзеге асырылуда. Автоматиканың, телемеханиканың, радиотехниканың, электрониканың ең жаңа жетістіктері өндіріске енгізілуде.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы мұнымен бірге өнеркәсіптің бірқатар салаларында ғылым мен техниканың аса маңызды жетістіктері өндіріске баяу енгізілуде, өнеркәсіптің қолда бар резервтері нашар пайдаланылуда, өндіріс процестерін механикаландыру және автоматтандыру дәрежесі әлі де төмен, өндірістің озат технологиясын жасау мен меңгеруде де кемшіліктер болып отыр деп көрсетті. Бұл кемшіліктердің бәрі дерлік республикамыздың көптеген өнеркәсіп орындарында бар.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы жаңа техниканың, озат технологияның қанағаттанғысыз енгізілуінің негізгі себептері өнеркәсіптің көптеген басшы қызметкерлерінің дандайсып, жайбарақаттыққа салынуы, олардың тапсырылған іске жауапкершілік сезімінен айрылуы деп көрсетті. Мысалға Қарағанды көмір бассейнін алуға болады. Бассейннің кәсіпорындары алдыңғы қатарлы отандық техникамен жабдықталған, бірақ бұл алдыңғы қатарлы техника көптеген шахталарда нашар пайдаланылады. Мысалы, № 3-бис шахтасында өткен жылда жоғары өнімді «Донбасс» кен комбайны тек үш ай бойы ғана жұмыс істеді, ал быыл 10 күн ғана жұмыс істеді. № 17-бис, 47 — 49 тағы басқа шахталарда кен комбайндары көбінесе бос тұрады, ал көмір қолмен қазылады.

Қарағанды көмір комбинатының бастыры Иноземцев жолдас өзінің сөздерінде, жазған мақалаларында Қарағандыда механизмдермен шығарылатын көмір дәрежесі басқа бассейндердегіден жоғары деп мақтануды тәуір көреді. Комбинаттың басшылары, қол жеткен табыстарға қанағаттанып, соңғы кездерде көмір шығаруды механикаландыру ісін көріне шабаңдатып жіберді. Үстіміздегі жылдың бірінші жартысында механизмдер арқылы шығарылған көмір көлемі өспеді, ал «Сталинуголь» тресінде механизмдер арқылы шығарылған көмірдің көлемі өткен жылдағыдан төмен болды. Бұл ең алдымен жаңа техниканың көмірдің қалың қабаттарын қазуға нашар енгізілуінің салдары. Мысалы «Кировуголь» тресінде көмір шығаруды механикаландыру көмірдің жұқа қабаттарын алуда бұдан екі жыл бұрын толық аяқталған болатын, ал «Верхняя Марьяна» сыяқты сегізметрлік қалың қабаттарды алуда жұмыстың тек 15 — 25 проценті ғана механикаландырылған. Көмірдің бұл қалың қабаты бүкіл бассейнде шығарылатын көмірдің 40 процентке жуығын береді.

Қазақстанның түсті металлургия кәсіп орындарында жаңа техника мен алдыңғы қатарлы технология өте қанағаттанғысыз енгізіледі. Мұнда әсіресе шихтаны илектеу, балқыту пештерінде металды үздіксіз балқыту, электр жылытқыштары бар тұнытқыштарды қолдану, металды электр қуатымен үздіксіз кесектеу, қорғасынды вакуум арқылы мырыштан айыру, шлактарды айдайтын установканы қолдану сыяқты жаңалықтар өте шабаң енгізіледі. Кәсіпорындардың басшылары жаңа техника мен технологияны өндіріске енгізуді шабаңдатуымен металл қорытудың қарқынын төмендетті. Бұл металл халық шаруашылығының түрлі саласына өте

қажет болуымен бірге еліміздің қорғаныс қуатын нығайта беру үшін керек.

Түсті металлургия кәсіпорындарының агломерация, балқыту, шан ұстау тағы басқа цехтарында еңбекті көп керек ететін жұмыстар өте жеткіліксіз механикаландырылған. Балқыту пештеріне шихта тиеу, пештерді күту, балқыту продукталарын шығару, шлак тесіктер мен терезелерін ашыл, жабу, газ жүретін жолдарды шандар мен қалдықтардан тазарту, қалыптарды тазарту тағы басқа сондай жұмыстарда қол еңбегі көп қолданылады.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы қара және түсті металлургияда алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың өндіріс процестерін жылдамдататын озат кәсіпорындардың тәжірибелерін кең таратуды, оның ішінде оттегімен үрлеу әдісін қолдануды талап етті. Ал біздің республиканың металлургия кәсіпорындарында шихта қорыту процесін үздік шайшаңдататын оттегімен үрлеу әдісі осы күнге дейін қолданылмай келеді.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы өндірілетін рудалардағы пайдалы металдардың комплексті ажыратылып алынуын және өндірістің барлық сатыларында түсті металдар мен күкіртті шикізат ысрабының мықтап азайтылуын талап етті. Республикамыздың түсті металлургия кәсіпорындарында металдардың ысрабы өндірістің сорына айналды. Металдар руда қазған кезде де, оларды байытқан кезде де және оларды балқыту процестерінде де ысрап болады. Газдармен, шлактармен бірге ысрап болатын металдар да көп. Шымкент қорғасын заводы өткен жылы газдармен, шлактармен бірге мың тоннадан артық қорғасын жоралтты. Барлық байыту фабрикаларында да металдың ысрабы көп.

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі рудадағы барлық пайдалы металдарды комплексті айырып алу үшін ойдағыдай күреспей келеді. Мәселен, Лениногор полиметалл рудалары өзінің құрамындағы түрлі металдар жөнінде дүние жүзінде ең бай руда болып саналады. Алайда мұнда кейбір бағалы металдарды айырып алу дәрежесі өте төмен, кейде металдардың ысрабы товарлы өнімнен екі еседей артық болады. Шымкент қорғасын заводы сілтелі қорытуларды, қорғасын шлактарын, сол сыяқты шандарды өңдеу жұмыстарын ұйымдастыра алған болса, түрлі металдарды кәзіргіден екі есе артық айырып алған болар еді. Ал күкірт көптеген заводтарда осы күнге дейін газбен бірге кетіп жүр.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумында ССРО Ғылым Академиясының ғылыми зерттеу мекемелері мен салалық ғылыми зерттеу институттары қатты сыналды. Өйткені олар өндірісшілерге техникалық прогрестің бірінші кезектегі міндеттерін шешу жөнінде әлі белсенді көмектеспей келеді. Бұл сынның Қазақ ССР Ғылым Академиясының кейбір ғылыми зерттеу институттарына тікелей қатысы бар. Таяуда «Правда» газеті Қазақ ССР Ғылым Академиясының Кен институты соңғы екі-үш жылдың ішінде көмір өндірісі үшін елеулі ештеңе берген жоқ деп өте дұрыс көрсетті. Бұл институт Қарағанды бассейнінде көмір қабаттарын дегазациялау ісімен шұғылданып жүр. Ал бұл мәселе басқа ғылыми институттарда әлдеқашан шешілген болатын. Заводтар мен байыту фабрикаларында өңделетін шикізаттардағы барлық пайдалы металдарды комплексті айырып алу жөнінде металлургия мен байытушыларға республика ғылым академиясының металлургия және байыту институты өте нашар көмектесіп келеді.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысында және Н. А. Булганин жолдастың баяндамасында министрліктер мен кәсіпорындар еңбек өнімділігін арттыру үшін өнеркәсіпте бар барлық резервтерді пайдалана алмай келеді деп атап көрсетілді. Министрліктердің бас-

шыларының жол беруі салдарынан көптеген кәсіпорындар еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларды орындамайды, әсіресе көмекші жұмыстарда жұмысшыларды артық ұстайды, осының салдарынан жалақы қоры артық жұмсалады. Еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларды орындамау, — делінген Орталық Комитеттің Пленумы қаулысында, — жаңа техниканы баяу енгізудің және қолда бар техниканы нашар пайдаланудың, өндірісті қапағаттанғысыз ұйымдастырудың, еңбек пен халақыны нормалаудың тәртіпке келтірілмеуінің, сол сыяқты еңбек тәртібі мен өндірістік тәртіпті бұзудың салдары болып саналады.

Жаңа техника республикамыздың түсті металлургия кәсіпорындарында нашар пайдаланылады. Сондықтан да мұнда еңбек өнімділігі әлі төмен. Қарсақпай мыс зауытында өткен жылы түрлі авариялардың салдарынан негізгі цехтардың машина-жабдықтары 11 мың сағат босқа тұрды. Балқаш мыс зауытының металлургия цехында машина-жабдықтар зауыттың жылдық өнімінің 10 процентін берерліктей уақытты босқа өткізді. Механизмдер, ішінара скрепер лебедкалары, Текелі руднигінде де нашар пайдаланылды. Сокольный руднигінде көмекші жұмыстардың (машина-жабдықтарды, материалдарды, саймандарды тағы басқаларды жеткізудің) нашар механикаландырылуы салдарынан забойдағы жұмысшылар мен көмекші жұмыстардағы жұмысшылардың саны теңбе-тең.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысында социалистік жарыстың жұмыстың ескі артта қалған нормалары мен әдістерін кыйратып, жаңа прогрестік әдістерін ұсынатын қуатты күш болып саналатыны атап көрсетілген. Мұнымен бірге Пленум кейбір шаруашылық басшылары, сол сыяқты партия және кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысты өрістетуге тиісті назар аудармайды, өнеркәсіпте озат тәжірибені нашар таратады деп көрсетті.

Өндіріс озаттарының жұмыс тәжірибелерін және жетістіктерін кең тарату — социалистік жарыстың ең басты міндеті. Алайда бұл міндет Қазақстан өнеркәсібінің көптеген саласында нашар шешіледі. Бұл жөнінде мысалға Сокольный руднигінің бас инженері Кутузов жолдастың пікірін келтіруге болады. Ол «Шығыс Қазақстан облысында біртектес кәсіпорындар көп, бірақ біз бір-біріміздің жаңа техниканы қолдану, еңбектің алдыңғы қатарлы әдістерін енгізу жөніндегі жетістіктерімізді білмейміз» дейді. Бұдан бірнеше жыл бұрын шапшаң және салмақты қорытулардың бастаушысы болған Балқаш мыс зауытының копвертор мастері Ульянов Кошиктің даңқы бүкіл республикаға жайылған болатын. Қазір бұл даңқты жаңашылдың аты естілмейді. Өйткені завод басшылары өндіріс озатының бастамасына мән бермеді. Ульянов Кошиктің жұмыс тәжірибесі Қазақстанның басқа заводтарына таратылуы былай тұрсын, Балқаш мыс зауытының өзінің басқа сменаларында да таратылған жоқ. Бұған республиканың Түсті металлургия министрлігі де кінәлі, өйткені ол алдыңғы қатарлы тәжірибелерді, ғылым мен техниканың жаңалықтарын қорытып, өндіріске енгізіп отырмайды. Ал бұл — министрліктің бірінші міндеті, мемлекеттік маңызы зор іс.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ай бойына өнімді бірқалыпты шығармау көптеген кәсіпорындардың жұмысындағы елеулі кемшілік болып саналады, осының салдарынан бұл кәсіпорындар жұмысты үздік-сөздық істейді, олардың өндірістік қуаттары толық пайдаланылмайды, жұмыста брак көбейіп, шығарылған өнімнің түсер құны артады деп атап көрсетті. Өнімді бірқалыпты шығармау, аттаншылдық Қазақстанның көптеген кәсіпорындарында орын алады. Партия әлдеқашан теріс деп тапқан аттаншылдық әсіресе Қарағанды бассейнінің шахталарында жиі кездеседі. Қарағанды көмір комбинаты соңғы бірнеше жылдың ішінде көмір шығару жоспарын бірсыпыра алдыңғы қатарлы шахталар есебінен орындап келеді. Бассейндегі шахталардың үш бөлігінің бірінші жарты-

сына дейін жоспарды орындай алмай жүр. Комбинаттың, трестердің, шахталардың көпшілігінің айдың алғашқы онкүндігінде ырғалып-жырғалумен жүруі, екінші онкүндікте іске кірісе бастауы, ал үшінші онкүндікте «көтеріңкі жоспарды орындау», «еңбектің жоғары өнімділігі үшін күресу» дейтіндердің жариялануы әдетке айналып кеткен. Аттаныштық түсті металлургияның бірсыпра кәсіпорындарында да қолданылады. Бірақ кәсіпорындардың басшылары, сол сыяқты партия ұйымдары бұл әдетке үйренісіп алған, олар біркелкі жұмыс істеу жөнінде тиісті шараларды қолға алмай келеді.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы республикалардың коммунистік партиялары Орталық Комитеттері мен Министрлер Советтерін, жергілікті партия және совет органдарын, министрліктерді, ведомстволар мен кәсіпорындардың басшыларын мемлекеттік жоспарды өнімнің түр-түрі, жана техниканы енгізу жөнінен әрбір кәсіпорнының орындауын қамтамасыз етуге міндеттеді. Орталық Комитеттің Пленумы мемлекеттік тәртіпті бұзушыларға ымырашылдықпен қараудың үзілді-кесілді жойылуын, өндірісті басқара алмайтын қызметкерлерді қызмет орындарынан алуға дейін баруды, олардың орнына істі білетін және жігерлі ұйымдастырушыларды қоюды қатаң талап етті. СОКП Орталық Комитеті Пленумының бұл талаптарынан Қарағанды бассейнінің «Сталинуголь» және «Ленинуголь» трестерінің басшылары Обухов, Тимофеев, Сергазин, Горбач жолдастар, Жамбыл суперфосфат заводының директоры Ершов жолдас өздеріне тиісті қортынды шығаруға тиіс. Партия республикамыздың маңызды кәсіпорындарының артта қала беруіне төзбейді. Мемлекеттік жоспарды орындау — әрбір министрлік, басқарма, кәсіпорын үшін міндетті заң.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумында көптеген партия комитеттері өнеркәсіп жұмыстарына көңіл бөлуді нашарлатқаны үшін қатты сындалды. Кейбір партия комитеттері, — делінген Пленум қаулысында, — өнеркәсіп орындарының жұмысына үнемі бақылау жасап отырмайды, тұтас өнеркәсіп жұмысының жалпы табыстары мен орташа көрсеткіштерінің тасасында артта қалушы кәсіпорындардың жұмысындағы кемшіліктерді көрмейді және оларды озат кәсіпорындардың дәрежесіне жеткізуге ойдағыдай шаралар қолданбайды. Өнеркәсіп жұмыстарымен Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстық және қалалық партия комитеттері қанағаттанғысыз шұғылданып келеді. Жамбылда ауыр өнеркәсіптің бір кәсіпорны — суперфосфат заводы бар. Соңғы біржарым жылдың ішінде қалалық партия комитетінің бюросы артта қалып келе жатқан бұл заводтың жұмысына байланысты бірде-бір мәселе қараған жоқ. Қалалық комитеттің секретары Прохоров жолдас заводтың жұмыс жағдайын білмейді. Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бұрынғы бірінші секретары Шаяхметов жолдас бір жылдың ішінде облыстың бірде-бір өнеркәсіп орнында болмаған. Ал бұл облыстың рудниктері, байыту фабрикалары, қорғасын заводы бүкілодақтық қорғасын өнімінде елеулі орын алады. Көмір өнеркәсібінің жұмысына жалпылама, үстірт басшылық ету — Қарағанды қалалық партия комитетінің жұмысына тән нәрсе.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы коммунистерді, комсомолецтерді, жұмысшыларды, мастерлерді, техниктерді, инженерлерді, ғылым қайраткерлерін және қызметшілерді социалистік өнеркәсіпті онан әрі өркендетудің белгіленген программасын ойдағыдай орындауға күш жұмсауға шақырды. Орталық Комитеттің Пленумы Коммунистік партияның басшылығымен Отанымыздың қаһарман жұмысшы табы, интеллигенциясы және барлық еңбекшілері өнеркәсіпті мықтап өрге бастыруды қамтамасыз етеді, сөйтін совет мемлекеттінің қуатын онан әрі нығайту ісіне,

елімізде коммунизм орнату ісіне жаңа үлес қосады деп кәміл сенетінін білдірді.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы көктемгі егістің қортындылары, егістерді күту, егін жыйнауды өткізу туралы және 1955 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы баяндамаларды талқылап, мынаны атап көрсетті: колхоздар, машина-трактор станциялары және совхоздар үстіміздегі жылы дөңді, техникалық және басқа дақылдар егуді ең жақсы агротехникалық мерзімдерде, егіс жұмыстарының сапасын жақсы етіп өткізді. Елімізде жаздық дақылдар өткен жылғыдан 21 миллион гектар, соның ішінде бидай 11 миллион гектар, артық егілді; жүгері 17,9 миллион гектар, яғни 1954 жылдағыдан 13,6 миллион гектар артық егілді. Тың және тыңайған жерлерде егін егу жөніндегі тапсырма едәуір асыра орындалды. Колхоздар мен совхоздарда үстіміздегі жылы астықтың, техникалық дақылдардың, жемшөптің түсімін, ет, сүт, жүн және басқа өнімдер өндіруді арттыруға берік негіз қаланды.

Қазақстан ауыл шаруашылығының еңбекшілері көктемгі егісті табысты етіп өткізді. Қазір республиканың оңтүстік және батыс облыстарында жаппай егін жыйнау жүріп жатыр, таяуда солтүстік және солтүстік шығыс облыстарда да егін жыйнау басталады. Партия ұйымдарының, совет және ауылшаруашылық органдарының, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың міндеттері егін жыйнауды қысқа мерзімде ысырапсыз өткізуде, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және сатып алу жоспарын мерзімінен бұрын орындауда, тұқым қорларын толық құюда, мал шаруашылығын жемшөппен жеткілікті қамтамасыз етуде болып отыр.

Совет — Югославия келіссөздерінің қортындылары туралы Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасын тыңдап, талқылағаннан кейін СОКП Орталық Комитетінің Пленумы Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Югославия Федерациялық Халық Республикасының үкмет делегациялары арасындағы келіссөздердің нәтижелерін мақұлдады.

Орталық Комитеттің Пленумы Совет Одағы Коммунистік партиясының кезекті XX съезі 1956 жылғы 14 февральда шақырылсын деп қаулы алды және съездің күн тәртібін бекітті. СОКП XX-ші съезі совет халқының коммунистік партияның басшылығымен жүргізген зор жұмыстарының қортындыларын шығарады және біздің коммунизмге қарай бұдан бұлайда алға баса беруіміздің кең программасын белгілейді.

Совет халқы СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы қаулыларын бір ауыздан мақұлдап, оларды еліміздің өндіргіш күштерін оған әрі дамытудың айбынды программасы ретінде қабыл алуда. СОКП Орталық Комитеті Пленумының шешімдеріне жауап ретінде Қазақстан еңбекшілері, бүкіл Совет Одағының еңбекшілері сыяқты, еңбек өнімділігін барынша арттыра беруге, Отанымызға көмірді, мұнайды, металды, астықты, мал шаруашылығы өнімдерін мол беруге бағытталған социалистік жаңа міндеттемелер алуда. Совет Одағы Коммунистік партиясының XX-ші съезі құрметіне социалистік жарыс кең өріс алуда.

Республикамыздың партия және кәсіподақ ұйымдарының, шаруашылық қызметкерлерінің құрметті міндеті—СОКП Орталық Комитеті июль Пленумы шешімдеріне, партияның XX-ші съезін шақыру жөніндегі хабарға байланысты бұқараның еңбектегі өрлеуіне басшы болу, барлық жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің және қызметшілердің бесінші бесжылдық жоспарды толық және асыра орындауға, астық жыйнауды үлгілі өткізуге жұмылдыру. Бұл Қазақстан еңбекшілерінің елімізде коммунизм орнату ісіне лайықты үлесі болады.

Бұқараның творчестволық инициативасын дамыта берейік

Совет халқы, Коммунистік партияның саясатын жүзеге асыра отырып, коммунизмге қарай берік қадаммен алға басуда. Партия совет адамдарының күш-жігерін ауыр индустрияны, социалистік өнеркәсіптің тағы басқа салаларын өркендету беру ісіне, ауыл шаруашылығын шұғыл көтеруге халықтың материалдық және мәдениет дәрежесін арттыруға, совет мемлекетінің қорғану қуатын нығайтуға жұмылдыруда.

Бұрынғыдай кәзірде де партия совет халқының назарын өнеркәсіпті өркендетуге аударуда. СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі жөніндегі бесжылдық жоспардың 1955 жылдың 1 мамына дейін, яғни 4 жыл 4 айда орындалғанын атап көрсетті. Бұл Совет мемлекетінің экономикалық қуатын нығайту жолындағы күрестегі совет халқының зор жеңісі болып есептеледі.

Партия мен үкімет өнеркәсіптің, алдымен, ауыр индустрияның үздіксіз өсуін қамтамасыз ете отырып, ауыл шаруашылығын онан әрі дамытуға ұдайы қамқорлық жасауда. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы 1960 жылда ең кемінде 10 миллиард пұт астық алу және мал шаруашылығы өнімдерін 2—2,5 есе көбейту міндеттерін қойды. Н. С. Хрущев жолдас өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінде бұл міндеттер белгіленіп отырған 6 жылдың ішінде емес, 3—4 жылдың ішінде орындалуы мүмкін деп көрсетті.

Өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының өнімдері артуы негізінде еңбекшілердің материалдық және мәдениет дәрежесі көтеріледі. Совет Одағының ұлттық табысы 1954 жылы алдағы жылмен салыстырғанда 11 процент өсті, жұмысшылардың, шаруалардың және қызметшілердің табыстары молайды.

Бесінші бесжылдық жоспардың өнеркәсіп жөнінде ғана емес, сонымен бірге халық шаруашылығының басқа салалары жөнінде де мерзімінен бұрын орындалуына сенім зор.

Өзінің коммунистік қоғам орнату жолындағы алуан түрлі қызметінде партия бұқараның творчестволық жігерінің, белсенділігінің артуына, олардың туған мемлекетіміздің экономикалық және қорғану қуатын молайту жолындағы патриоттық талабына сүйенеді.

Бұқараның творчестволық белсенділігі — совет қоғамын ілгері бастыратын қуатты күш. Советтік құрылыс халықтың күш-қуатын молайтты, оның жаңа күштерінің қайнар бұлағын ашты, халықтың қалың бұқарасының өз еңбектерінің нәтижелеріне ынталылығын арттырды. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ ұлы Ленин «төменгі» халық арасында советтік ұйым арқасында кәзір жарыққа және белсенділікке ұмтылудың қаншалықты жалынды күші бар» екенін тек буржуазиялық кертартпалықпен соқыр адамдар ғана түсіне алмайды деп көрсеткен болатын.

Коммунистік партия жаңа қоғам құрылысының міндеттерін шеше отырып, бұқараның творчестволық ынта-жігерін, белсенділігін бұдан былай да көтере беруге ерекше маңыз береді. Партия еңбекшілердің социалистік өндірістің мүмкіндіктерін пайдалану жөніндегі бастамаларын қуаттап және дамытып отыруға, еңбек өнімділігін арттыру, өндірістік жос-

парларды орындау жолындағы социалистік жарысқа басшы болуға, өндіріс жаңашылдарын, озаттарын ұдайы өсіре беруге, алдыңғы қатарлы тәжірибені қуаттап, тыңғылықты таратып отыруға шақырады.

Соңғы кезде өткізіліп жатқан ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және транспорт қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңестерінде халық шаруашылығының көп саласында жыйналған бай тәжірибе қорытылды, алдыңғы қатарлы қызметкерлердің сын ескертшелері мен практикалық ұсыныстары ескерілді. Бұл кеңестерге қатысушылардың сөздерінен халық творчествосының коллективтік сипаты айқын көрінді. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі — алдыңғы қатарлы тәжірибенің нағыз бүкілхалықтық университеті болып отыр.

Ұлы Ленин коммунизмінің жеңуінің шешуші шарты еңбек өнімділігінің үздіксіз артуы деп үйретті. Партия бұқараны еңбек өнімділігін арттыру үшін, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық резервтерін толық пайдалану үшін ұдайы күрес жүргізуге шақырады. Қазір республиканың заводтарында, фабрикаларында, шахталарында, құрылыстарында еңбек өнімділігін жаңшай көтеру, жұмыс нормаларын әрбір жұмысшының ұдайы толық және асыра орындау жолындағы социалистік жарысқа өріс алуда.

Социалистік жарыс — бұқараның творчестволық күш-жігерін арттырудың маңызды құралы. Республиканың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының еңбекшілері бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жөнінде өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып жатыр. Бесжылдық жоспарды орындаған немесе орындауға жақындаған кәсіпорындардың қатары көбеюде. Июнь айының аяғында бесжылдық жоспарды орындауды аяқтаған Қарағандының «Ленинуголь» тресінің № 106 шахтасы кеншілерінің даңқы артуда. Соңғы төртжарым жылдың ішінде кеншілердің еңбек өнімділігі 70 процент артты. Қазір көмір тәулігіне жоспардағыдан 100 тонна артық шығарылады.

Қазақ металлургия заводының прокатшылары бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын аяқтады. 1950 жылмен салыстырғанда товарлы прокат шығару екі есе көбейді, ал цехтың сағаттық өнімділігі 74,5 процент артты. Еңбек өнімділігі 60,8 процент өсті. Өнімнің түсер құны кемітуі арқасында 6,5 миллион сом үнемделді.

Сол сыяқты Жайық-Қаспи балық тресінің Шортанбай балық заводының коллективі бесжылдық жоспарды орындады. Елімізге 340 мың центнерден артық балық берілді. Заводтың жұмысшылары жылдың аяғына дейін елімізге тағы да ондаған мың пұт балық беруге міндеттенді.

Еңбектегі ерлікті сипаттайтын мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бұл мысалдар бұқара арасында еңбек өнімділігін арттыруға, өздерінің кәсіпорындарын алдыңғы қатарға шығаруға, елімізге жоғары сапалы өнімді неғұрлым көп беруге ұмтылудың қандай күшті екенін көрсетеді.

Социалистік жарысты ұйымдастыруға партия әрдайым қамқорлық жасап келді және бұдан бұлай да қамқорлық жасай бермек. Партия социалистік жарысты өз бетімен жіберуге болмайды, бұқараның еңбек жігерін кезінде қуаттап отыру керек, озат тәжірибені кең тарату қажет деп үйретеді. Мұның бәрі социалистік жарысты ұйымдастыруды және оған нақты басшылық етуді талап етеді.

Социалистік жарыс — творчестволық іс, ол өзіне қалай болса, солай үстірт қарауға төзбейді. Дегенмен, социалистік жарысқа формальді-бюрократтық тұрғыдан қарау әлі кездеседі. Бірсыпра кәсіпорындарда, колхоздарда, МТС-терде және совхоздарда өшкімді жігерлендірмейтін және тез ұмытылып қалатын міндеттемелер әлі де болса алынады. Социалистік жарыстың қортындылары көбінесе кабинеттерде шығарылады, олар жұртшылықтың игілігіне айналдырылмайды.

Бұл жөнінде мынадай бір айқын мысал келтіруге болады. Соңғы жылдарда Балқаш мыс заводы үлкен табыстарға ие болды. Қара мыс қорыту бесінші бесжылдықта едәуір ұлғайды. Бұл табысқа негізінен ішкі мүмкіндіктерді пайдалану есебінен қол жетті. Бұқараның творчестволық ынта-жігері партия және кәсіподақ ұйымдары тарапынан кезінде барынша қуатталып отырған болса, заводтың коллективі бұдан да зор табыстарға ие болар еді.

СОКП Орталық Комитетінің Балқаш мыс заводындағы парторгі Губин жолдас социалистік жарыстың заводта ұйымдастырылуы толық қанағаттанарлық деп есептейді. Рас, заводтың барлық цехтары өзара жарысқа түскен, жұмысшылар өздеріне міндеттемелер алған, олардың көбісі көтеріңкі міндеттемелерін орындайды. Партия комитеті мен кәсіподақ комитеті бірлесіп социалистік жарыстың қортындыларын шығарып отырады, құрмет тақтасы бар, тағы тағылар.

Бірақ мұның бәрі—сыртқы алдамшы көрініс. Заводта социалистік жарыстың ұйымдастырылуымен, алдыңғы қатарлылардың жұмыс тәжірибелерінің басқаларға таратылуымен тереңдей танысатын болсақ, мұнда маңызды жұмысқа үстірт қарағандық көрінеді. Мәселен, өткен жылда конвертор цехының мастері Харьков жолдастың жұмыс тәжірибесін кең тарту белгіленген. Партия комитетінде, кәсіподақ комитетінде бұл жөнінде әңгімелер болған, ал бұдан әрі ештеңе істелмеген. Пеш мастері Бундин жолдастың жұмыс тәжірибесі де осындай күйге ұшыраған. Ал бұл жаңашылдардың жұмыс тәжірибелерінде үлгі аларлық нәрселер көп.

Заводта социалистік жарыс жөнінде бұрмалаушылықтар да бар. Мәселен, май алдындағы социалистік жарыста көмекші цехтардың ішінде темір жол цехы бірінші орын алған. Социалистік жарыстың заводта белгіленген шарты бойынша цехқа ауыспалы қызыл ту берілуге тиісті. Ал қызыл туды цехқа тапсыру қажет болғанда, заводта ауыспалы қызыл тудың мүлде болмағаны анықталған. Мынадай да оқиға болған. 1948 жылы заводтың көптеген қызметкерлері социалистік жарыстағы табыстары үшін құрмет грамоталарымен наградталған. Бірақ бұл грамоталар кезінде және одан кейін де наградталушыларға берілмеген. Тек жақында ғана ол жоғалған грамоталарды кәсіподақ комитеті председателі Водолаго жолдастың сейфінен іздеп тапқан. Социалистік жарысқа бұлай «басшылық» ету жұмысшылардың ынта-жігерін өрістетуге көмектеспеуі үстіне маңызды нақты жұмысты жоққа шығарады, бұқараның социалистік жарысқа деген ынтасын кемітеді.

Балқаш мыс заводындағы бұл кемшіліктер кейбір басқа коллективтерде де орын алмаған болса, олар жөнінде мұндай толық сипаттама берудің қажеті болмас еді. Социалистік жарысқа бұлай қарауға төзуге болмайды. Партия ұйымдары бұл маңызды істі өздерінің тікелей бақылауында ұстауға тиіс, еңбекшілердің творчестволық ынта-жігеріне мұндай формальді бюрократтық көзқарасты мүлде жоюға міндетті.

Өнеркәсіптің, транспорттың, ауыл шаруашылығының бұдан бұлай да тез өсуі, еңбек өнімділігінің артуы тек өндіріс техникасының үздіксіз жетілдіріліп, жаңаланып отыруы арқасында ғана мүмкін. Елімізде халықтық инициативаның алдыңғы қатарлылары — өндіріс жаңашылдарының қатары жылдан жылға өсуде. Өндіріске енгізілген өнер табу және рационализаторлық ұсыныстарының саны 1954 жылы 900 мыңға жетті. Бұқараның өнер тапқыштық, творчестволық қызметі еліміздің өндірістік күштерін молайтуды шапшаңдатады.

Жаппай өнер тапқыштық — бұқараның творчестволық ынта-жігері артуының айқын бейнесі. Партия өнер табушылармен ұдайы жұмыс істеуді, олардың творчестволық жігерін көтеруге көмектесіп отыруды талап етеді. Партияның XIX съезінің қарарларында: «Инженерлердің, техниктердің, жұмысшылардың және колхозшылардың техниканы одан әрі

жетілдіре беру, өндірісті кеңейту жолындағы, жұмысты жапшай механикаландыру, еңбекті жеңілдету және еңбек жағдайларын жақсарту жолындағы бұқаралық қозғалысы күшейтілсін» делініп жазылған. Партия ұйымдары партияның бұл нұсқауын өзінің күнбе-күнгі қызметінде басшылыққа алып отыруға тиіс.

Қазақстанның кәсіпорындарында, колхоздарында, МТС-терінде және совхоздарында көптеген тамаша рационализаторлар мен өнер табушылар өсті. Мәселен, Павлодар облысындағы «Северный» совхозының механигі Острожко жолдас тамаша дән тазартқыш машина жасап шығарды. Бірақ бұл машинаның бірсыпра кемшіліктері болды. Үстіміздегі жылдың көктемінде совхоздың өнертабушысына Алматы механика заводының цех бастығы Қарпенко жолдас келді. Қарпенко жолдастың ұсынысы бойынша механика заводының коллективі Острожко жолдасқа оның ойлап шығарған машинасын жақсарту жөнінде көмектесуді ұйғарды. Бұл көмек қысқа мерзімде көрсетілді. Дән тазартатын жаңа машина өзінің қуаты жөнінен бұған дейін жасалған дән тазартқыш машиналардың бәрінен артық. Бұл машина сағатына 30 тоннаға дейін дән тазартады. Осылай колхозшы өнертапқыш пен завод коллективінің творчестволық ынтымағы нәтижесінде ауыл шаруашылығы еңбекшілері жаңа машинаға ие болды, бұл машина әсіресе тың жер игеріліп жатқан аудандарға өте қажет.

Республиканың қалалары мен селоларында техникалық прогрестің көптеген талапкерлері — өнер табушылар мен рационализаторлар қажырлы еңбек етуде. Өнер табушыларға, олардың ұсыныстарының жүзеге асырылуына барынша көмектесу, олардың арыздары мен дабылдарына құлақ қоя отырып, барлық шараларды қолдану — партия ұйымдарының борышы.

Партия ұйымдары ауыл-селодағы өнертабушыларға ерекше назар аударуы керек. Бұл жөнінде кемшіліктер әлі көп. Мәселен, ауыл-селодағы өнертабушылардың ұсыныстарын қарау және өндіріске енгізу жөніндегі жұмыстармен кімнің шұғылдануы, өнертабушыларға кімнің басшылық етуі, өнер табу жұмыстарының темаларын кімнің белгілеуі жөніндегі мәселелер әлі шешілген жоқ. Ауыл-селода өнертабушылардың ұсыныстарын жыйнайтын орындар жоқ, өзара тәжірибе ауысу, техникалық хабарларды тарату істері жолға қойылмаған. Мұның бәрі ауыл-селодағы өнертабушылардың творчестволық жігерінің өсуіне кедергі болады.

Техникалық прогресс жолындағы табыстар, тек бұл іспен партия ұйымдары нақты шұғылданғанда ғана мол болады. Техника жөнінде жалпы әңгімемен қанағаттануға болмайды, бұған дейін кейбір партия ұйымдары осылай етіп келді. Маңызды техникалық жаңалықтарды жүзеге асыру ісін партиялық бақылауға алу керек, конструкторлар бюроларының, жеке өнертабушылардың жұмыстарымен күнбе-күн шұғылданып отыру қажет, олардың алдына нақты міндеттер қойып, қолда бар өндіріс құрал-жабдықтарының пайдаланылуын қалағалап отыру қажет.

Өндіріс техникасын алға бастыра беруге ғылым мен өндіріс қызметкерлерінің творчестволық ынтымағы зор мүмкіндіктер ашады. Бұл ынтымақтың нәтижелілігін көптеген мысалдар дәлелдеуде. Бірақ ғылыми мекемелер мен кәсіпорындардың творчестволық байланысы кейде бос айқай-думанға айналып кететін жағдайлар да болады. Көптеген кәсіпорындардың партия ұйымдары ғылыми күштердің түбірлі өндірістік мәселелерді шешуге қалай қатыстырылатынымен шұғылданбайды, ғылымдардың кеңестері мен ұсыныстарына құлақ қоймайтын шаруашылық қызметкерлерін тәртіпке шақырып отырмайды. Екінші жағынан, кейбір ғылыми зерттеу мекемелердің партия ұйымдары ғылым мен өндірістің байланысын күшейту үшін жеткілікті күреспейді. Мұны алдымен республика-

ның Ғылым академиясы, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауылшаруашылық академиясының Қазақ филиалы сыяқты ірі ғылыми мекемелерінің атына айтуға болады.

Бұқараның творчестволық белсенділігін арттыруда еңбекшілер депутаттары Советтері жұмыстарының маңызы зор. Әңгіме алдымен жергілікті бай мүмкіндіктерді пайдалану жөнінде болып отыр. Бұл мүмкіндіктерді пайдалану ісінде әсіресе Советтердің инициатива көрсетуінің, жергілікті жағдайларды терең білуге, халықтың тәжірибесі мен бастамаларына сүйенген инициатива көрсетуінің маңызы зор. Совет адамдары өзінің ауданын, облысын жақсы біледі және сүйеді, олар жергілікті байлықтарды неғұрлым жақсы пайдалануға ұмтылады. Советтер халықтың бұл талабына басшы болуға тиіс.

Жергілікті мүмкіндіктер мен резервтерді ашудың және дұрыс пайдаланудың өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерін едәуір молайтуға, халықты көпшілік тұтынатын товарлармен жабдықтау ісін жақсартуға мүмкіндік беретінін тәжірибе көрсетіп отыр. Дегенмен, республикамызда бар мүмкіндіктер әлі толық пайдаланылмай келеді. Мәселен, Алматының құрылыстарына облицовкаға қажетті тастың Житомирдан алынып келу фактысы бар. Ал мұндай тас қаланың қасындағы теріскей Алатаудың өзінде өте мол және сапасы едәуір артық. Мемлекетке мол зыян келтіретін бұл ұқыпсыздыққа жергілікті совет ұйымдары да, республиканың Қалалық және селолық құрылыс министрлігінің басшылары да көніп келеді.

Совет қызметкерлері ауданның, облыстың, республиканың шаруашылығын өрістетуге, еңбекшілердің қажеттері мен тілектерін қанағаттандыру істерімен бірінші кезекте шұғылдануға тиіс. Жеке совет қызметкерлерінің бейқамдығы, жігерсіздігі жергілікті мол байлықты пайдалануға немқұрайды қарауы, олардың өз міндеттеріне жауапсыздығын, еңбекшілердің және мемлекеттің мүдделерін ұмытатынын көрсетеді.

Республикамыздың ауыл шаруашылығының еңбекшілері егін жыйнауға кірісті. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы дәнді егінді жыйнау жұмыстарын қысқа мерзімде өткізу, ысрапқа жол бермеу міндеттерін алға қойды. Бұл жөнінде әсіресе механизаторларға — комбайншылар мен тракторшыларға өте жауапты және құрметті міндет жүктеледі. Ауыл-село партия ұйымдары егін жыйнау жұмысында социалистік жарысты кең өрістетуге тиіс, бұқараның творчестволық инициативасын барынша қолдап отыруға, колхоздарға, МТС-терге және совхоздарға нақты көмек көрсетуге міндетті.

Республиканың партия және совет ұйымдары алдында зор және күрделі міндеттер тұр. Совет адамдарының белсенділігі, олардың саяси және мәдениет дәрежесі өсуде. Бұл жағдайда бұқара арасындағы идеялық тәрбие жұмыстарын едәуір жақсарту керек болады. Адамдармен күнбе-күн жұмыс істеу — партия жұмысының құрамды бөлімі. Партия комитеттері басшылықтағы кеңсешілдік-бюрократтық әдістерді жоя отырып, нақты жұмыстардың, бұқара арасындағы ұйымдастырушылық және саяси жұмыстардың дәрежесін көтеруі керек.

Партиялық басшылық бұқараның творчестволық күшіне терең сеніммен күшті. Партия кадрларымызды бұқарамен байланысты ұдайы нығайта беруге, бұқараны үйрете білумен бірге олардан үйренуге, олардың үніне ұдайы құлақ қойып отыруға, олардың практикалық ескертпелері мен ұсыныстарын ұқыптылықпен ескеріп отыруға үйретеді.

Коммунистік партия төменнен сын мен өзара сынды өрістетіп отырып, бұқараның творчестволық белсенділігін ұдайы күшейтеді, оларды қыйыншылықтар мен кемшіліктерді жеңуге бағыттайды, коммунистік құрылыстың барлық учасоктерінде жаппай өрлеуге жетеді.

В. И. Ленин бірінші орыс революциясы туралы

(В. И. Лениннің 1905 — 1907 жылдардағы революция туралы шығармалары жыйнағының басылып шығуына)

А. КИЯНИЦА,

тарихи ғылымдардың кандидаты

Бірінші орыс революциясы патшалық самодержавиалық құрылысты түбіріне дейін шайқалтып, помещиктер мен капиталистердің үстемдігіне қатты соққы берді. Бұл революция ерекше күшті саяси шайқалыстар мен революциялық дауылдардың өршіп, Европада жұмысшы қозғалысының, Азияда халықтардың ұлт-азаттық қозғалысының өрлейтін заманын бастады.

Орыс революциясының түбірлі проблемаларын В. И. Ленин данышпандықпен талдап шешті. В. И. Лениннің 1905 — 1907 жылдардағы революция туралы еңбектері жақын арада жеке жыйнақ болып баспадан шықты. Бұл шығармаларда еліміздің халықтарының және Совет Одағының Коммунистік партиясының өміріндегі бір тұтас тарихи дәуір айқын бейнеленген. В. И. Ленин бірінші орыс революциясының себептерін, қозғаушы күштері мен сипатын, оның ерекшеліктерін ашты, Россия пролетариатының, оның барлық еңбекшілердің әлеуметтік және ұлт азаттығы күресіндегі тарихи маңызын көрсетті, жұмысшы табын, оның партиясын революциялық стратегиямен және тактикамен қаруландырды.

* *

*

Лениндік шығармалардың жыйнағы 1905 жылғы 10 (23) январьда жазылған «Россиядағы революция» деген кішкене заметкамен басталады. 12 (25) январьда Ленин «Россияда революцияның басталуы» деген мақала жазып, онда жұмысшы табы патша өкіметінің соғыс күшінен азамат соғысының ұлы сабағын алғанын, ол бұл сабақты ешуақытта ұмытпайтынын көрсетті. Жұмысшы табының, патшаға анқаулықпен сенген әзірлігі жоқ, ең артта қалған топтары 9 январь оқиғаларынан кейін өздерінің праволарын тек күреспен жеңіп алуға болатынын түсінді. «Пролетариаттың революциялық тәрбиеленуі бір күннің ішінде соншама көп ілгері басты, ол әншейінгі, қарапайым, езілген өмірдің айлары мен жылдары бойы мұндай болып ілгері баса алмаған болар еді»*.

Бұқараға революциялық тәрбие беру күресінің маңызына мұндай жоғары баға беріп, Ленин онан: Петербургтың өзіндегі көтерілістің нәтижесі қандай болса да, ол мұнан да кең революциялық қозғалысқа өтетін бірінші саты болмай қалмайды және сөзсіз болады деген қортынды шығарды. Ленин революциялық партия шешуге тиісті практикалық міндеттерді: патша өкіметін құлату үшін жұмысшыларды және барлық азаматтарды тезінен қаруландыру, революциялық күштерді әзірлеп ұымдастыру міндеттерін алға қойды.

Самодержавиеге жалпы революциялық шабуыл жасау жолында революциялық күштерді топтастырудың практикалық негізі ретінде бұл міндеттерді алға қоя отырып, Ленин пролетариат әрдайым дербес жолымен алға басуға, социал-демократиялық партиямен байланысты бә-

* В. И. Ленин 1905 — 1907 жылдардағы революция туралы, мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955, 10-бет. Мұнан әрі осы жыйнақтың тек беттері ғана көрсетіледі.

сендетпеуге, өзінің түпкі ұлы мақсаты — алаудан құтқаруды — әрдайым есте сақтауға тиіс екенін көрсетті. Петербург жұмысшыларын царизмнің айуандықпен қырғынға ұшыратуына екі күн кейін жазылған бұл кішкене мақаланың өзінде Ленин революцияны дамытудың алдағы жолдарын қырағылықпен көрсетіп, жұмысшы табының және оның партиясының революциялық стратегиясы мен тактикасы туралы негізгі қағидаларды белгілеп берді, бұл қағидалар оның кейінгі шығармаларында жан-жақты дамытылып, кеңейтілді.

Революция басталған кезде Ленин Швейцарияда болды. Россиядан шалғай жерде бола тұрса да, Ленин орыс жұмысшы табымен байланысты үзбеді, Россияда болып жатқан оқиғаларды терең зерттеп, большевиктік партияға басшылық етіп отырды, бұқараның революциялық қозғалысын бағыттап, партияның III съезін шақыруға әзірлік жасады.

9 январьдан кейін жұмысшылардың революциялық күресі күшейіп, саяси сипат алды. Январда 440 мың адам ереуіл жасады, яғни оған дейінгі он жылдың ішіндегіден көп. Жұмысшылар экономикалық стачкалардан саяси стачкаларға, демонстрациялар жасауға, ал кей жерлерде патшаның өкімет орындарына қару күшімен қарсылық көрсетуге көше бастады. Әсіресе үлкен қалалар — Петербургтегі, Москвадағы, Варшавадағы, Ригадағы, Бакудегі стачкалар күшті болды.

Россияда болған оқиғаларды терең зерттеу негізінде Ленин империализм заманындағы буржуазиялық-демократиялық революцияның сипаты, ерекшеліктері және қозғаушы күштері туралы аса маңызды қортындылар жасады.

Бірінші орыс революциясы өзінің сипаты жағынан буржуазиялық революция болды, өйткені ол буржуазияның үстемдігін жойып, пролетариат диктатурасын орнатуды емес, самодержавиені құлатып, помещиктік жер иелігін, сословиелік құрылысты жоюды, демократиялық республика орнатуды, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізуді өзінің тікелей мақсаты етіп алға қойды. Бұл міндеттерді орындау буржуазиялық құрылыстың негіздерін нашарлатпайтыны былай тұрсын, қайта капитализмнің еркін дамуына кең жол ашатын еді. Алайда бұқара — жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар — мұндай өзгерістер жасауға буржуазиядан көбірек мүдделі болып, әуелбастан-ақ патша өкіметіне қарсы күреске неғұрлым белсеніп шықты. Орыс революциясы дағдылы буржуазиялық революция, жоғарғы топтардың революциясы болмай, халықтық революция болды. 1905 жылғы март — апрельде жазылған «1789 жылғы сыяқты революция ма әлде 1848 жылғы сыяқты революция ма?» деген мақаласында Ленин орыс революциясын басқа революциялармен теңеу туралы сөз болуы да мүмкін емес екенін көрсетті. Кейіннен бұл мәселеге қайтып оралғанда Ленин 1905 — 1907 жылдардағы орыс революциясы шын мәнісінде халықтық революция болғанын, өйткені халық бұқарасы, езушіліктен және қанаудан жанышталған ең төменгі қоғамдық топтар күреске аттанып, өздерінің талаптарымен, жаңа қоғамды өздерінше орнату әрекеттерімен революцияның бүкіл барысына әсер еткенін жазды. Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияны Батыс Европадағы XVII — XIX ғасырлардың буржуазиялық революцияларымен теңеген меньшевиктердің догматизмін Ленин аяусыз әшкереледі.

Бірінші орыс революциясының ерекшелігі және оның XVII — XIX ғасырлардағы буржуазиялық революциялардан түбірлі өзгешелігі оған негіз болған тарихи жағдайдың ерекшеліктерінен туды. 1905 — 1907 жылдардағы революция империализм заманындағы бірінші буржуазиялық-демократиялық революция болды. Егер бұрынғы революциялар капитализмнің өрлеп дамыған дәуірінде жасалса, орыс революциясы капитализмнің іріп-шірі бастаған, оның барлық қайшылықтары шегіне жетіп, шиеленіскен дәуірде басталды.

XVII—XIX ғасырлардың буржуазиялық революцияларында көсемдік рольді буржуазия атқарды. Пролетариат әлі әлсіз және саны аз еді, оның өзінің саяси партиясы болмады, ол революцияда өзінің дербес жолын ұстап шыға алмады. Бірінші орыс революциясында, оның барлық кезеңдерінде, өзінің саяси партиясы болған жұмысшы табы күреске басшылық етті. Ол сан миллион шаруалардың, патша өкіметі езген барлық демократиялық элементтердің көсемі болып майданға шықты.

В. И. Ленин барлық еңбекшілерді азат ету жолындағы революциялық күресте пролетариаттың гегемониясының ұлы маңызы туралы ілімді жан-жақты жасап шығарды. «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген атақты кітабының өзінде Ленин жұмысшы табының тарихи ролін — қоғамның алдыңғы қатарлы революцияшыл күші болу ролін — анықтап, патша өкіметін, помещиктер мен буржуазияны құлатудың басты шарты ретінде жұмысшылар мен шаруалардың революциялық одағын құру идеясын алға тартты. 1905 — 1907 жылдарда жазылған шығармаларында Ленин, тарихи жағдайдың ерекшеліктерін негізге ала отырып, тек пролетариат қана — буржуазиялық-демократиялық революцияда басшылық роль атқара алатын бірден-бір дәйекті революцияшыл тап болып табылатынын көрсетті.

Бірінші орыс революциясының Батыстағы буржуазиялық революциялардан түбірлі өзгешелігі, оның халықтық сипаты, бұл революцияға жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының кеңінен қатысуынан көрініп қана қоймай, күрестің стачка, демонстрация, қарулы көтеріліс сияқты ерекше халықтық формаларының басым болуынан да айқын көрінді. Жұмысшы табы Россияда халықтың азшылығы болуына қарамастан, ол өзінің революциялық жігерімен, өзінің қыймылдарымен революциялық күрестің бүкіл барысына пролетарлық әсерін тигізді. 1905 жылғы революция туралы баяндамада Ленин бірінші орыс революциясы «...пролетарлық революция болғанда, пролетариаттың жетекші күші болғандығы, қозғалыстың авангарды болғандығы мағнасында ғана емес, сонымен қатар күрестің ерекше пролетарлық құралдары, атап айтқанда, стачка бұқараны қозғаудың, басты құралы және шешуші оқиғалардың толқындалыс өршуінде неғұрлым сипатты құбылыс болғандығы мағнасында да пролетарлық революция» (688-бет) болғанын көрсетті.

В. И. Ленин революцияда гегемон ролін жұмысшы табы атқаруға тиіс екенін, өйткені ол ең алдыңғы қатарлы, ең ұйымдасқан тап болып табылатынын көрсетті. Жұмысшы табының гегемониясы стихиялық жолмен емес, ұйымдасқандықпен, революциялық теориямен қаруланған марксистік партияның басшылығымен жүзеге асырылады. Пролетариаттың өз партиясының болуы — жұмысшы табына өзінің революциядағы гегемониясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін басты, шешуші шарт. Ленин жұмысшы қозғалысы тек, оған бір тұтас жұмысшы партиясы басшылық еткенде ғана елеулі нәтижелерге жете алатынын көрсетті.

Жұмысшы табына буржуазияның саясатын жүргізетін, жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүдделеріне бағындыруға тырысқан II Интернационал тұрпатты реформистік социал-демократиялық партиялар пролетариаттың күресіне басшылық ете алмады. Ленин: тап күресі заңдарының, революцияның даму заңдарының білімімен қаруланған марксистік партия ғана жұмысшы табының саяси көсемі ролін атқарып, жұмысшыларды демократияны және социализмді жеңіспен орнатуға жеткізе алады деп үйретті. II Интернационалдың оппортунистік партияларындай, әртекті, ала-құла, ұсақ буржуазиялық партия құруды жақтаған меньшевиктерді Ленин қатты әшкереледі. Ол меньшевиктердің мұндай сатқындық саясаты пролетариатты өзінің таптық дербестігінен айыруға, оны қарусыз қалдыруға бастайтынын көрсетті.

В. И. Лениннің шығармалары және оның басшылығымен жасалған, РСДЖП III съезінің қарарлары пролетариаттың, оның партиясының им-

периализм заманындағы буржуазиялық-демократиялық революциядағы стратегиясы мен тактикасының мәселелері бойынша марксизм-ленинизм қазнасын жаңа қағидалармен толықтырды. «Таптардың татулығын» ұағыздаған меньшевиктерге және басқа оппортунистерге қарсы ымырасыз күресте Ленин марксизмнің қарулы көтеріліс туралы ілімін қорғап қалып, оған әрі дамытты.

Ленин жазған, партияның III съезі қабылдаған қарарда қарулы көтеріліс туралы аса маңызды қағидалар белгіленді. Бұл қарарда бұлай делінді:

«1) Пролетариат өзінің жағдайы жағынан ең озат және бірден-бір дәйекті-революцияшыл тап, солай болғандықтан да ол Россиядағы жалпыдемократиялық революциялық қозғалыста басшылық роль атқаруға тиіс...;

2) бұл қозғалыс кәзірдің өзінде-ақ қарулы көтерілістің қажеттігіне бастап әкелді...;

3) бұл көтеріліске пролетариат барыша жігермен, сөзсіз қатысады, оның бұған қатысуы Россияда революцияның тағдырын шешеді...;

4) тек идея жағынан ғана емес, сонымен қатар практика жүзінде де пролетариаттың күресіне басшылық етіп отыратын социал-демократиялық жұмысшы партиясының туы астында бірыңғай, дербес күш болып бірігіп алғанда ғана пролетариат бұл революцияда басшылық роль атқара алады...» (94-бет).

Сөйтіп, Маркс пен Энгельстің қайтыс болуынан кейін алғаш рет қарулы көтерілісті ұйымдастыру туралы мәселе практикалық міндет ретінде алға қойылды. Марксистік партияның қызметі осы міндетті орындауға бағындырылуға тиіс.

Партияның III съезінің шешімдерінде Лениннің буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру туралы аса маңызды қағидасы да көрсетілді. Съездің қарарында, революцияда басшылық рольді атқару пролетариатқа буржуазиялық-демократиялық Россияның бай таптарына қарсы, социализм жолындағы күрестің неғұрлым қолайлы жағдайларын қамтамасыз ете алатыны айтылды.

В. И. Лениннің «Социал-демократия және революциялық уақытша үкімет», «Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы» деген мақалаларында, РСДЖП III съезінің қарарларының жобаларында Лениннің революциялық уақытша үкімет туралы аса маңызды қағидалары баяндалды. Ленин, қарулы көтерілістің жеңуі нәтижесінде патша үкіметінің орнына революциялық уақытша үкімет құрылуға тиіс деп есептеді. Жеңімпаз халық көтерілісінің органы болып табылатын бұл үкімет халықтың еркін, оның мүдделерін және армандарын білдіруге тиіс, ол пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы ғана болуға тиіс. Өзінің батыл шабуыл қыймылдарымен бұл үкімет контрреволюциялық күштерге қарсы рақымсыз күрес жүргізуге тиіс.

Самодержавиенің орнына құрылуға тиісті жаңа өкіметтің сипатын революцияның гегемоны болған жұмысшы табы және онымен одақтасқан шаруалар белгілейді. Революциялық күрестің барысында бұқараның революциялық творчествосы бұқаралық ұйымның жаңа формасын жасады — жұмысшы депутаттарының Советтерін құрды. Ленин Советтерді — жаңа, халықтық үкіметтің бастамасы деп таныды. 1905 жылғы ноябрьде жазылған «Біздің міндеттеріміз және жұмысшы депутаттарының Советі» деген мақаласында Ленин «саяси жағынан жұмысшы депутаттары Советін революциялық уақытша үкіметтің бастамасы деп қарау керек» (345-бет) екенін көрсетті.

Революцияның барысында құрылған Советтердің тәжірибесі Ленинге кейіннен пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы ретіндегі

Советтер туралы ілімді жасауға мүмкіндік берді. Социалистік революцияның тағдыры үшін бұл ілімнің баға жетпес маңызы болды. Ленин шаруалар мәселесін — пролетариат диктатурасы туралы жалпы мәселенің бір бөлегі деп танып, оған орасан зор маңыз берді. 1905 жылғы қозғалыстың тарихи сипаты, деп көрсетті ол, нақ Россия халқының орасан көпшілігі — шаруалардың аграрлық мәселені ең көрнекті орынға қойғандығында.

Шаруалардың революциялық қозғалысының тәжірибесін жан-жақты зерттей отырып, Ленин большевиктердің аграрлық программасын, шаруалардың революциялық күресіне басшылық етуде пролетариаттың қолданатын тактикасын жасады. Ленин жасаған және помещик, шеркеу, монастырь жерлерін шаруаларға беруді көздеген аграрлық программа шаруалар қозғалысының өрістеуіне орасан зор әсер етті.

Ленин: помещиктік жериемігін жойып, шаруаларға жер беру Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның аса маңызды міндеті болып табылады деп үйретті. Шаруалар мұқтаждықтан және жерсіздіктен азап шегіп келді. 9,5 миллион үй шаруаларда 75 миллион десятина, ал 30 мың помещикте 70 миллион десятина жер болды. Сондықтан шаруалар буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуіне өздері үшін шын мүдделі болды, мұның өзі оларды патша өкіметіне қарсы күресте пролетариаттың одақтасына айналдырды.

Өзінің шығармаларында Ленин деревняда болған екі түрлі қайшылықты: бір жағынан, селолық пролетариат пен селолық буржуазия — кулактар арасындағы қайшылықты, екінші жағынан, барлық шаруалар мен помещиктер арасындағы қайшылықты көрсетеді. Буржуазиялық-демократиялық революция дәуірінде орыс марксистері үшін екінші қайшылықтың ең зор маңызы болды. Жұмысшы табы деревняда тап күресінің күшеюіне көмектесуге, шаруаларды жер үшін, патшаға және помещиктерге қарсы күреске аттандыруға, оларды демократиялық революцияның толық жеңісіне бастап жеткізуге тиісті болды.

Партияның шаруалар қозғалысы жөніндегі саясаты В. И. Лениннің 1905 жылғы мартта жазылған «Біздің аграрлық программа туралы» (III съезге хат) деген еңбегінде баяндалды. Ленин «...крепостнойлықтың барлық қалдықтарын жою үшін, деревнядағы жалпы қарым-қатнастардың бәрін демократиялық жолмен өзгерту үшін және шаруалардың халжайын жақсартатын, помещиктердің жерлерін тартып алуды да қамтыйтын революциялық шаралар қолдану үшін» (59-бет) шаруалардың революциялық комитеттерін тезінен ұйымдастыру міндетін алға қойды.

Бұл еңбегінде Ленин, әзірге оны партияның программасына енгізуді ұйғармаса да, жерді национализациялауды талап етті. Ол патша өкіметін құлатқаннан кейін жерді национализациялауға толық мүмкіндік болады деп есептеді. «Демократиялық республика кезінде, халықтың қаруланған кезінде, басқа да осындай республикалық шараларды жүзеге асырар кезде социал-демократия жерді национализациялау жөнінде серт беріп, қолын байлай алмайды» (60-бет).

Кедей-орта шаруалар бұқарасы жұмысшы табының сенімді одақтасы бола отырып, оның күресін қолдады. Ленин «социалист-революционерлер революцияның қортындыларын қалай шығарады» деген мақаласында бірінші орыс революциясының шешуші күші ретіндегі жұмысшы табы мен шаруалар одағына зор баға берді. Ленин пролетариат пен шаруалар күштерінің одағы орыс революциясының бүкіл алғашқы дәуірін, 1905 — 1907 жылдардағы ірі оқиғалардың бәрін сипаттады деп жазды. Бір жағынан, октябрь стачкасы мен декабрь көтерілісі, екінші жағынан шаруалардың көтерілістері және солдаттар мен матростардың көтерілістері нақ осы, пролетариат пен шаруалар «күштерінің одағы» болды.

Ленин, бұл фактіні түсінбейінше, орыс революциясының «қортындылары» еш түсінуге болмайтынын көрсетті.

Пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революциядағы басшылық ролі туралы және жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы лениндік идеялар марксистік партияның жаңа тактикалық бағыты болды. Бұл идеялар большевиктік, революциялық тактика мен меньшевиктік, оппортунистік тактика арасында меже жасады.

Өзінің шығармаларында Ленин буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық партиялардың опасыздық ролін рақымсыз әшкереледі. «Біз революцияны ұйымдастыруға тиістіміз бе?» деген және басқа мақалаларында Ленин либерал буржуазияның революцияның жеңуіне мүдделі емес екенін, оның жұмысшылар мен шаруалардың революциялық күресінен өлердей қорқатынын, сондықтан патша өкіметін сақтауға, онымен келісуге тырысатынын көрсетті. Ленин либералдардың патша өкіметіне жағымпазданатынын, «төменнен» революциялық қопарылыс жасалуына жол бермеу үшін, үкіметтің «жоғарыдан» реформалар жасауын өтінетінін көрсетті.

Лениннің шығармаларында эсерлердің ұсақ буржуазиялық көзқарастары, олардың ғылыми социализм негіздерін танымайтыны, олардың тап күресін тарихтың қозғаушы күші деп танымайтыны, олардың жеке адамдар террорын күрестің құралы деп танымайтыны, олардың либерал буржуазиямен келісуді көздейтін опасыздық саясаты әшкереленді. Ленин, тарихтың шын мәнісіндегі жасаушылары болып отырған бұқараның бұл ролін танымаған эсерлердің субъективистік, идеалистік қыялдарын әшкереледі.

Ленин, пролетариаттың гегемониясына қарсы шыққан, жұмысшы табының шаруалар мен одағын, партияның ұйымдастырушылық ролін танымаған меньшевиктерді рақымсыз әшкереледі. Ол меньшевиктерді өздерінің саясатында жұмысшы табының күресін либерализмге бейімдеуге, оны буржуазияның мүдделеріне бағындыруға тырысатынын көрсетті.

Жыйнақта Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген шығармасы жарияланды. Марксистік ойдың асқан ұлы шығармасы болып табылатын бұл еңбегінде Ленин РСДЖП III съезінің шешімдеріне данышпандық дәлелдеме берді, марксистік партияның тактикалық негіздерін белгіледі, меньшевиктер мен багысевропалық реформистердің оппортунистік тактикасын әшкереледі.

Лениннің бұл еңбегінің негізгі тактикалық қағидасы — пролетариат буржуазиялық-демократиялық революцияның көсемі, басшысы бола алады және болуға тиіс деген идея болды. Пролетариаттың одақтасы шаруалар болуға тиіс.

Халықтың жеңімпаз қарулы көтерілісін Ленин патша өкіметін құлатып, демократиялық республика орнатудың құралы деп есептеді. Бұқараны көтеріліске шығару үшін Ленин бұқараның революциялық инициативасын өрістететін ұрандар берді. Бұл мынадай ұрандар болды: жалпы саяси стачкалар жасау; сегізсағаттық жұмыс күнін революциялық жолмен дереу жүзеге асыруды ұйымдастыру; помещик жерлерін конфискациялауға дейін барлық демократиялық өзгерістерді революциялық жолмен жүзеге асыру үшін шаруалар комитеттерін тезінен ұйымдастыру; жұмысшыларды қаруландыру.

«Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген еңбектің тарихи маңызы онда марксистік партияның буржуазиялық революция дәуіріндегі тактикасының терең дәлелденгендігінде ғана емес. Бұл еңбегінде Ленин онымен бірге буржуазиялық-демократиялық революциядан социалистік революцияға көшу дәуіріндегі марксистік тактиканың негіздерін де тұжырымдап белгіледі. Пролетариат буржуазиялық-демократиялық революцияны жеңіске жеткізгеннен кейін дереу

оны социалистік революцияға ұластыру күресін онан әрі жүргізуге тиіс екенін көрсетті Ленин. Пролетариат пен шаруалар диктатурасы, патша өкіметін жеңгеннен кейін революцияны онан әрі дамытып, социалистік революцияға көшуді бастау үшін керек.

Ленин: буржуазиялық-демократиялық революция мен социалистік революция бір тізбектің екі буыны болып табылады деп үйретті. «Пролетариат, самодержавиенің қарсылығын күшпен жаныштау үшін және буржуазияның тұрақсыздығын көрмеу үшін, шаруалар бұқарасын өзіне қосып алып, демократиялық төңкерісті ақыр аяғына дейін жеткізуге тиіс. Пролетариат, буржуазияның қарсылығын күшпен тойтару үшін және шаруалар мен ұсақ буржуазияның тұрақсыздығын күрмеу үшін, халықтың жартылай пролетар элементтерінің бұқарасын өзіне қосып алып, социалистік төңкеріс жасауға тиіс» (221-бет).

Ленин буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуі — пролетариат пен ең кедей шаруалардың социалистік революция жолындағы күресінің бастама кезеңі ғана деп таныды. Әуелі пролетариат революцияның гегемоны ретінде барлық шаруалармен бірге патша өкіметі мен помещиктерге қарсы күреседі. Революция бұл кезеңінде буржуазиялық-демократиялық революция болып қалады. Онан кейін пролетариат ең кедей шаруалармен бірге, барлық қаналушылармен бірге, қалада ұсақ буржуазияны, деревняда орташаларды бейтараптандыра отырып, капитализмге қарсы, оның ішінде кулактарға қарсы күреседі. Революция социалистік революцияға айналады. Пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революциядағы гегемониясы, пролетариат пен шаруалардың одағы болып тұрғанда, пролетариаттың және басқа еңбекші, қанаудағы бұқараның одағы тұсында, пролетариаттың социалистік революциядағы гегемониясына ұласуға тиіс. Пролетариат пен шаруалар диктатурасы пролетариаттың социалистік диктатурасына негіз әзірлейді.

«Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітаптың жариялануынан екі айдан кейін жазылған «Социал-демократияның шаруалар қозғалысына көзқарасы» деген мақаласында Ленин былай деп түсіндірді: «...Біз демократиялық революциядан күшіміздің, саналы және ұйымдасқан пролетариаттың күшінің шамасына қарай, дереу социалистік революцияға көше бастаймыз. Біз үздіксіз революцияны жақтаймыз. Біз жарты жолда тоқтамаймыз» (292-бет).

Ленин Троцкийдің «перманенттік революция» теориясын — пролетариаттың гегемониясы идеясына қарсы, жұмысшылар мен шаруалардың революциялық одағына қарсы бағытталған реакциялық теория деп танып әшкереледі. Сол сыяқты Ленин, пролетариат пен шаруалардың одақтасуы саясатын танымаған, буржуазиялық революциядан кейін шаруалардың бәрі революциядан бойын аулақ салады, сондықтан буржуазиялық-демократиялық революция мен социалистік революция арасында ұзаққа созылатын алшақтық туады деп келген батысевропалық социал-демократия оппортунистерінің тактикалық бағытына да қыйрата соққы берді.

В. И. Ленин 1905 жылы әлі социализмнің әуелі бірнеше немесе тіпті жеке бір елде жеңуінің мүмкіндігі туралы тікелей қортындыға келмеген еді. Бірақ буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы лениндік теорияда бұл қортындының негізгі элементтерінің бәрі дерлік болды; бұл қортындыны Ленин 1915 жылы «Европаның Құрама Штаттары ұраны туралы» деген атақты мақаласында жасады.

В. И. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген еңбегінің тарихи маңызы, «БК(б)П тарихының қысқаша курсына» көрсетілгеніндей, ең алдымен мынада: онда Ленин меншевиктердің ұсақ буржуазиялық тактикалық бағытын идея жағы-

нап талқандады, Россияның жұмысшы табын буржуазиялық-демократиялық революцияны оған әрі өрістетуге, патша өкіметіне жаңа шабуыл жасауға қаруландырды, орыс социал-демократтарына буржуазиялық революцияны социалистік революцияға ұластырудың айқын болашағын көрсетіп берді.

Өзінің шығармаларында Ленин бұқараға революциялық тәрбие берудегі күрестің орасан зор маңызын көрсетті. «1905 жылғы революция туралы» баяндамада Ленин былай деді: «Бұқараның шын тәрбиесі бұқараның өзінің дербес саяси және әсересе революциялық күресіне бөлек болмайды. Қаналушы тапты тек күрес қана тәрбиелейді, тек күрес қана оған оның өзінің күш шамасын аңғартады, оның ой өрісін кеңітеді, оның қаблетін көтереді, ақыл-ойын ашады, оның еркін-жігерін шынықтырады» (690-бет).

Россияның жұмысшылары мен шаруаларының бүкіл кейінгі революциялық күресі үшін Москва жұмысшыларының 1905 жылғы декабрьдегі қарулы көтерілісінің және оның тәжірибесінің орасан зор маңызы болды. Бұл жыйнақты аяқтайтын, едәуір кейін 1918 жылы жазылған «Пресня жұмысшыларының ерлік ісі» деген мақаласында Ленин былай деп көрсетті: «Декабрьден кейін бұл халық бұрынғы халық болмады. Ол қайта гуды. Ол бірінші рет жауынгерлік ұрысқа катысты. Ол көтерілісте шынықты. Ол жауынгерлер топтарын әзірледі, олар 1917 жылы жеңіп шықты...» (704 — 705-беттер).

В. И. Ленин Москвадағы декабрь қарулы көтерілісінің тәжірибесін жоғары бағалап, оны терең қорытты. Ол меньшевиктердің: бұқараны қарулы көтеріліске шығармау керек еді, күрестің бейбіт, реформистік құралдарымен қанағаттану жеткілікті болатын еді деген уағзынының опасыздық мәнісін әшкереледі. Қолға қару алмау керек еді деп дәлелдеуге тырысқан меньшевик Плехановқа Ленин: «Қайта, неғұрлым батыл, неғұрлым жігерлі түрде, неғұрлым шабуыл жасайтындай болып қару алу керек еді, бір ғана бейбіт стачканың болуы мүмкін еместігін, қажырлы және аяусыз, қарулы күрес жасаудың қажеттігін бұқараға ұғындыру керек еді» (497-бет) деп жауап берді.

Өзінің жеңіліске ұшырауына қарамастан бірінші орыс революциясы Россияның еңбекші бұқарасы өмірінің барлық жақтарына орасан зор әсер етті, халықтың санасында терең із қалдырды. Революция бұқараға революциялық тәрбие берудің ұлы мектебі болды. Ленин жұмысшылар мен шаруалардың үш жыл ішінде, дағдылы, бейбіт дамудың отыз жылында азар өтерлік саяси тәрбие мектебін өткенін көрсетті.

Бірінші орыс революциясының тәжірибесіне баға бере келіп, Ленин социалистік революцияны әзірлеуде оның орасан зор маңызы болғанын көрсетті. Орыс пролетариатының 1905 — 1907 жылдардағы асқан зор таптық ұлы шайқастарының және революциялық жігерінің бұл үш жылы болмағанда, деп жазды ол, екінші революция, оның бастапқы кезеңінің бірнеше күнде аяқталуы мағнасында, мұндай тез жасалмаған болар еді, 1905 жылдың «Ұлы әзірлігінсіз» Октябрь революциясының жеңуі мүмкін болмаған болар еді.

Ленин өзінің шығармаларында бірінші орыс революциясының орасан зор халықаралық маңызын көрсетті. «Россияда революцияның басталуы» деген мақаласының өзінде Ленин былай деп жазды: «Қазір бүкіл дүние жүзінің пролетариаты бүкіл Россия пролетариатына аса зарыға көз тігіп отыр. Біздің жұмысшы табының батырлықпен бастап отырған ісі — Россияда патша өкіметін құлату ісі барлық елдердің тарихында бетбұрыс кезең болмақ, барлық мемлекеттерде, жер шарының барлық түкпірлерінде барлық ұлттардың барлық жұмысшыларының ісіне жеңілдік болмақ» (13-бет).

Лениннің бұл аса маңызды көрегендігін тарих толық дәлелдеді. 1905 — 1907 жылдардағы революция бейбіт дәуір дейтінді (1872 — 1904 жылдар) аяқтап, империализм заманындағы революциялар дәуірін бастады, жеңімпаз социалистік революцияның бастамасы болды.

Лениннің 1905 — 1907 жылдардағы революция туралы шығармаларының бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы бар. Бұл еңбектер марксизмді революцияның жана теориясымен байытты, еліміздің Коммунистік партиясына және пролетариатына социалистік революцияның жеңісіне жеткізетін жолды көрсетті. В. И. Ленин жасаған, партиямыздың тактикалық негіздері барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары үшін іске басшылық болып табылады.

Совет Одағының Коммунистік партиясы В. И. Лениннің мәңгі жасайтын ілімін басшылыққа ала отырып, коммунизмнің салтанаты үшін күрестегі ұлы және жеңімпаз күш — жұмысшылар мен шаруалардың одағын мейлінше нығайтуда. Халықтық демократия елдерінің коммунистік және жұмысшы партиялары жұмысшылар мен шаруалар одағын нығайтуды өздерінің қасиетті міндеті, өздерінің революциялық саясатының негізі деп таныйды. Капиталистік және колония елдердің коммунистік партиялары марксизм-ленинизмнің теориясын, стратегиясын және тактикасын басшылыққа ала отырып, қалың бұқараны капиталистік құлдыққа қарсы, жаңа соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы, демократия және ұлттық тәуелсіздік, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік жолындағы күреске жұмылдыруда.

Марксизм-ленинизмнің мәңгі жасайтын идеялары адамзаттың тағдырына барған сайын зор әсер етуде. Халықтардың бүкіл дүниежүзілік тарихы Маркс — Энгельс — Ленин — Сталиннің жеңімпаз ілімінің салтанат құруы жолымен алға басып дамуда.

Түсті металлургия өнімдерінің түсер құнын кемітудің резервтері

К. АХМЕТОВ, Т. ДИКАРЕВИЧ,

экономикалық ғылымдардың кандидаттары

Ұлғаймалы ұдайы өндірістің қажетті шарты өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің оза, баса өсуі болып табылады. Ауыр өнеркәсіптің оза өсуінсіз халық шаруашылығының бірде-бір саласы алға баса алмайды.

Еліміздің халық шаруашылығында түсті металлургия үлкен орын алады. Мыс, қорғасын, мырш, қалайы, алюминий тағы басқа түсті және сирек кездесетін металдар өнеркәсіптің барлық саласында қолданылады. Еліміздің түсті металдар жөніндегі қажетін едәуір көлемде Қазақстанның түсті металл комбинаттары мен заводтары қамтамасыз етеді.

Қазақстан еліміздің түсті металдар қоймасы деп орынды аталады. Қазақстанның жер қойнауында түсті және сирек кездесетін металдардың барлығы дерлік бар. Республиканың түсті металлургия өнеркәсібінде қорғасын, мырш және мыс өнеркәсібі жетекші роль атқарады.

1940 жылдың өзінде-ақ Қазақ ССР-ының қорғасын жөніндегі үлес салмағы бүкілодақтық өндірісте 87 процентке дейін жетті. Мыс рудаларының мол байлығы негізінде біздің республика еліміздің мыс өндірісі жөніндегі негізгі ауданына айналды. Мырш өндірісі де шапшаң қарқымен өсіп келеді.

Елімізде түсті металдарды тұтынудың барған сайын өсуі қорғасын, мыс, мырш тағы басқа түсті металдарды неғұрлым көп қорытуды және олардың түсер құндарын кеміте беруді талап етеді.

Өнімнің түсер құны — өнеркәсіп жұмысының ең маңызды көрсеткіші. Өнімнің түсер құны — қорытынды көрсеткіш, ол өнеркәсіп орнының барлық жұмыс сапасын жыйнақтап көрсетеді.

Өнімнің түсер құнының кемітілуі — социалистік қор жыйнауының маңызды көздерінің бірі. Өнімнің түсер құнын үздіксіз кемітіп отырмайынша өнеркәсіптің ішкі қорларын молайтуға, халық шаруашылығының барлық саласында ұлғаймалы ұдайы өндірісті жүзеге асыруға болмайды.

Қазақстанның түсті металлургиясының алдыңғы қатарлы кәсіпорындары коллективтері металл қорыту қарқынын арттыра отырып, үнемділік тәртібін берік сақтау үшін тыңғылықты күресуде, өнеркәсіптің ішкі қорын молайтуда, өнімнің түсер құнын ұдайы кемітуде. Мәселен, Лениногор полиметалл комбинаты өткен жылдың жоспарын асыра орындап, 17 миллион сомнан артық қаржы үнемдеді, мұның ішінде 8,3 миллион сом қорғасын заводының өнімінің түсер құнын кеміту есебінен үнемделді. Өскемен қорғасын-мырш комбинатының коллективі үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында өнімнің түсер құнын жоспар бойынша 4,8 процент орнына 5 процент кемітті, сөйтіп 14,5 миллион сом қаржы үнемдеді. Шымкент қорғасын заводы соңғы үш жылдың ішінде жоспардан тыс 66 миллион сом қор жыйнады, мұның ішінде 9,8 миллион сом өнімнің түсер құнын кеміту есебінен үнемделді. Ертіс полиметалл комбинатының коллективі өткен жылы өнімнің түсер құнын кеміту есебінен жоспардан тыс 11 миллион сом қор жыйнады.

Бұлармен бірге Қазақстанның түсті металлургиясының бірсыпыра кәсіпорындарында өнімнің түсер құнын кеміту мүмкіндіктерінің әлі мол екенін көрсету қажет. Бұл жөнінде Балқаш мыс заводын мысалға алуға

болады. Бұл завод өткен жылы қара мысты 40 миллион сомнан астамға қымбаттатты.

Шаруашылық басшылары, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары ұйымдастыру-техникалық мәселелеріне, ішкі мүмкіншіліктерді ашуға көңіл бөлмеген жерлерде металл қорыту жоспарлары орындалмай келеді, кәсіпорындардың финанс жағдайы ауырлауда. Бұл жөнінде Қарсақнай мыс заводы ерекше көзге түседі. Бұл завод технологиялық процестің бұзылуы, авариялардың, бос тұрып қалушылықтың орын алуы, еңбек өнімділігінің төмен болуы, металл ысрабының көбеюі салдарынан өткен жылда тек қара мыстың түсер құнының жоғарылау есебінен ғана мемлекетке 1800 мың сом зыян келтірді. Мұнда жағдай быйыл да жақсы емес. Завод январь, февраль айларында шикізатты және отынды көп артық жұмсап, елімізге жүздеген тонна металды кем берді.

Өнімнің түсер құнын кемітуде шикізатқа, негізгі және көмекші материалдарға, электр қуаты мен отынға жұмсалатын шығындарды кемітудің шешуші маңызы бар. Бұларға жұмсалатын шығындар — барлық өндірістік шығындардың 60 — 90 проценті. Алайда өнімнің түсер құнын кемітудің ең маңызды резерві еңбек өнімділігінің артуы, яғни жалақының жалпы шығындағы үлес салмағына қарамастан, нақты еңбектің үнемделуі болып саналады.

Еңбек өнімділігін түсті металлургияда бұдан бұлай да арттыра берудің және металл қорытуды үздіксіз молайта берудің негізгі жолдары — өндіріс техникасының және технологиясының үздіксіз жетілдіріле беруі, өндірістік процестердің шапшаңдатылуы, олардың автоматтандырылуы, негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын пайдалану коэффициентін арттыру және олардың жөнделуаралық жұмыс мерзімін ұзарту есебінен өндірістік қуаттарды жақсы пайдалану; рудадағы қосымша металдарды неғұрлым толық айырып алу және олардың айырылу қарқынын арттыру; жұмыстарды неғұрлым толық механикаландыру, комплексті және шағын механикаландыруды күшейту; жұмысшылардың және инженер-техник қызметкерлердің мәдени-техникалық дәрежесін және мамандығын барған сайын арттыра беру; өндірісті, еңбекті және техникалық нормалауды жақсы ұйымдастыру; социалистік жарысты кең көлемде өрістетіп беру және еңбектің озат әдістерін енгізе беру.

Бар техниканы неғұрлым толық пайдаланбайынша және жаңа техниканы ұдайы енгізе бермейінше, еңбек өнімділігінің артуына, металл қорытуды молайтуға жетуге болмайды. Бұл жөнінде Қазақстанның түсті металлургия өнеркәсібінің ішкі мүмкіндіктері мол екені мыналардан көрінеді. Ертис мыс заводының металшылары соңғы төрт жылдың ішінде қара мыс беру көлемін 2,3 есе ұлғайтты. Бұл мұнда қорыту пештерінің, конверторлардың қуатын арттырудың, олардың пайдалану коэффициентін жоғарылатудың, руда ұсататын бөлімді іске қосудың, ауыр және еңбекті көп тілейтін жұмыстарды (шикізаттарды тиеу, қара мысты тағы басқаларды түсіру) механикаландыруды ұлғайтудың нәтижесі. Бұлардың нәтижесінде завод жоспардан тыс 10,5 миллион сом қор жыйнады.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында қуатты техника толық пайдаланылмайды. Сондықтан өткен жылда комбинат өнім беру жоспарын орындай алмады. Үстіміздегі жылда комбинаттың металшылары техниканы творчестволықпен меңгере отырып (балқыту пештерінің, қоюлатушылардың, электрванналарының өндірістік қуаттары артығымен пайдаланылады), төрт айдың ішінде товарлы өнім шығаруды арттырды, еңбек өнімділігін 6,9 процент арттырды.

Бірақ барлық жерде жағдай мұндай емес. Алдымен өндіріс құрал-жабдықтарын пайдалану коэффициентін арттыру ісінде елеулі кемшіліктер бар. Мәселен, Қарсақнай мыс заводында пештің әрбір шаршыметрінен шихта қорытып алу, технологиялық процестің өрескел бұзылуы салдары-

нан норманың 54 процентіне зорға жетеді. Авариялардың жиі болуы салдарынан өткен жылы заводтың негізгі цехтары 11 мың сағаттай бос тұрды. Балқаш мыс заводында тек металлургия цехында ғана 1075 агрегат-сағат уақыт босқа өтті.

Өндіріс құрал-жабдықтары Шымкент қорғасын заводында да жақсы пайдаланылмайды. Мұнда өткен жылда балқыту машиналарын пайдалану коэффициенті жоспардағы 0,85 орнына 0,78 болды. Бесінші бесжылдық жылдарында агломерация машиналарын пайдалану коэффициенті бар болғаны 5 процент қана арттырылды және жоспардағы дәрежеге еш уақытта жеткен жоқ. Өткен жылда балқыту пештерін пайдалану коэффициенті 0,91 орнына 0,85 болды. Пештердің өндірістік мүмкіндіктері толық пайдаланылмады, ал жоспарды орындау үшін қосымша қуаттарды енгізуге, жұмысшыларды көбейтіп, олардың жалақы қорын арттыруға тура келді. Осының салдарынан цехта еңбек өнімділігі 15 — 20 процент төмендеді. Өндіріс құрал-жабдықтарын пайдалану ісі заводта быйыл да жақсы емес.

Өндірістік қуаттарды толық пайдалануға, демек еңбек өнімділігін арттыруға өңделетін шикізаттың сапасы, сол сыяқты барлық цехтардың және кәсіпорнының бүтіндей бірқалыпты жұмыс істеуі көп әсер етеді. Бұған қарамастан республиканың кендері, байыту фабрикалары заводтарға сапасы төмен шикізат беріп келеді, шикізаттар көбінесе технологиялық талаптарға сай келмейді. Бұл, ең алдымен металлургия заводтарының ең басты жұмыс көрсеткішін — металл айырып алуды нашарлатады.

Мәселен, Шымкент қорғасын заводы соңғы кезде концентратты 4 — 8 проценттік ылғалмен алудың орнына ұдайы 12,5 — 25 проценттік ылғалмен алып жүр. Концентратта ылғалдың көп болуы өндірістік технологияны ауырлатады, орыссыз шығындар шығаруға әкеліп соқтырады, өндіріс құрал-жабдықтарының өнімділігін кемітеді, сонымен еңбек өнімділігінің артуына кесір болады. Міне осы себептерден өндіріс құрал-жабдықтарының өнімділігі өткен жылда тек бір агломерация цехында ғана 30 процент кемітілді. Өте артық ылғалды концентратты ұқсатудың салдарынан завод жыл сайын көптеген шығынға ұшырауда.

Республиканың барлық қорғасын заводтары да артық ылғалды концентраттар алады. Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігінің байыту фабрикаларында концентратты құрғату ісін ұйымдастыру жөнінде нақтылы шараларды қолға алатын уақыты жетті.

Еңбек өнімділігін барған сайын арттыра берудің және металл қорытуды ұлғайтудың мол резерві — кәсіпорнының жұмысты бірқалыпты істеуі. Әрбір заводтың өнімді бірқалыпты беруін социалистік шаруашылықтың сипаты, оның жоспарлы дамуы белгілейді. Алайда біздің республикамызда жұмысты бірқалыпты істей алмайтын кәсіпорындар бар. Мұның себептері көбінесе өндірістік, техникалық бәсеңшіліктің кемшіліктеріне, заводтарды шикізаттармен және материалдармен жабдықтау жұмысының нашар ұйымдастырылуына байланысты.

Мысалға Шымкент қорғасын заводын алуға болады. Бұл завод ұдайы бірқалыпты істей алмай келеді. Завод әдетте айдың алғашқы 10 күндігінде қорғасын қорыту жоспарын 75 — 82 процент орындайды, екінші онкүндікте 93 — 99 процент, ал үшінші онкүндікте 142 — 145 процент (1953 — 1954 жылдардың мәліметтері бойынша) орындайды. Заводтың және оның цехтарының бірқалыпты жұмыс істемеуі алдымен өндіріс техникасын пайдалануға нашар әсер етеді, өйткені өндіріс техникасы әрбір «аттаншылықтан» кейін істен шығып калып, мерзімсіз жөндеуге тұрады. Завод жұмысты быйыл да бірқалыпты істей алмай отыр.

Жаңа техниканы енгізу және өндіріс технологиясын жетілдіре беру жөніндегі жеке табыстарға қарамастан, Қазақстан түсті металлургиясының барлық кәсіпорындарында жаңа техниканың өте шабан енгізіліп келе жатқанын, бұл істе қажетті қарқынның және тынғылықтылықтың жеткіліксіз екенің көрсетуі керек. Мәселен, шикізатты илектеу, балқыту пештері-

пен өнімді үздіксіз шығару, электрмен жылынатын тұнытқыштарды қолдану, металлдарды үздіксіз және электрмен кесектеу, қорғасыннан мыршты вакуум әдісімен айыру, металл өндіруге оттегіні қолдану, шлак айыру установкасы тағы басқалар өте шабан енгізіледі. Тек Шымкент қорғасын зауытында ғана шлак айыру установкасын пайдалануға беру 41 миллион сомдық мыршты айырып алуды (басқа металлдарды есептемегеннің өзінде) қамтамасыз етеді.

Түсті металлургияда шикізатты дұрыс пайдаланудың маңызды бір көрсеткіші металл айыру екені белгілі. Соңғы жылдарда республика заводтарының коллективі рудадан металл айырып алу дәрежесін арттыру және руданы комплексті түрде пайдалану жөнінде едәуір табыстарға жетті. Дегенмен, еңбекті және өндірісті ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктер салдарынан, тіпті алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың өзінде, көптеген металл ысрап болады. Мәселен, өткен жылда жоспардан тыс 7 миллион сомдық металл ысрап болды.

Өндіріс құрал-жабдықтарының толық қуатында пайдаланылмауы, авариялардың болуы, технологиялық тәртіптердің бұзылуы, реагенттердің және шихта материалдарының тиісті көлемде дұрыс пайдаланылмауы, шаң ұстағыштардың жетілдірілмеуі, шикізаттардың ашық сақталуы — металл айыру сапасының төмендігінің негізгі себептері міне осылар.

Металдар, әсіресе газдарда, шаң жыйналған орындарда, сол сыяқты шлактарда көп шығып болады. Балқыту пештерінің көбінесе толық қуатымен жұмыс істемеуіне көнуге болмайды. Бұл металдың көп ысрап болуына, өндіріс құрал-жабдықтарының күйі нашарлауына, сол сыяқты ауаның бұзылуына әкеліп соқтырады. Ауаның бұзылуы еңбекшілердің ден саулығына әсер ететіні белгілі.

Металдардың шлакта ысрап болуы да елеулі орын алады. Рас, Шымкент қорғасын зауытының шлагымен бірге кететін қорғасын басқа заводтардың шлагымен бірге кететін қорғасынмен салыстырғанда өте аз. Алайда шлакпен бірге кететін қорғасын жоспардағыдан едәуір көп. Мәселен шлакпен бірге кететін қорғасын нормадағыдан 1951 жылы 39 процент, 1952 жылы 20 процент, 1953 жылы және 1954 жылдарда 18,9 процент, ал үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында 11,6 процент артық болды. Тек 1954 жылда ғана шлакпен бірге ысрап болған қорғасын 476 тонна болды.

Балқыту пештерін құрамы басқа шлақты қорытуға көшіргенде, сол сыяқты флюссіз балқытуды енгізгенде, тағы басқа ұйымдастыру-техникалық шараларды жүзеге асырғанда, шлакта кететін металдың ысрабы едәуір кемиді. Бірақ бұл шаралар өте шабан жүзеге асырылуда. Заводта металдың аз айырылып алынатыны туралы сөз көп, бірақ металл айыру дәрежесін арттыруға бағытталған жұмыс аз.

Өскемен қорғасын-мырш комбинатында, Балқаш және Қарсақпай мыс заводтарында да жағдай осындай.

Бірсыра заводтарда шикізаттарды комплексті түрде пайдалану ісінде жақсы емес. Көптеген кәсіпорындардың, Түсті металлургия өнеркәсібі министрлігінің Қорғасын-мырш басқармасының басшылары шикізаттарды комплексті пайдалану жұмыстарын ұлғайту үшін нашар күреседі. Мәселен, Шымкент қорғасын зауытында айырылып алынатын металдың көлемін екі еседей көбейтуге болады. Бұған сілтемен қорытылған металды өңдеу цехы құрылысының, оны іске қосудың өте ұзаққа созылуы, қорытылған қорғасын шлактарын және шаңдарды өңдеудің болмауы кесел келтіреді. Осылардың салдарынан қорғасынмен бірге басқа көптеген бағалы металдар ысрап болады.

Металл қорытуды ұлғайтудың, еңбек өнімділігін арттырудың және өнімнің түсер құнын кемітудің мол резерві өндірістің барлық процестерін толық механикаландыру болып саналады. Алайда, Қазақстанның түсті металлургия заводтарында негізгі жұмыстарда да, сол сыяқты көмекші жұмыстарда да қол еңбегін қолдану әлі едәуір орын алады. Агломерация,

балқыту, шаң ұстау тағы басқа цехтарда еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру мүмкіндіктері пайдаланылмай келеді. Шихтаны балқыту пештеріне тиеген кезде, пештердің жануын қадағалап, күту кезінде, әсіресе, қорытылған өнімді шығару кезінде, пештердің тесіктерін және шлак терезелерін ашу және жабу кездерінде, газ жүретін жолдарды шаңдардан және қалдықтардан тазарту кезінде, қалыптарды, сол сыяқты конверторлар кескіштерінің мойындарын тазарту кезінде қол еңбегі едәуір көлемде қолданылады. Түрлі материалдарды тасымалдау (шанды, оборотты), шикізаттар мен көмекші материалдарды жабық вагондардан түсіру, даяр өнімді тиеу тағы басқа сондай көмекші жұмыстар нашар механикаландырылған.

Металлургия заводтарында жұмысты толық механикаландыру қаражатты көп үнемдеумен бірге металдарды айыру дәрежесін арттыруға, сол сыяқты еңбек жағдайларын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. Жұмысты механикаландыруды өндірісті автоматтандырудан бөліп алуға болмайды, өйткені өндірісті автоматтандыру механикаландыруды аяқтайды. Технологиялық процесті тәртіптеу және бақылауды автоматтандырудың маңызы ерекше зор.

Өндірісті автоматтандыруға болатын бөлімдер мен цехтар түсті металлургияның барлық заводтарында бар, оларға еліміздің ғылыми зерттеу институттары қажетті практикалық көмек көрсетіп отырады. Осыған қарамастан өндірісті автоматтандыру жұмыстарының дәрежесі төмен болып келеді, мұның өзі кәсіпорындардың жұмыстарына нашар әсер етуде. Мәселен Қарсақпай мыс заводында өндірісті автоматтандырудың болмауы себепті балқыту пештеріне ауа мен көмір шаңының дұрыс берілмеуінен металлургтер оборот шлагының біркелкі боялуына жете алмады, сондықтан да үстіміздегі жылдың апрель, май айларында 30 тоннадан артық мысты ысырап етті. Өскемен қорғасын-мырш комбинатында өндіріс процестерін бақылау аппаратурасы дұрыс қолданылмауы себепті аз пайда келтіруде және тез істен шығуда.

Технологиялық процесті дұрыс жүргізу үшін шихта құрамындағы материалдардың дұрыс мөлшерін сақтаудың маңызы зор. Бұл үшін Шымкент қорғасын заводында автоматтық өлшеуіш әзірленді. Бірақ бұл өлшеуіш басқа заводтарда қолданылмай келеді.

Еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту жолындағы күресті өндіріс шығындарын үнемдеу жолындағы күреспен ұштастыра жүргізу керек. Металлургиялық жұмыстардың қайта істелуіне байланысты қосымша шығындарды барынша кемітуге ерекше көңіл бөлу қажет. Мысалы, Шымкент қорғасын заводында өткен жылда қосымша шығындар жоспардағыдан 1743 мың сом, Балқаш мыс заводында 7 миллион сомнан артық болды.

Өнімнің түсер құнын кемітудің маңызды бір шарасы кәсіпорында ішкі шаруашылық есептің жүзеге асырылуы болады. Дегенмен бірсыпыра кәсіпорындарда (Лениногор, Ергіс полиметалл комбинаттарында, Өскемен қорғасын-мырш комбинатында) шаруашылық есеп ойдағыдай жүзеге асырылмай келеді. Шымкент қорғасын заводы сыяқты кейбір кәсіпорындар шаруашылық есепті жүзеге асыру ісіне үстірт қараған. Мұнда тек шаруашылық есепті енгізудің қағидаларын жазумен ғана қанағаттанған. Бұл қағидалар 1953 жылдың июль айында жазылған болса, шаруашылық есеп осы күнге дейін енгізілмеген.

Бүкіл коллективтің өндірістік ынта-жігерін еңбек өнімділігін арттыруға және өнімнің түсер құнын кемітуге жұмылдыратын қуатты шаралардың бірі социалистік жарысты ұйымдастыру, озаттардың жұмыс тәжірибелерін қорытып, таратып отыру болып табылады. Қазақстанның түсті металлургия кәсіпорындарында өндіріс озаттары көп. Мысалы, Өскемен қорғасын-мырш комбинатының балқыту цехындағы Корниенко жолдасының бригадасы социалистік жарысты жақсы ұйымдастыру, көп маман-

дықты меңгеру негізінде балқыту пештерінің көмекші жұмыстарынан төрт адамды босатумен бірге еңбек өнімділігін 45 процентке дейін арттыруға жетті. Бұл бригада пешті күтудің бірсыпыра жаңа әдістерін қолданады. Бұл комбинаттың электролит цехының катодшылары еңбектің алдыңғы қатарлы әдістерін қолдану арқасында электролит ванналарының жобалық өндірістік қуатын едәуір асыра пайдалануда.

Республиканың басқа кәсіпорындарында да өндіріс озаттары аз емес. Дегенмен өндіріс озаттарының жұмыс тәжірибелері кезінде дереу қуатталып, кең таратылып отырмайды. Мысалы, Балқаш мыс заводында металлургия цехының мастері Қошиқ жолдас қосарланған салмақты қорытулар жасау жарысының бастаушысы болды. Бірақ оның бастамасы мен жұмыс тәжірибесі республиканың мыс өнеркәсібінің басқа кәсіпорындарында қуатталып, таратылмауы былай тұрсын, тіпті бұл заводтың өзінің басқа сменаларына да таратылмады.

* *

*

Қазақстанның түсті металлургия заводтарында металл қорытуды барынша ұлғайтудың барлық мүмкіндіктері болуымен бірге, өнімнің түсер құнын үздіксіз кемітудің де, мемлекетке неғұрлым мол пайда берудің де барлық мүмкіншіліктері бар. Республиканың түсті металлургия кәсіпорындарының партия ұйымдары қолда бар техниканы неғұрлым толық пайдалануға, металл қорыту пештерінің әрбір шаршы метрінен өнімді неғұрлым мол алуға, металл айыру дәрежесін арттыруға бағытталған социалистік жарысты кең өрістетуге міндетті.

МТС-тердің жұмысы жаңа міндеттердің дәрежесіне сай болсын

Г. МЕЛЬНИК,

Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрі

Совет халқы жақын жылдардың ішінде халқымыздың азық-түлік жөніндегі өскелең қажеттерін молынан қанағаттандыру үшін, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз ету үшін социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету жөніндегі партия белгілеген шараларды жүзеге асыру жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі зор және күрделі міндеттерді жүзеге асыруда машина-трактор станциялары маңызды роль атқарады, олар—совет мемлекетінің деревнядағы тіректі пункті, колхоз өндірісін дамытудың ұйымдастырушы орталығы.

Партия мен үкімет машина-трактор станцияларын дамыту және нығайту жөнінде әрдайым тынымсыз қамқорлық жасап келеді. Еліміздің өнеркәсібі МТС-терді тракторлармен, комбайндармен, автомобильдермен, басқа да кәзіргі заманғы ауылшаруашылық машиналарымен және құралдарымен үнемі жабдықтап келеді.

Қазақстанның машина-трактор станциялары зор көлемді жұмыстарды атқарады. Мынаны айтудың өзі жеткілікті, республиканың МТС-тері 1954 жылы колхоздарда жоспар бойынша 41 миллион гектардың (жұмсақ жер жыртуға шакқанда) орнына 44,5 миллион гектар көлемінде жұмыс атқарды. Мұның үстіне республикамыздың машина-трактор станциялары колхоздарда 25,8 миллион текшеметр жер қазу жұмысын орындады.

1954 жылы 457 машина-трактор станциясынан 324 станция трактор жұмыстарының жоспарын асыра орындады.

Республикамыздың партия, совет және ауылшаруашылық органдары МТС-терді ұйымдастыру-шаруашылық жағынан онан әрі нығайта беру жөніндегі шараларды жүзеге асыруда. Соңғы уақытта Қазақстанның машина-трактор станцияларына көптеген маман басшы кадрлар, инженер-техник қызметкерлер, ауыл шаруашылығының мамандары және механизаторлар жіберілді. Кәзір МТС-тердің басшылығында жоғары білімдері бар, машина-трактор станциялары қызмет көрсететін колхоздардың күрделі, көп салалы жұмысын жете білуге керекті білімі бар адамдар отыр.

Кәзір республикамыздың МТС-терінде 120 мыңнан астам тракторшылар, трактор бригадаларының бригадирлері, комбайншылар, жөндеу жұмысшылары және басқа механизатор кадрлары, сол сыяқты 5173 инженерлер мен техниктер, жоғары және орта білімі бар 3424 агрономдар, 3026 зоотехниктер, мал дәрігерлері және мал техниктері бар.

Совет мемлекеті МТС-терге зор материалдық көмек көрсетуде. 1954—1955 жылдары машина-трактор станцияларының өндірістік және тұрмыстық құрылыстарын салуға, шаруашылықтарын көркейтуге 800 миллион сомдай ақша жұмсалды. Республика үкіметінің шешімдері бойынша кәзіргі кезде МТС-тердегі құрылыс жұмыстарын атқаруға көптеген құрылыс және өнеркәсіп ұйымдары тартылды.

Сөйтіп Қазақстанның МТС-терінде колхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайтуға және онан әрі дамытуға, ауылшаруашы-

лық өнімдерінің өндірісін арттыруды қамтамасыз етуге барлық мүмкіндіктер бар. Машина-трактор станцияларының кәзірдің өзінде бірсыпра көзге көрінерлік табыстары бар.

МТС-тер мен колхоздардың жұмыстарының жақсаруының нәтижесінде республика колхоздарының ақшалай табысы 1954 жылы 1953 жылға қарағанда 73 процент өсті. Павлодар облысының колхоздары (370 процент) Ақмола (280 процент), Шығыс Қазақстан (240 процент) және Семей (216 процент) облыстарының колхоздарының табысы әсіресе күшті өсті.

Республиканың бірсыпра машина-трактор станциялары колхоздардың мал шаруашылығын өркендету жөнінде табысты еңбек етіп отыр. Мысалы, Алматы селолық ауданының Тастақ МТС-і қамтуындағы колхоздар 1954 жылы сыйыр малын өсіру жоспарын 103 процент, қой өсіру жоспарын 101 процент, шошқа өсіру жоспарын 116 процент орындалды. Мұнда әрбір бағудағы сыйырдан 1800 килограмм сүт алынды. Әрбір қойдан 2,4 килограмм жүн, ал биязы жүнді қойдан 3,4 килограмнан жүн қырқылды.

Мал шаруашылығын дамытуда және оның өнімділігін арттыруда қол жеткен белгілі табыстар Тастақ МТС-і қызметкерлерінің бірсыпра жылдардан бері еңбекті көп керек ететін көптеген процестерді механикаландыру жұмысын жүргізуінің нәтижесі болды. Колхоздарда су түтіктері, жемшөп жеткізетін аспалы жолдар салынууда, автоматты мал суарғыштар, сыйыр сауатын, жемшөп өңдейтін машиналар орнатылууда. Бұл жұмыстарды колхоздар мен МТС-тердің құрылыс және мантаждау бригадалары бірлесіп жүргізуде.

Тастақ МТС-і, 20 проценттік қамсыздандыру қорын ескере отырып, 1954 — 1955 жылдардың қысына көлемді жемшөп даярлаудың жоспарын толық орындады. Әрбір сыйырға 5,8 тонна есебімен барлығы 5216 тонна сүрлем даярланды. Тастақ МТС-інің қамтуындағы үш колхозда мал лагерлеп қолда бағылады. Мұның бәрі қыстату кезінде малды толық сақтауды қамтамасыз етеді.

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Ұлан МТС-і қамтуындағы колхоздар 1954 — 1955 жылдары мал қыстатуға жақсы даярланды. Мал көлемді және балғын жемшөппен бүкіл қолда бағылатын кезеңге жететін етіп қамтамасыз етілді. Көптеген мал қоралары салынып жатыр.

Талдықорған облысы, Андреев МТС-інің қамтуындағы колхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жұмыстар табысты жүргізіліп келеді.

Кәзір республиканың машина-трактор станцияларының қызметкерлері жемшөп даярлау, сүрлем құрылыстарын салу, колхоздардың мал шаруашылық фермаларындағы ауыр жұмыстарды комплексті механикаландыру жөніндегі жұмыстардың орындалуына баса көңіл бөлуге тиісті. Әрбір машина-трактор станциясы быйыл мал шаруашылығы саласындағы жұмыстардың бүкіл комплексін жүргізу жөніндегі өздерінің колхоздармен жасасқан договорлық міндеттемелерін орындауға тиісті. Бұл мемлекетке заттай ақы төлеу есебіне мал шаруашылық өнімдерін тапсыру жоспарының орындалуына сенімді негіз жасайды.

Бірақ Қазақстан машина-трактор станцияларының жұмысында жақсы нәтижелермен бірге көптеген кемшіліктер бар. Республикамызда әлі де өздеріне қойылатын өскелең талаптарға жауап бере алмайтын, жұмысты нашар істейтін МТС-тер аз емес.

Көптеген облыстарда машина-трактор станциялары аса маңызды ауыл шаруашылық жұмыстарын қанағаттанғысыз жүргізеді. 1955 жылдың 10 июліне дейін республикамыздың МТС-тері бойынша тың және тынайған жерлер көтеру жоспары 87,5 процент орындалғанда, Солтүстік Қазақстан облысы тың жер көтеру жоспарын бар болғаны 67,1 процент

қана, Талдықорған облысы 56,3 процент, Шығыс Қазақстан облысы 56,3 процент қана орындады. Бұл жөнінде кейбір басқа облыстар да сонда қалып келеді. МТС-терде пар жырту және парларды баптау ісі де әлі нашар. 1955 жылдың 10 июліне дейін пар жырту жоспары республика бойынша 73,7 процент, Павлодар облысының МТС-тері бойынша тек 46,2 процент қана, Талдықорған облысының МТС-тері бойынша 38,8 процент, Оңтүстік Қазақстан облысының МТС-тері бойынша 56,0 процент қана орындалды.

Бірсыпра МТС-тердің басшылары пар жыртуға мейлінше жауапсыздықпен қарайды, пардың ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін онан әрі арттырудағы маңызын бағаламайды. Бұл жұмысты ең таяу уақыттың ішінде аяқтау үшін шұғыл шаралар қолданылуға тиіс.

Мал шаруашылығын онан әрі дамыту саласында да МТС-тердің жұмысында көптеген кемшіліктер бар. Республиканың колхоздарының көпшілігі мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру міндеттерін СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қаулысында көрсетілген мөлшерде жүзеге асыру үшін белсене жұмыс істеп жатқанын колхоздардың белгілеп отырған шаралары айқын көрсетеді.

Бұл белгіленген шаралар колхоздарға машина-трактор станцияларының тарапынан жан-жақты көмек көрсетілгенде ғана жүзеге асады.

Осылай бола тұрса да, жекелеген МТС-терде әлі де керенаулық жойылмаған, олар колхоздарда мал шаруашылығын дамыту және малдардың өнімділігін арттыру, мал шаруашылығы жұмыстарын механикаландыру мәселелеріне тиісінше көңіл бөлмейді.

Жүгері — аса маңызды жемшөптік дақыл. Республикамыздың колхоздары мен совхоздары быйыл 500 мың гектардан астам жүгері екті. Бірақ көптеген МТС-тің директорлары жүгері егістерін күту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға жауапсыз қарайды. Жүгері егісін күту жұмыстары әсіресе Алматы, Павлодар, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында нашар ұйымдастырылған.

МТС-терде иесіздік, техника мен жабдықтарды нашар пайдалану фактілері кездеседі, машиналарды ұқыптылықпен пайдалану жөнінде жеткілікті күрес жүргізілмейді. Мұның бәрі олардың мезгілінен бұрын тозуына әкеліп соқтырады.

Қолхоздарда істелетін жұмыстың сапалылығы үшін батыл күрес жүргізілмейді. Агротехникалық талаптарды және егіс жұмыстарының договорларда белгіленген мерзімдерін өрескел бұрмалау фактілері жиі болып тұрады. Мұның бәрі кейбір МТС-тердің басшылығында әлі де болса ескіше қызмет істейтін, өз жұмысын партияның талаптарына сай қайта құрмаған басшылардың отырғанын көрсетеді. Қостанай облысы, Октябрь МТС-інің директоры Ядревский жолдас жұмысты осылайша нашар істейтіндердің қатарына жатады. Тракторлардың, комбайндердің және басқа машиналардың, тиісті кадрлардың жеткілікті болғанына қарамай, бұл МТС-тің басшылары 1954 жылы бірсыпра мемлекеттік тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ете алмады. Осымен бірге техникаға иесіздіктің және немқұрайды қараудың көптеген фактілері орын алып келді.

Октябрь МТС-інің басшылары колхоздардағы ұйымдастыру-шаруашылық құрылысының мәселелерімен шұғылданбайды, олардың өндіріс жұмысына терең араласпайды, мал шаруашылығы сыяқты шаруашылықтың аса маңызды саласына назар аудармайды, еңбекті көп керек ететін жұмыс процестерін механикаландыру мәселелерімен шұғылданбайды.

Машина-трактор станцияларындағы жұмысты нашар ұйымдастырудың фактілері бір бұл ғана емес. Қостанай облысы, Сатчиков МТС-і (директоры Осадчий жолдас), Батыс Қазақстан облысы, Алғабас МТС-і (директоры Закиров жолдас) және бірсыпра басқа МТС-тер жұмысты қанағаттанғысыз істейді.

Партия мен үкімет машина-трактор станцияларының жұмысын жақсартудың және олардың колхоз өндірісін дамытудағы ролін арттырудың кең программасын жасап, оны жүзеге асыруда, МТС-терді техникамен жабдықтауды арттыра түсу және олардың жөндеу-техникалық базаларын нығайту шаралары белгіленді. МТС-терде тұрақты жұмысшы кадрлары жасалды, оларға ақы төлеу системасы, МТС қызметкерлерінің колхоз өндірісін дамытуға материалдық ынталылығын арттыру принципі ескеріліп, қайта қаралды.

Кәзір машина-трактор станцияларының жұмысын жаңа, едәуір жоғары сатыға көтеруді және осының негізінде колхоз өндірісін жаңадан онан әрі күшті қарқынмен дамытуды қамтамасыз етуге барлық жағдай жасалған. Осыған байланысты МТС қызметкерлерінің трактор жұмыстарының орындалуына, колхоздармен жасасқан договорлардың қатаң сақталуына жауаптылығы арта түседі. Осымен бірге МТС-тер ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық саласындағы жұмысқа және өздерінің қамтуындағы колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жөнінен нығайтуға жауапты.

Міндет әрбір МТС-тің тың және тыңайған жерлерді көтеру жөніндегі 1955 жылға белгіленген жоспарды сөзсіз орындап шығуында, барлық ауылшаруашылық дақылдарының мерзімінде және сапалы етіп жыйнап алынуында болып отыр.

Бірсыпра МТС-тер егін жыйнау науқанына да нашар даярлық жасады. Кәзір Қазақстанда жаппай егін орағы өрістеп келеді. Осыған қарамай кейбір облыстарда әлі күнге дейін комбайндарды және басқа егін жыйнайтын машиналарды жөндеу аяқталған жоқ. Комбайндарды жөндеу жөнінен, әсіресе Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан Павлодар, Ақтөбе және Солтүстік Қазақстан облыстары кейін қалып келеді.

Мұның үстіне бірсыпра МТС-терде жөндеу жұмыстарының сапасына көңіл бөлінбейді, тіпті көз бояушылық фактілері кездеседі. Мысалы, Қостанай облысы, Долгушин МТС-інде жөнделген машиналарды қабылдап алуға құрылған комиссия жұмыс істеген жоқ, комбайндарды жөнделгеннен кейін комиссияның қабылдап алуы ұйымдастырылған жоқ. МТС директоры Краснов жолдас облыстық ауылшаруашылық басқармасына комбайн жөндеудің барысы туралы өтірік ақпарат берді. Пішен жыйнайтын машиналарды жөндеу жөнінде де көз бояушылық мәліметтер берілді.

Комбайндарды және басқа егін жыйнайтын машиналарды жөндеумен бірге жабық қырмандасты, астық тазалайтын машиналарды және құрал-саймандарды мерзімінде даярлау керек. Әрбір колхозда бір-екі жоғары өнімді астық тазалайтын машиналар болуға тиісті. Барлық жұмысты астық жыйнау науқанын, СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы талап еткеніндей, 10 күнде өткізуге бағындыру керек.

Республикамызда егін жыйнау жұмыстары кең өрістеуде. Егінді қысқа мерзімде шығынсыз жыйнап алуда комбайншылар шешуші роль атқарады. Сондықтан партия, совет органдары, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың басшылары механизаторлардың өнімді жұмыс істеуі үшін барлық жағдайлар жасауға тиісті. Агрегаттарға дұрыс техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, комбайндардан астықты тасып алу және су тасып беру үшін жеткілікті транспорт бөлу, егінді орауға уақытында даярлау, механизаторлардың жақсы тамақтануы мен демалуына қамқорлық жасау керек.

Озат тәжірибені кең тарату — егін орағындағы социалистік жарыстың табысты болуының аса маңызды шарты. Саяси жұмыстың барлық формалары жаңаның, озаттың өндіріске күнделікті енгізіліп отырылуына бағындырылған болуы керек. Партия ұйымдарының саяси жұмыстары егіс басында, комбайн агрегаттары коллективтерінің ортасында ұйымдастырылуға тиісті.

Колхоз өндірісін онан әрі өркендетудің негізгі жолдарының бірі машина-трактор станцияларының ғылым мен озат тәжірибенің жетістіктерін өндіріске енгізу жөнінде белсене жұмыс істеуі болып саналады. МТС-тер колхоздардың өздеріне бекітіліп берілген әрбір гектар жерді барынша дұрыс пайдалануын, егіске жарайтын жерлердің, шабындардың және жайылымдардың әрбір жүз гектарынан барынша көп өнім алуын қамтамасыз етуге міндетті.

Республикамыздың көптеген МТС-терінің колхоз өндірісін ұйымдастыру жөнінде бай тәжірибесі бар. Партия, совет және ауылшаруашылық органдарының міндеті мынада: озат механизаторлардың тәжірибелерін кеңінен тарату және оларды республиканың басқа машина-трактор станцияларының жұмыс практикасына енгізу қажет, сонда қалған МТС-терді озаттардың қатарына жеткізу керек. Әрбір МТС өзіне берілген өндіріс жоспарларын орындауға, әрбір трактордың және комбайнның сменалық жұмыс нормасын асырып орындауын қамтамасыз етуге, трактор жұмыстарының түсер құнын арзандатуға тиісті. МТС-тердің кезек күттірмейтін міндеті—договорлық міндеттемелеріне сай өздерінің қамтуындағы колхоздарда барлық ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру.

МТС-тердің қызметін жақсарту жөніндегі жалпы шаралардың системасында колхозшылардың, механизаторлардың және ауылшаруашылық мамандарының арасындағы көпшілік-саясат жұмысын күшейтудің маңызы зор. Ауылшаруашылық жұмыстарын мезгілінде және жоғары сапалы етіп жүргізу, егін шығымдылығын және малдардың өнімділігін арттыру жөніндегі социалистік жарыс шын мәнісінде ұйымдастырылған жерде аса жақсы нәтижеге қол жететіндігін озат МТС-тердің жұмыс тәжірибелері көрсетіп отыр.

СОКП Орталық Комитетінің жақында болып өткен Пленумы «Көктемгі егістің қортындылары, егістерді күту, егін жыйнауы өткізу туралы және 1955 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауы қамтамасыз ету туралы» қаулы қабылдады.

Қазіргі уақытта партия ұйымдарының, совет және ауылшаруашылық органдарының, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың аса маңызды міндеті: егінді мезгілінде және ырапсыз жыйнап алуда, ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу жоспарын мерзімінен бұрын орындауда, тұқым қорларын толық құйып алуда, мал шаруашылығын жемшөппен молынан қамтамасыз етуде, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайту ісінде жаңа табыстарға жетуде, сөйтіп осының негізінде еңбеккүнге төленетін ақшалай және заттай ақыны, колхозшылардың материалдық әл-ауқатын арттыруда болып отыр деп көрсетті Пленум.

МТС басшыларының, аудандық партия комитеттерінің МТС зонасы жөніндегі нұсқаушылар топтарының борышы — механизатор кадрлардың, МТС мамандарының және колхозшылардың арасындағы партиялық-саяси жұмысты күшейтіп, осы арқылы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына партия мен үкмет қойған міндеттердің толық орындалуына көмектесу.

Индия халқы колониализмге қарсы, бейбітшілік жолындағы күресте

Ю. ПЛАШЕВСКИЙ

1955 жылғы апрельде тарихи маңызы зор оқиға болды: Индонезияда. Бандунг қаласында, жер жүзіндегі бүкіл халықтың жартысынан көбі тұратын, Азия мен Африкадағы 29 елдің өкілдері, бейбітшілікті нығайту және халықтар арасында ынтымақты кеңейту шараларын бірігіп талқылау үшін бас қосты.

Бандунг конференциясы Азия мен Африка халықтарының колониализмге қарсы, империалистік державалардың Азия мен Африка елдерін өздерінің дегеніне көндіру әрекеттеріне қарсы, бейбітшілік жолындағы күресіне зор үлес қосқандық болды. Оның үстіне бұл конференцияның шақырылуы халықаралық қатнастағы қалыптасқан жаңа жағдайды ерекше айқын көрсетті. Бұл жаңа жағдайда, бұрын езілген және правосыз болған халықтардың сан миллион бұқарасы оянып, өздерінің белсенділігін күшейтіп отыр. ССРО Сыртқы істер министрлігінің Бандунг конференциясы туралы мәлімдемесінде Азия мен Африка елдерінің мұндай өкілдік конференциясының шақырылуы соңғы кезде жер жүзінің бұл аудандарында болған зор өзгерістерді, Азия мен Африка халықтарының өздерінің тағдырын өз қолдарына алуға ұмтылуын айқын дәлелдейтіні толық дәлелмен көрсетілді. Бандунг конференциясының зор саяси маңызы ССРО Министрлер Советінің председателі Н. А. Булганин мен Индияның премьер-министрі Джавахарлал Нерудың 22 июньде Москвада қол қойылған бірлескен мәлімдемесінде де көрсетілді.

Империалистік топтар Азия мен Африка елдері конференциясының шақырылуына бөгет жасауға барынша тырысып бақты. Олар астыртын қысым жасаудан бастап, самолеттерді апатқа ұшырататын бомбаларға дейін барлық шараларды қолданды. Егер, империалистердің және олардың агенттерінің қарсылық әрекетіне карамастан, конференция өткізіліп, жыйырма тоғыз елдің өкілдерінің үні Бандунгтен батыл және салмақты болып естілсе, мұның өзі — аса зор дәрежеде, колониализмге қарсы, бейбітшілікті нығайту жолында қажырлы күрес жүргізіп отырған Индия республикасының табанды, дәйекті позициясының арқасы.

Индия — дүние жүзіндегі ең ежелгі елдердің бірі. Индия халқының мұнан неше мың жыл бұрын бай және әралуан мәдениеті болды. Оның мәдениеті бүкіл адамзаттың тарихи тағдырларына зор әсерін тигізді. Алайда, соңғы екі жүз жылдың ішінде Индияның дамуы мықтап баяулады. Бұл елде үстемдік жүргізген ағылшын колонизаторлары оның ұлттық байлығын рақымсыз талап, халқын аштыққа және қырғынға ұшыратты. Бір кезде керемет байлықтың бейнесі болған Индия, империалистердің билеп-төстесуі нәтижесінде аштықтың, індеттің, халықтың құлақ есітпеген қайыршылығының жантүршігерлік көрінісіне айналды. Ағылшын колонизаторлары Индияның экономикасының дөрекі, біржақты дамуып қолдады. Мұның зардабынан Индия, мәселен, азық-түлікті шеттен әкелуге мәжбүр болды. Шеттен астық алдырудың қиыншылықтары осы уақытқа дейін Индияның сан миллион бұқарасын әрдайым аштық қаупіне ұшыратып отырады.

Индия халқы өзін езушілерге қарсы сан рет күреске аттанды, бұл елді көтерілістер мен соғыстар сан рет шайқалтты, бірақ бұлардың бәрі де сәтсіздікпен аяқталып келді. Ағылшын колонизаторлары халық бұқарасының қарсылық қыймылдарын адам айтқысыз қаталдықпен басып келді.

«Менің өмірімнің тарихы — менің елімнің өзін шетелдік үстемдіктен өзін азат ету жолындағы күресінің тарихы, — деді Бүкіл-Индиялық бейбітшілік советінің председатели Сайфуддин Китчлу Москвада оған бейбітшіліктің халықаралық Сталиндік сыйлығын тапсырғанда. — Индияның ерікті болуы жолында қаза тапқан ұлы жайқыярлар менің көз алдымнан өтеді. Мен олардың, Британия империалистері орнатқан дарағаштарына қарай күлімдеген пішінмен, ән салып келе жатқанын көремін. Олардың көшелерде қалай атылғаны көз алдыма келеді. Олардың тұтқын лагерлерінде қалай азапталып өлтірілгені көзалдыма келеді».

Тек екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, демократиялық күштердің фашистік агрессорларды талқандауы нәтижесінде, Индия халқының тәуелсіздік алуына қажетті жағдайлар туғызылды. 1947 жылы Англияның Индиядағы өктемдігі аяқталды.

Алайда, ұлттық-азаттық қозғалыстың дүмпуімен Индостан түбегінен амалсыз кете тұра да, ағылшындар Индостан халықтарына, олардың дербес өркендеуіне қыйыншылық туғызатын қосымша проблемаларды неғұрлым көп қалдыруға тырысты. Мұның үшін бұрынғы Британиялық Индияның территориясында екі мемлекет: Индия және Пакистан құрылды. Бұл мемлекеттер құрылғанда, олардың территориясы ежелгі экономикалық және мәдени байланысты бұзатын етіп бөлінді. Индияның өнеркәсіп орталықтары өздерінің Пакистандағы шикізат базаларынан бөлініп қалды. Мұның өзі Индияның экономикасына кездескен көп қыйыншылықтарды шиеленістірді.

1950 жылы жарияланған Индия республикасы өзінің алдына қойылған көптеген шаруашылық міндеттерін орындауға барынша күш салуда. Мұндағы ең шұғыл міндеттердің бірі — халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету. Алайда тамақ өнімдерін өндіруді ұлғайту, халықтың тұрмыс дәрежесін арттыру, үзілмей келе жатқан аштық қаупін жою міндетін егіншілік мәдениетін жоғарылатып, зор ирригациялық құрылыстар жасап, ауыл шаруашылығын машиналармен, тыңайтқыштармен қамтамасыз еткенде ғана орындауға болады. Бұған байланысты Индияның өндіргіш күштерін жалпы өркендетуді көздейтін анағұрлым зор, жан-жақты міндеттер алға қойылады.

Бұл жерде Индияның халқына кездесіп отырған қыйыншылықтарды империалистік мемлекеттердің Индия республикасына қысым жасау мақсатына пайдаланатынын көрсету қажет. Соңғы жылдарда, мәселен, АҚШ Индияның ашыққан халқына азық-түлікпен жәрдемдесу үшін Индия үкіметінің белгілі бір саяси міндеттемелерді орындауын талап етіп келді. АҚШ-тан Индияға машина-жабдық беру ісінде де осындай шарттар қойылды. Құрама штаттардың билеп-төстеуші топтары «көмектесудің» ерекше формалары арқылы, Индия халқын американ монополияларына толық тәуелді ету әрекеттерін әлі де қоймай келеді.

Индия республикасы өзінің ішкі істеріне қол сұғудың қандайына болса да батыл қарсы шығып, Индияның сыртқы және ішкі саясатына қысым жасау әрекеттерінің бәрін тойтаруда. Американың кейбір саясатшылары, оның ішінде АҚШ-тың Индиядағы бұрынғы елшісі Боулс және АҚШ жоғарғы сотының мүшесі Дуглас, Индияның достығын долларға сатып алу мүмкін емес екенін амалсыз мойындады.

Индия халқы бейбітшілік жолында дәйекті күрес жүргізуде, өйткені, елдің алдында тұрған зор және қыйын проблемаларды шешу үшін, Индия республикасының әлеуметтік-экономикалық салада алға басып өркендеуі үшін, оған ұзақ және баянды бейбітшілік керек екенін бұл елдің үкіметі де, халық бұқарасы да жақсы түсінеді. Соғыс шыға қалған күн-

де, — деп көрсетті Индияның премьер-министрі Неру 1954 жылғы декабрьде, — «біз соғысқа қатыссақ та, қатыспасақ та, барлық елдер бұл соғыстың зардабын шегіп, онан мықтап зыянданады».

Осылайша, қандай да болсын соғыстың бүкіл адамзатқа сұмдық қатер туғызатынын және Индия халқына тікелей немесе жанама түрде зардабын тигізетінін ескере отырып, Индия республикасының үкіметі жалпыға бірдей бейбітшілік принципін қажырлылықпен қорғауда. Дүние жүзінің қандай бөлегінде болса да, әрбір қарулы жанжалды Индия үкіметі — бейбітшілікке, барлық халықтардың, оның ішінде Индия халқының игілігіне қауіп туғызады деп таныйды.

Өзінің бұл саясатында Индия үкіметі, әрине, Азиядағы оқиғалардың дамуына ерекше көңіл бөліп отырады. Мысалы, ол 1950 жылғы июльдің өзінде Корея жанжалын бейбітшілікпен жайғастыруды ұсынды. Индияның бұл позициясын Совет Одағы дереу қолдады. Индия үкіметі Индо-Қытайда бейбітшілік орнату ісіне онан да зор үлес қосты. Индия Женева кеңесіне ресми қатыспаса да, оның өкілдері бұл кеңесте зор роль атқарды. Бір байқаушының айтқанындай, Индия Женева кеңесіне алтыншы ұлы держава болып қатысты. Шынында белгілі дәрежеде солай болғаны даусыз, өткені Индияның көрнекті дипломаты — Кришна Менонның Женева кеңесіне қатысқан елдердің өкілдерімен сан рет кездесуі ұлы мемлекеттердің келісімге келуіне көп көмектесті. Сол сыяқты, Индияның өкілдері Индо-Қытайдағы халықаралық комиссиялардың председателдері болып қызмет атқаруда. Бұған байланысты, Д.ж. Неру мен Н. А. Булганиннің бірлескен мәлімдемесінде Женева келісімі шарттарының бұлжытылмай орындалуына Индия үкіметінің ерекше жауаптылығы атап көрсетілді.

Сонымен, осындай көп фактілер Индия үкіметінің өзінің басшыларының бейбітшілдік мәлімдемелерін іс жүзінде орындап, бейбітшілік жолында қажырлы күрес жүргізіп отырғанын дәлелдейді. Индия саясатының мақсаттарының бірі — халықаралық қатынастары шиеленісті бәсеңдету. Бұған байланысты Индия үкіметі кейбір батыс державаларының «күшке сүйенетін» саясатын сөзсіз айыптайды. Сол сыяқты Индия, біз қаруланғанда бейбітшілікті қамтамасыз етуді көздейміз дейтін елдердің де саясатын мақұлдамайды. Индия соғыс-саяси блоктар құруға қарсы, Азия елдерінің жерінде шетел соғыс базаларын жасауға қарсы шығуда, өйткені ол мұны толық дәлелмен — бейбітшілікке және халықтардың қауіпсіздігіне қатер туғызады деп таныйды. 1954 жылғы майда Неру Индия үкіметінің батыстағы бірде-бір державаға Индия жерінде соғыс базаларын жасауға рұқсат етпейтінін мәлімдеді. Индия үкіметі Пакистан мен Құрама Штаттар арасында жасалған соғыс шартын, сол сыяқты, 1954 жылғы сентябрьде АҚШ-тың бастауымен құрылған Оңтүстік-Шығыс Азияның агрессиялық «қорғаныс» блогін (СЕАТО деп аталатын блок) қатты айыптады. Индияның бұл қадамын Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа елдері де — СЕАТО-ға қатысудан бас тартқан Индонезия, Бирма, Цейлон — қостады.

Индия республикасының үкіметі, «күшке сүйенетін» саясаттың жақтаушылары насихаттайтын әдістерге үзілді-кесілді қарсы шығып: мемлекеттер арасындағы қатнаста, өктемдік жүргізу және біржақты шешімдерді зорлап таңу саясаты емес, теңдестік негіздегі келіссөздер ғана жақсы нәтижелер бере алады деп есептейді. Келіссөздер жүргізу әдісін жақтай отырып, Индия үкіметі халықаралық проблемалардың бәрін бейбітшілік жолмен шешуге тырысады. Алайда, Индия халқының бұл бейбітшілдік ниеті тіпті де оның әлсіздігін немесе қорғансыздығын дәлелдемейді. Ал, Индияда кеңінен таралған Махатма Гандидің іліміне байланысты мәселелерді үстірт түсінетін батыстың кейбір топтары Индия үкіметінің сыртқы саясатын — зорлыққа күшпен қарсылық көрсетпейтін енжар саясат деп көрсетуге тырысады. Мұның өзі қатты адасқандық.

Индияның мемлекет қайраткерлері бейбітшіл елдермен, ең алдымен СССР-мен және Қытаймен достыққа сүйене отырып, бүкіл Азияда, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату жолында қажырлы қызмет етуде. Тек сонда ғана, — деп дұрыс ұйғарады олар, — Индия халқы ұзақ және баянды бейбітшіліктің игіліктерінен пайдалана алады.

Сол сыяқты, Индия үкіметі келіссөздер идеясын жақтап, күшпен қарсылық көрсетпеу позициясында болып отыр деп ойлау да қате. Индияның көрнекті саяси қайраткері Кришна Менон, Индия үкіметі қарар қабылдаған қандай мәселеде болса да Индия өзінің позициясын өзінің барлық күшімен қорғайтынын көрсетті.

Индияның Қытаймен байланысы — оның бейбітшілік жолындағы күресінің маңызды саласы. Индия Қытай Халық Республикасымен тату көршілік қатнас орнатты. 1954 жылы Қытай Халық Республикасына барған достық сапары кезінде Индия республикасының премьер-министрі Неру Қытай мен Индия алдында көптеген ұқсас проблемалар тұрғанын, Индия Қытай Халық Республикасының тәжірибесінен едәуір пайда ала алатынын айтты.

Совет Одағымен бірге Индия халықтық Қытайға оның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды орнын беруді қажырлылықпен жақтауда. 1953 жылдың өзінде Неру былай деп көрсетті: «Қытайды біріккен Ұлттар Ұйымына алу туралы мәселе ойдағыдай шешілмей тұрғанда, Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің жұмысын толық дұрыс атқара алмайды және Қытай Шығыс проблемаларын түпкілікті шешу мүмкін емес... Біз, Қытайсыз Біріккен Ұлттар Ұйымы толық өкілдік ұйым болып табылмайды деп есептейміз. Қытай өзінің халқының санына және өзінің маңызына сәйкес Біріккен Ұлттар ұйымында өкілдік алғанға дейін, жер жүзіндегі халықтың төрттен бір бөлегі дерлік іс жүзінде Біріккен Ұлттар Ұйымына тиіс қалып отырады».

Қытайды Біріккен Ұлттар Ұйымының қатарына алуды сан рет талап еткен мәлімдемелерінде Индияның премьер-министрі іс тіпті де Қытай Халық Республикасының біреулерге ұнайтындығында немесе ұнамайтындығында емес екенін көрсетті. Іс — бұл мемлекеттің өмір сүріп, өзінің өкімет билігін ұлан-байтақ бүкіл елге таратып отырғанында.

Индия үкіметінің бұл мәселедегі дәйекті принциптік позициясы Н. А. Булганин мен Дж. Нерудің осы жылғы 22 июньде қол қойылған бірлескен мәлімдемесінде де көрсетілді. Бұл мәлімдемеде былай делінді: «...Министрлер Советінің Председателі мен премьер-министр Қытай Халық Республикасын Біріккен Ұлттар Ұйымына енгізуден үздіксіз, қайта-қайта бас тарту Қытай Шығыстағы және басқа аудандардағы көптеген шиеленістерге негіз болып отыр деп өздерінің сенетінін тағы да қуаттайды. Олар Қытай Халық Республикасына Біріккен Ұлттар Ұйымындағы өзінің заңды орнын беруді қажет деп санайды; осының нәтижесінде Біріккен Ұлттар Ұйымының ролі мен беделі нығайтылған болар еді. Олар сонымен қатар Уставтың мүшелік туралы ережелеріне сай келетін барлық мемлекеттердің Біріккен Ұлттар Ұйымына алынуы да маңызды болар еді деп санайды».

Индия үкіметі Біріккен Ұлттар Ұйымын — бейбітшіліктің құралы деп таныйды, барлық мәселелерді ұрыс майданында шешу орнына, қоғамдық және мемлекеттік құрылысының қандай болуына қарамастан, дүние жүзіндегі барлық елдер өкілдерінің бір столдың жанына жыйналып, бұл мәселелерді келіссөздер жүргізу жолымен шешуін — Біріккен Ұлттар Ұйымының басты идеясы деп есептейді. Бұл принциптерді негізге ала отырып, Индия үкіметі өзінің Біріккен Ұлттар Ұйымындағы жұмысын бұл ұйымға өзінің басты міндетін орындауға — бейбітшілікті сақтауға, бұл ардақты мақсатқа жетуді бөгейтін барлық кедергілерді жоюға көмектесу бағытымен жүргізеді.

Кәзіргі неғұрлым шұғыл халықаралық проблемаларды шешуге күш салып, мемлекеттер арасындағы бір-біріне сенбеушілікті жоюға ұмтылып, Индия үкіметі Қытай Халық Республикасының үкіметімен бірге, әртүрлі мемлекеттердің өзара қатынасына негіз болуға тиісті принциптерді белгілеуге жетекші болды. Қытай Халық Республикасының мемлекеттік советінің премьері Чжоу Энь-лай 1954 жылдың жазында Индияда болған кезде, оған дейін Қытай мен Индия арасында қолданылып келген бес принцип біржолата тұжырымдалып белгіленді, содан бері бұл принциптерді барған сайын көп мемлекеттер танып қостауда.

Бандунг конференциясына қатысушылар бұл бес принциптегі идеяларды мақұлдағаны мәлім. Өзінің саясатын әрдайым басқа елдердің ішкі істеріне араласпауға негіздеп келген Совет үкіметі де бұл принциптерді мақұлдайтынын білдірді. Дж. Неру мен Н. А. Булганиннің бірлескен мәлімдемесінде бұл принциптер онан әрі дамытылып, кәзір мынадай түрде алға қойылып отыр: бір-бірінің территориялық тұтастығы мен суверенитетін өзара құрметтеу; тиіспеу; қандай да болсын экономикалық, саяси немесе идеологиялық сылтаулармен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау; теңдік және өзара тиімділік; бейбіт қатар өмір сүру.

ССРО мен Индия үкіметтері басшыларының бірлескен мәлімдемесінде бұл принциптерді мұнан кең көлемде қолдануға болатындығына, мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарында бұл принциптерді орындап отыруы халықтардың санасындағы қорқыныштың және сенбеушіліктің жойылып, халықаралық шиеленістің бәсеңдеуіне зор үміт туғызатындығына толық дәлелді сенім білдірілді.

Индия қарусыздану идеясын өзінің бүкіл беделімен қолдап, ядролық қарудың және жаппай қырғын жасайтын басқа қарулардың жасалуына, қолданылуына тыйым салуды мейлінше бағыл жақтауда. 1955 жылғы январьда өткізілген, Индияның ел басқарушы партиясы — Индияның ұлттық конгресінің 60-съезі атом және сутегі қаруына тыйым салуды талап етті.

Индия үкіметінің бейбітшілдік саясатын Индия халқы қостап қолдап отырады. Индияда бейбітшілікті жақтаушылардың қозғалысы кең өріс алды. Бұл қозғалыс өз елінен тыс көп елдерде жақсы мәлім болған, бейбітшілік жолындағы көптеген күрескерлерді туғызды. «Әрбір ақыл-ойлы индус кәзір—бейбітшілік жолындағы күрескер,—деді Индияның атақты қайраткері, парламенттің депутаты Сахиб Синг Сокхей.—Бүкіл адамзаттың ежелгі тілегі және шұғыл керегі болып отырған бейбітшілік Индия үшін де бүгінгі қажеттілік болып табылады».

Индия халқы өзінің үкіметін, оның колониализмге қарсы барлық күресінде қолдап отырады. Индия үкіметі, ең алдымен, бұрын шетелдік колонизаторлар басып алған барлық территорияларды республикамен қайтадан қосуды өзінің міндеті етіп алға қойды. Мысалы Индостан түбегіне қараған жердің көбі ағылшындардың билігінде болса, мұнда ерте кезде француз және Португалия басқыншылары басып алған пункттер де болды (Пондишери, Гоа және басқалары).

Ағылшындардың үстемдігінен құтылған Индия халқы кәзір, әлі де колониялық езгіде болып отырған индиялық территорияларды азат ету жолында күрес жүргізуде. 1954 жылы Индия үкіметі Францияның Индиядағы иеленген жерлері туралы мәселені бейбітшілікпен шешті. Кәзір бұл жерлер Индия республикасының бөліпбейтін бір бөлегі болып отыр. Тек Португалия ғана өзінің Индостан түбегіндегі колонияларына жармасып айырылмай, Индияның Гоа туралы мәселені бейбітшілікпен шешу туралы ұсыныстарының бәрін қабылдамай келеді. Бұл Гоаға әскерлер, америкалық қару-жарақ әкелінуде. Португалияның өкімет орындары Индия халқына қарсы тікелей арандату әрекеттерін жасауда. 1955 жылғы 18 майда полиция Гоада Гоаны Индиямен қайта қосуды талап

еткен бейбіт демонстрацияға оқ жаудырды. Бейбіт демонстрацияшыларға мұндай шабуыл жасау бүкіл Индияда күшті наразылық туғызды.

Португалияның билеп-төстеуші топтары Индияның қуатты халқы алдында өздерінің дәрменсіздігін біледі. Бірақ олар сонда да Гоаны бергісі келмей қасарысады, өйткені, мұнан екі жылдай бұрын АҚШ-пен Португалия арасында жасалған договор бойынша, Португалияның соғыс базаларын пайдалануға право алған Америка Құрама Штаттары Гоаны Индияға қайтармауды талап етеді. Құрама Штаттар Португалияның Гоадағы әскерлерін жабдықтап, оларға америкалық нұсқаушыларын жіберуде және басқа сондай көмек көрсетуде.

Индия халқының өз жерін колониялық тәртіптің қалдықтарынан біржолата азат ету жолындағы күресі бейбітшіл халықтардың соғыс қауіпіне қарсы күресімен ұштасады. Бұл күреске бүкіл дүние жүзінің жұртшылығы тілектестікпен үн қосуда. Индия халқының өз отанын колониялық тәртіптің қалдықтарынан толық азат етуді көздейтін ардақты мақсатын жүзеге асыратындығы күмәнсіз. «Біздің Индиядағы шетелдік иеліктер жөніндегі саясатымыз айқын, — деді Джавахарлал Неру. Біз Индияның қандай бөлегінде болса да шетелдердің колониялық тіректі пункттерінің сақталуына жол бермейміз».

Алайда Индия халқы Индостан жеріндегі колониализмнің қалдықтарын жою үшін күресіп қана қоймай, мұнымен бірге ол жер жүзінің басқа бөлектеріндегі ұлттық-азаттық қозғалысқа үнемі моральдық көмек көрсетіп отырады. Халықаралық конференцияларда Индияның өкілдері Индия халқының, колониялық құлдыққа қарсы, империалистерге қарсы күресуші барлық халықтармен ынтымақтас екенін, оның америкалық, ағылшын, голланд, француз колонизаторларына емес, Индонезияның, Малайяның, Кенияның, Алжирдың және Марокконың халықтарына тілектес екенін ашып айтты. Делиде, халықаралық қатынастағы шиеленісті бәсеңдету конференциясында сөйлеген сөзінде Индияның өкілі былай деді: «Біз колониализм мәселесінде Азия мен Африка халықтарының дауыстары қосылып шығатынын империалистердің есіне салғымыз келеді. Біз дүние жүзінің барлық бөлектерінде бүгіндей шіріген колониализм системасын түп тамырымен толық жоюды талап етеміз!».

Индия халқы батыс «цивилизаторларының» көптеген жылдар бойына өзін «жасық нәсіл» деп есептеп, қорлап келгенін ұмытпайды. Кәзірде де Батыста кейбіреулер ақ нәсілді адамның басқа халықтардан нәсілдік артықшылығы туралы ертегіні қайтадан жарыққа шығарғысы келеді. Индия халқы колонизаторлардың Азия мен Африка еңбекшілерін қанауға «правосын» дәлелдеу мақсатын көздейтін мұндай әрекеттердің қандайына болса да батыл қарсы шығады.

Индия халқы өзінің колониализмге қарсы, бейбітшілік, халықтар арасындағы достық жолындағы күресі арқасында бүкіл дүние жүзінің барлық халықтары, ең алдымен Азияның және Африканың халықтары арасында зор құрметке ие болды. Совет Одағының барлық халықтары Индия халқына өздерінің шын достық және тілектестік сезімін білдіріп отырады.

ССРО Жоғарғы Советінің екінші сессиясындағы сөзінде Молотов жолдас былай деді: «Ендігі жерде колония Индияның жоқ екендігінің, мұның орнына Индия республикасының өмір сүріп отырғандығының тарихи маңызы зор. Бұл — Азиядағы соғыстан кейінгі дамуды сипаттайтын оқиғалардағы маңызды бетбұрыс. Халықтар арасында бейбітшілік пен достықты нығайту ісіндегі жана, маңызды фактор болып отырған Индияның халықаралық беделі барған сайын артып келеді».

Индияның премьер-министрі Джавахарлал Нерудың 1955 жылғы июньде Совет Одағына келуі барған сайын нығайып отырған Совет-Индия достығының жана айқын дәлелі болды. Барлық совет адамдары

ССРО Министрлер Советінің председатели Н. А. Булганин мен Индияның премьер-министрі Джавахарлал Нерудың бірлескен мәлімдемесін аса қанағаттанғандықпен қарсы алды. Бұл мәлімдемеде «Совет Одағы мен Индия арасындағы қатнастар достықтың және өзара түсінісудің берік негізінде бақыттылықпен құрылып отырғаны» көрсетілді.

ССРО мен Индия арасындағы экономикалық және мәдени байланыс күн санап нығаяда. Екі ел арасында сауда келісімі жасалды. 1955 жылғы февральда Совет Одағының Индияға, жылына 1 миллион тоннадан астам болат шығаратын металлургия заводын салуға көмектесуі туралы келісімге қол қойылды. Американдар «көмектің» кіріптарлы әдістерін қолданса, Совет Одағы Индияға, сол сыяқты басқа бейбітшіл мемлекеттерге шын бейілді, қалтқысыз көмек көрсетуде. ССРО Индияға керекті жабдықтар береді, металлургия заводын салуға, оны монтаждау іске қосуға басшылық етеді. «Совет — Индия келісімі, — деп жазды «Таймс оф Индия» газеті, — ұлттық қайта құрылыс жоспарын жүзеге асыру ісіндегі аса маңызды оқиға болып табылады».

ССРО мен Индия арасындағы мәдени байланыс барған сайын кеңеюде, екі ел бір-біріне мәдениет қайраткерлерінің делегацияларын жіберуде. Индияда ССРО-мен мәдени байланыс қоғамы құрылып, ойдағыдай жұмыс атқаруда.

Соңғы кезде Индия республикасының халықаралық майдандағы беделі ерекше өсіп нығайды. Шетелдік бақылаудың қанаушылық сипаты тіпті кейде қамқорлық сипаты болуына қарамастан, одан біржолата құтылуға ұмтылу, — деп жазды Индияның осы күнгі белгілі жазушысы Мульк Радж Ананд, — Азияны рухтандырушы ең белсенді және ең ұлы тілек. Бұл сезімді біздің барлық халықтарымыз қостайды. Біздің бәріміз өзіміздің жаңа мемлекеттеріміздің бойындағы күштерін өршітуге, қажетті материалдық прогреске жетуге және білімдерді таратуға ұмтылатын болсақ бүкіл дүние жүзінде бейбітшіліктің сақталуына бірлесіп көмектруге тиістіміз, өйткені өмір сүріп, алға басуымызға тек сонда ғана сене алатын боламыз».

Индия халқы өзінің алдындағы зор және қиын міндеттерді орындау жолында бейбіт еңбекпен шұғылдануда. Мұнымен бірге ол өзінің бостандығын және жалпы бейбітшілікті ерлікпен қорғап, дүние жүзіндегі барлық адал ниетті адамдардың сүйіспеншілігіне және құрметіне бөленуде.

Лекция және консультация

Материалдық өндіріс саласында қоғамдық еңбектің үлесін арттыру көздері*)

А. ПЛОТНИКОВ

Материалдық игіліктер өндірісі — қандай да болсын қоғамның өмір сүруінің және дамуының негізі. Қоғам тек өзінің қажеттерін өтеуге керекті материалдық игіліктерді үздіксіз өндіріп отырғанда ғана өмір сүре алады. Өндіріс тоқталса, қоғам құрып бітер еді. К. Маркс: қандай да болсын ұлт, егер ол жұмысты бірнеше аптаға тоқтатса да, аштан қырылар еді деп жазды.

Өндіріссіз адамзаттың өмір сүруінің өзі мүмкін емес. Өндіріс — адамзат қоғамының өмір сүруінің мәңгілік, табиғи қажеттілігі. Сондықтан, — деп үйретеді марксизм-ленинизм, — адамзат қоғамының даму тарихы, ең алдымен, өндірістің даму тарихы, ғасырлар бойына бірін-бірі ауыстырып отыратын өндіріс тәсілдерінің тарихы, өндіргіш күштердің және адамдардың өндірістік қатнастарының дамуының тарихы. Өндіріс үнемі дамып отырады, ол бір орында тұрып қалмайды, алайда ол барлық реттерде қоғамдық болып қала береді, өйткені өндірістің процесінде адамдар табиғатпен, оның заттарымен және күштерімен ғана емес, өзара бір-бірімен де қатнас жасап, өмір сүруге керекті жабдықтарды жалғыз-жалғыз емес, бірлесіп коллектив болып табады.

Социализм тұсындағы материалдық өндіріс — социализмге дейінгі барлық қоғамдық формалармен салыстырғанда, қоғамдық өндірістің ең жоғарғы формасы. Социализм тұсында материалдық өндіріс өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік бөлуіне негізделген. Социалистік өндірістің қызметкерлері арасындағы қатнас — қанаудан азат адамдардың ынтымақтасып іс ету және өзара көмектесу қатнасы. Социалистік өндірістің бас мақсаты — бүкіл советтік қоғамның үнемі өсіп отырған материалдық және мәдени керектерін қанағаттандыру.

Адамдардың керектерін қанағаттандыруға жұмсалатын материалдық игіліктерді өндіретін халық шаруашылығының барлық салалары материалдық өндіріске жатады. Ең алдымен өнеркәсіптің барлық түрлері, ауыл шаруашылығы материалдық өндіріске жататын салалар болып есептеледі. Бұл салаларда заттық өнім жасалады. Сол сыяқты, К. Маркстың айтқанындай, материалдық өндірістің төртінші саласы (өнім шығарушы, өңдеуші өнеркәсіптен және ауыл шаруашылығынан кейін) болып табылатын, өндіріске тікелей қызмет етіп, товарларды тұтынушыларға жеткізіп беретін транспорт та материалдық өндіріске жатады. Транспорт, әрине, жаңа заттық өнімдер жасамайды, ол бұл өнімдерді көбейтпейді де, бірақ, К. Маркстың анықтағанындай, ол өндіріс процесін ілгері бастырады. Ал белгілі бір өнім өндіру процесін тек бұл өнім өндіріс саласынан тұтыну саласына жеткізілгенде ғана аяқталды деп есептеуге болады.

Өндіріске қызмет ететін байланыс та материалдық өндіріс саласына жатады, өйткені байланысты өндіріс процесінің дұрыс қалыпты барысы-

* Қалалық, аудандық партия комитеттерінің насихат және үгіт бөлімдері меңгерушілерінің республикалық семинарында оқылған лекцияның қысқартылған стенограммасы,

нав бөлектеуге болмайды. Оның өнімі — әртүрлі қатнас — өндіріс пен тығыз байланысты.

Сауда да материалдық өндіріс саласына жатады, бірақ бұған оның өндіріс процесін жалғастыратын бөлегі ғана жатады (товарларды бөлшектеу, қаптау, орау, тұтынушыларға тасып жеткізу және басқалары).

Дене еңбегінің қызметкерлерімен қатар материалдық игіліктерді жасауға ой еңбегінің қызметкерлері де — материалдық өндірістің салаларында жұмыс істейтін ғалымдар, инженерлер, техниктер және басқа мамандар да тікелей қатысады. Алайда өндірістік салаларда жұмыс істемейтін қызметкерлердің еңбегі де — социалистік қоғамға, материалдық өндіріске қажетті еңбек. Бұл қызметкерлер материалдық игіліктерді өндіруге тікелей қатыспаса да, олардың еңбегі қоғамдық-пайдалы еңбек болып табылады. Материалдық өндіріс саласындағы адамдарға қызмет ететін дәрігерлер, мұғалімдер, әдебиет және искусство қызметкерлері, сол сыяқты басқа мамандар болмаса, кәзіргі қоғамның өмір сүруі аса қыйын болар еді.

Мемлекетті және халық шаруашылығын басқару, ел қорғау, мәдениет, ден саулық сақтау, сауда (өндіріс процесінің жалғасы болып табылатын бөлегінен басқасы) өндірістік емес салаға жатады. Бұл салада материалдық игіліктер жасалмайды.

Материалдық өндіріс саласында белгілі бір уақыт бойына (мәселен, жыл бойына) жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегімен жасалатын материалдық игіліктердің бәрі (өндіріс құрал-жабдықтары, сол сыяқты тұтыну заттары) жыйынтық қоғамдық өнім болып табылады. Бұл өнімнің бір бөлегі өндіріс процесінде жұмсалып біткен өндіріс құрал-жабдықтарының орнын толтыруға беріледі, бір жылдың ішінде жаңадан жасалған, жаңадан еңбек сіңірілген өнімнің екінші бөлегі ұлттық табыс болып табылады. Ұлттық табыс материалдық өндіріс саласында ғана жасалып, қоғамның бүкіл өндірістік қызметінің қортынды көрсеткіші, советтік қоғам мүшелерінің өсіп отырған керектерін қанағаттандырудың бірден-бір қоры, сол сыяқты өндірістік емес саладағы барлық материалдық шығындардың орнын толтыру қоры болып табылады. Мұнан екінші бір қортынды шығады: қоғамның байлығы, оның көркеюі материалдық өндіріс саласындағы адамдардың жұмыс істеу дәрежесіне, олардың еңбек өнімділігіне, өндірістік және өндірістік емес салалардағы еңбектің ара салмағына қарай белгіленеді.

Сонымен, материалдық өндіріс саласында жұмыс істейтін адамдар неғұрлым көп болса, олардың еңбек өнімділігі неғұрлым жоғары болса, материалдық игіліктер солғұрлым көп жасалады, қоғамның өсіп отырған керектерін солғұрлым толығырақ қанағаттандыруға болады. Сол себепті де Коммунистік партия, Совет үкіметі материалдық өндіріс саласындағы және өндірістік емес саладағы еңбектің ара салмағы туралы мәселеге әрдайым көп көңіл бөліп келді және бөлуде, материалдық өндіріс саласындағы қоғамдық еңбектің үлесін арттыруға барынша күш салуда.

Материалдық өндіріс саласындағы қоғамдық еңбектің және өндірістік емес саладағы еңбектің үлесінің ара салмағы капитализм жағдайында да, социализм жағдайында да бірдей болмайды. Бұл ара салмақ қоғамдық құрылыстың сипатына, оның экономикалық заңдарына сәйкес белгіленеді. Бітіспейтін қайшылықтары бар капиталистік өндіріс тәсілі материалдық өндіріс саласында жұмыс істейтін адамдардың санының мықтап азаюына бастайды. Капитализм тұсында еңбек өте тиімсіз пайдаланылады, ал кей уақытта тіпті пайдаланылмайды. Жұмыссыздық — капитализмнің айрылмайтын серігі, — әсіресе оның дамуының кәзіргі кезеңінде орасан ұлғайды. 1954 жылы, мәселен, АҚШ-та 5 миллионнан астам мүлдем жұмыссыз адамдар болды, ал жартылай жұмыссыз адамдарды қосқанда, 16 миллионға жуықтайды. Капиталистік мемлекеттердің

өздеріне тән сипаты — онда материалдық өндіріс саласында жұмыс істейтін адамдардың саны жыл сайын көбейіп отырады, мемлекеттік аппарат, армия, полиция және т. б. ұлғайтыла береді.

Бұл елдерде қоғамның едәуір бөлегі қоғамдық-пайдалы еңбекпен шұғылданбайды. Мұнда буржуазияның өз басына қызмет ететін адамдардың саны үздіксіз көбейе береді, қоғамның, еңбекшілерді қанау есебінен өмір сүретін жатыпшылар паразит табы өсе береді. Мәселен, американдық пролетарлары өзінің жұмыс уақытының төрттен үш бөлегіне жуығын капиталистер иемденетін материалдық игіліктерді өндіруге жұмсайды. Сауда аппараты мен реклама, банк ісі орасан ұлғайтылады.

Капиталистік елдерде өндірістік саладағы еңбектің үлесі үнемі азайтылып, өндірістік емес саладағы еңбектің үлесі арттырылып отырады. Мәселен, АҚШ-та өндірістік емес салада жұмыс істейтін адамдардың үлес салмағы 1910 жылы 24,9 процент болса, 1951 жылы 49 процентке жетті. Демек, мұнда халықтың жартысы материалдық игіліктерді жасауға қатыспайды. Басқа буржуазиялық елдерде де сондай.

Адамды адамның қанауы жойылған, жұмыссыздық біржолата құртылған, жалпыға бірдей еңбек ету правосы жүзеге асырылған, еңбек капитализм тұсындағы байға қорлық және ауыр азаптан аброй әперетін, даңқ шығаратын, ер атандыратын іске айналған социализм елінде жағдай мүлде басқаша. Шаруашылықтың социалистік системасы елдің еңбек ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Социализмнің негізгі экономикалық заңы, халық шаруашылығының жоспарлы (пропорциялы) даму заңы сыяқты, бізде объективтік түрде күшін жүргізіп отыратын экономикалық заңдарды есепке алып, пайдалану мемлекетке бар еңбек ресурстарын жоспармен бөлуге, өндірістік саладағы қоғамдық еңбектің үлесін арттыруға мүмкіндік береді. Мемлекет нақтылы-тарихи жағдайды есепке ала отырып, материалдық өндіріс салаларына артықшылық жағдай туғыза отырып, ең алдымен соларды жұмысшы күшімен қамтамасыз ете отырып, өндірістік саладағы, сол сыяқты өндірістік емес саладағы еңбектің үлесінің ара салмағын жоспарлы тәртіппен белгілейді.

Советтік экономиканың бөгелмей тез өсуі себепті жұмысшылар мен қызметшілердің саны арта береді. Еліміздің халық шаруашылығындағы жұмысшылар мен қызметшілердің саны 1928 жылғы 10,8 миллионнан 1954 жылы 47 миллионға жетті. Мұның қасында, мәселен, өткен жылы мекемелердегі қызметкерлердің саны азайды, өйткені әкімшілік-басқару аппаратының бір бөлегі тікелей өндіріске көшірілді. Партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету туралы шешімдерін жүзеге асыру МТС-тер мен совхоздардың кадрларын едәуір нығайтуға мүмкіндік туғызды. Олардағы жұмысшылар мен қызметшілердің саны 2300 мың адам көбейді.

Материалдық өндіріс саласында жұмыс істеуші адамдардың саны жылдан-жылға өсуде. Қазір Совет Одағында еңбек етуге жарайтын адамдардың 75 проценттен көбі материалдық өндіріс саласында жұмыс істейді. Мұның өзі жәпе еңбек өнімділігінің артуы материалдық өндірісте зор табыстарға жетуге мүмкіндік берді. Өткен жылы өнеркәсіптің жалпы өнімі 1950 жылғыдан 65 процент, ал 1940 жылғыдан екі жарым еселен аса өскенін көрсетудің өзі бұған жеткілікті дәлел.

Еліміздің ұлттық табысының өсуі де материалдық өндірістің бөгелмей өрлеп отырғанын дәлелдейді. Совет Одағының ұлттық табысы 1940 жылдың өзінде 1913 жылғыдан 6,1 есе, ал 1953 жылы 13 есе көбейді. 1954 жылы ұлттық табыс 1953 жылғыдан 11 процент өсті. Капиталистік елдерде жағдай басқаша. Мәселен, АҚШ-та ұлттық табыстың жылмажылғы өсу қарқыны орта есеппен 0,8 процент, ал Англияда 1 — 2 проценттен аспайды.

Ұлттық табыстың өсуі, мемлекеттік бөлшек сауда бағасының кемігілуі, сол сыяқты партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығы саласында жүргізіп отырған шаралары жұмысшылардың, колхозшылардың және қызметшілердің табысының онан әрі көбеюін қамтамасыз етті. Совет халқының мәдениетін өрге бастыру жолында орасан зор табыстарға қол жетті.

Коммунистік құрылыс міндеттері материалдық өндіріс саласында жұмыс істейтін адамдардың санын онан әрі көбейтуді талап етеді. Соңғы кезде партия мен үкімет ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендетуді көздейтін бірсыпыра шараларды жүзеге асырды. Мұның өзі өндірістік салада қоғамдық еңбектің үлесін арттыруға мүмкіндік туғызды. Партияның шақыруы бойынша, 50 мың механизатор халық шаруашылығының әртүрлі салаларынан МТС-терге қайтып келді. 1250 мың адам — тракторшылар, трактор бригадаларының бригадирлері, комбайншылар, күрделі ауылшаруашылық машиналарының машинистері МТС-тердің штатына тұрақты жұмысқа енгізілді. Бұрын өндірістік салада ғана емес, басқару аппаратында да жұмыс істеген ондаған мың инженерлер мен техниктер МТС-терге жұмысқа жіберілді. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарары бойынша, 120 мың агроном мен зоотехниктер колхоздарда жұмыс істеу үшін МТС-терге барды. Бұлардың бірсыпырасы бұрын өндірістік емес салада жұмыс істеген.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейін Қазақстанның МТС-теріне 17605 адам — басшы қызметкерлер, әртүрлі мамандар (инженерлер, техниктер, агрономдар, зоотехниктер және басқалары), оның ішінде бұрын мамандығынан тыс жұмыста болған, көбінесе басқару аппаратында істеген, ауыл шаруашылығының 6,5 мыңнан астам маманы жұмысқа жіберілді.

Экономика жағынан нашар колхоздарға басшылықты нығайту үшін партияның шақыруы бойынша, кәзір 30 мың адам селоларға, деревняларға, ауылдарға жұмысқа баруда. Бұлардың да бірсыпырасы басқару аппаратында жұмыс істеген.

Бұл фактілердің бәрі ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру материалдық өндіріс саласындағы қоғамдық еңбектің үлесін арттырмай қоймайтынын және шынында да арттыратынын дәлелдейді. Бірақ біздің еліміздің бұл жөнінде орасан мол пайдаланылмаған резервтері бар. Материалдық өндіріс саласындағы қоғамдық еңбектің үлесін арттырудың көздері және жолдары қандай?

Ең алдымен мынаны есте тұту қажет: социалистік қоғамның байлығын көбейту, барлық совет адамдарының әл-ауқатын арттыру материалдық өндіріс саласындағы жұмсалған еңбектің санына (материалдық өндірістегі қоғамдық еңбек үлесінің саны жағынан көбеюіне) ғана емес, материалдық өндіріс қызметкерлері еңбегінің сапасына, өнімділігіне де байланысты. Еңбек өнімділігі, — деп үйретті В. И. Ленин, — сайып келгенде, жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуінің ең маңызды, ең басты шарты. Біздің елімізде еңбек өнімділігін мейлінше арттыруды социалистік қоғамның өмір сүруінің ішкі жағдайлары да, сол сыяқты сыртқы жағдайлары да керек етеді. Еңбек өнімділігінің үздіксіз өсуі — социализмнің экономикалық заңы.

Совет Одағында еңбек өнімділігі ұдайы өсуде. 1954 жылы еңбек өнімділігі 1940 жылғыдан: өнеркәсіпте 83 процент, құрылыста 62 процент өсті. Бесінші бесжылдықтың өткен төрт жылы ішінде еңбек өнімділігі өнеркәсіпте 33 процент, құрылыста 32 процент артты. Алайда, еңбек өнімділігінің өсуінің мұндай қарқыны әлі де жеткіліксіз. Бұл қарқын бесінші бесжылдық жоспардың еңбек өнімділігі жөніндегі тапсырмаларынан артта қалып отырғанын көрсетеді. Ал, бесінші бесжылдық жоспар еңбек өнімділігін, шамамен айтқанда, өнеркәсіпте 50 процент, құрылыста 55 процент арттыруды көздейді.

Еңбек процестерін онан әрі комплексті механикаландыру, жаңа техниканы қажырлылықпен енгізу — еңбек өнімділігінің өсуінің аса маңызы шарттары. Ал Қазақстанның көптеген кәсіпорындарында жаңа техниканы енгізу, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру күресі нашар жүргізіледі. Мәселен, «Казмедьстрой» тресінде техника нашар пайдаланылады. Бұл трест құрылыс жоспарларын жылдан-жылға орындамай келеді. Мұнда құрылыс машиналары мен механизмдері жете бағаланбайды. Ал бұларды тиісінше пайдалану құрылыс алаңдарындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстардың бәрін толық механикаландырып, еңбек өнімділігін мықтап арттыруға мүмкіндік туғызар еді.

Біздің көптеген кәсіпорындарымызда басқа елдердің, оның ішінде капиталистік елдердің тәжірибесі нашар пайдаланылады. В. И. Ленин капиталистік ғылым мен техниканы меңсінбеген, буржуазиялық мамандардан үйренгісі келмеген, капиталистік дүниенің ғылым мен техника саласындағы барлық бағалы табыстарын пайдаланбаған коммунистерді айыптағаны мәлім. В. И. Ленин «...европалық және америкалық мәдениеттің шын бағалы нәрселерінің бәрін үйрену» (Шығармалар, 33-том, 364-бет) керек екенін көрсетті. Ал бізде, шетелдік алдында бас июде айыпталудан қауіптеніп, шетелдердегі бағалы табыстарды алғысы келмейтін шаруашылық қызметкерлері әлі де бар. Бұл дұрыс емес. Капиталистік дүниенің өкілдері советтік ғылым мен техниканың табыстарын пайдалану мүмкіндігінің бірде-біреуін босқа жібермейді. Біздер де бар мүмкіндікті босқа жібермеуге тиістіміз.

Жұмысшы күшін неғұрлым тиімді және нәтижелі пайдалану, өндіріс қызметкерлерінің еңбектегі белсенділігін күшейту, еңбек тәртібін нығайту — материалдық өндіріс саласындағы еңбектің үлесін онан әрі арттырудың мол қорлары. Біздің елімізде жұмысшылар мен колхозшылардың басым көпшілігі Отанның игілігіне жанқиярлықпен еңбек етіп, коммунистік еңбек тәртібінің үлгілерін көрсетуде. Мұнымен бірге, еңбекке салдыр-салақ қарайтын, жұмыс нормаларын орындамайтын, еңбек тәртібін бұзатын жеке қызметкерлер әлі де кездеседі. Жұмысқа шықпай қалу, жұмысшы күшінің тұрақтамауы әлі де орын алып келеді. Мәселен, Текелі және Өскемен қорғасын-мырыш комбинаттарында қыдырымпаздық, жұмысшы күшінің тұрақтамауы әлі де зор. Мұндай фактілерге көнуге болмайды. Еңбек тәртібін онан әрі нығайту күресін күнбе-күн жүргізіп отыру қажет.

Әсіресе ауыл шаруашылығына тән, өндірістегі маусымдылықты жою жолымен де еңбек ресурстарын жақсы пайдалануға, демек өндірістік саладағы қоғамдық еңбектің үлесін арттыруға болады. Көп салалы шаруашылығы бар алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздар кәзіргі техниканы жақсы пайдаланып, бұл міндетті ойдағыдай орындауда.

Еңбек ресурстарын неғұрлым жақсы пайдалану кәсіпорындарда көмекші қызмет атқаратын жұмысшыларды неғұрлым азайтуды керек қылады. Біздің көптеген кәсіпорындарымызда материалдық игіліктерді тікелей жасайтын негізгі жұмысшылардан тыс әлі де көптеген көмекші жұмысшылар бар. Мәселен, 1954 жылы еліміздің тоқыма кәсіпорындарында көмекші жұмысшылардың саны барлық жұмысшылардың 25 процентіндей болды, ал машина жасау өнеркәсібінің бірсыпра салаларында 50 процент және онан да көп болды. Лениногор полиметалл комбинатының Сокольный руднигінде забойдағы жұмысшылар мен көмекші жұмысшылардың ара салмағы 1:1 шамасы болды. Көмекші жұмысшыларды азайтып, тікелей материалдық игіліктер жасайтын жұмысшыларды көбейту ісінде барлық жұмыстарды, оның ішінде көмекші жұмыстарды да комплексті жолмен механикаландыру шешуші роль атқаруға тиіс.

Еңбекті тиімді ұйымдастыру, еңбек өнімділігін арттыру жолдарының бірі — қызметкерлердің өндірісті өркендетуге материалдық ынталылығы

принципін жүзеге асыру. Мұның өзі социалистік шаруашылықты жүргізудің түбірлі принциптерінің бірі болып табылады. Өндіріс қызметкерлерінің творчестволық инициативасын, еңбектегі белсенділігін үнемі күшейтіп, қолдап отыру керек. Артта қалғандарды алдыңғылар дәрежесіне жеткізуге мүмкіндік беретін, социалистік құрылыстың сыннан өткен тыңғылықты тәсілі — социалистік жарыс. Елімізде кең өріс алған, бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауды көздейтін жарыс өзінің орасан зор күшін көрсетіп отыр. Социалистік жарысты онан сайын кең өрістету — біздің шұғыл міндетіміз.

Материалдық өндіріс саласындағы қоғамдық еңбектің үлесін біздің мемлекеттік аппаратымыздағы резервтер есебінен де арттыруға болады. В. И. Ленин совет аппаратының үнемшілдігін — оның құрылысының негізгі принциптерінің бірі деп есептеді. «Біз, — деп жазды В. И. Ленин, — өзіміздің мемлекеттік аппаратымызды мейлінше үнемшілдікке жеткізуге тиістіміз. Біз... ысрапшылдықтың барлық іздерін онан қуып шығуымыз керек» (Шығармалар, 33-том, 504-бет). Коммунистік партия, Совет үкіметі бұл лениндік принципті бұлжытпай қолданып келеді.

Соңғы кезде мемлекеттік аппаратты онан әрі арзандатып, жақсартуды, жетілдіруді көздейтін бірсыпра шаралар жүзеге асырылды. Министрліктердегі, ведомстволардағы, кәсіпорындардағы қажетсіз буындар, қажетсіз қызмет орындары жойылды. ССРО министрліктері мен ведомстволары аппараттарының өзінде 1954 жылы 5,5 мыңдай сектор, бөлім, басқармалар жойылды. Оның үстіне 5600 трест, әртүрлі конторлар, жабдықтаушы және басқа ұйымдар жойылды. Министрліктер мен ведомстволардың орталық аппаратындағы қызметкерлер саны 1952 жылдан 1954 жылға дейін 20,6 процент қысқартылды.

Партия мен үкіметтің нұсқауларын орындай отырып, республикамыздың партия, совет және кәсіподақ ұйымдары әкімшілік-басқару аппаратындағы ысрапшылдықты жою жолында біраз жұмыс істеді. Басқару аппаратының қызметкерлері азайтылды, олардың бір бөлегі өнеркәсіпке, МТС-терге, совхоздарға, колхоздарға жұмысқа жіберілді. Сөйтіп, материалдық өндіріс саласындағы қоғамдық еңбектің үлесі арттырылды.

Алайда басқару аппаратындағы ысрапшылдық әлі түгел жойылған жоқ, бұл аппарат бірсыпра жерлерде әлі де тым зор және өте қымбатқа түседі. Мәселен облыстық, қалалық және аудандық ұйымдардың аппаратында артық қызметкерлер әлі көп. Кейбір кәсіпорындарда әртүрлі ұсақ цехтар, учасоктер, бөлімшелер, қажетсіз аралық звенолар әлі де болып келеді. Мысалы, Лениногор полиметалл комбинатында техникалық бақылаудың цех аралық бөлімдерінің жойылуы іске ешқандай нұқсан келтірген жоқ. Мұнда техникалық бақылаудың цехтық бөлімдерінің қызметі, бұрыннан болып келе жатқан жалпы комбинаттық техникалық бақылау бөліміне тапсырылды. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында соңғы екі айдың ішінде 200-дей көмекші жұмысшылар және 30 инженер-техник қызметкерлер қысқартылды. Бұл шараларды жүзеге асыру нәтижесінде қаржының үнемделуі үстіне, материалдық игіліктерді тікелей өндіретін учасоктерде пайдалануға болатын адамдар босатылды.

Бірақ мұндай жұмыс барлық жерде бірдей жүргізілген жоқ. Ащысай полиметалл комбинатын мысалға алайық. Комбинат басқармасының штаты шамадан тыс зор. Комбинаттың басшылары (директоры Пиченюк жолдас) басқарма аппараты 60 адамға қысқартылды деп есептейді. Шынында, комбинаттың басқармасындағы жұмыстан формальді босатылған адамдардың жартысына жуығы іс жүзінде осында қалып қойған, тек бір кеңседен екінші кеңсеге ауысқан.

Басқа да бірсыпра кәсіпорындар мен мекемелерде басқарма аппаратын қысқартудың барысы шабан және бұл жұмыс батыл жүргізілмейді. Мәселен, «Ленгеруголь» тресі кен басқармасына айналдырылды. Бұ-

ған байланысты онда басқару аппараты едәуір қысқартылуға тиіс еді. Іс жүзінде кең басқармасының штаты, трестің штатымен салыстырғанда небәрі үш адам—трес үйлерінің екі басқарушысы және бір кеңсе тазалаушысы қысқартылды.

Республиканың май заводтарында соңғы уақытқа дейін әрбір 2,7 өндірістік қызметкерге бір басқармалық қызметкер болды. Кәсіпшілік кооперациясында онан да сорақы. Шығыс Қазақстан облысының «Вторая пятилетка» артелінде өндірісте істейтін 12 адамға 16 әкімшілік-басқарушы қызметкер, ал Қостанай облысының «Жаңа талап» артелінде тікелей өндірісте жұмыс істейтін 10 адамға 11 қызметші бар.

Басқару аппаратын жетілдіріп, арзандатқанда партия мен үкімет тарапы бір мақсатты — мекемелерден босатылған қызметкерлерді материалдық өндіріс саласындағы жұмысқа қосуды көздейді. Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды. Басқару аппаратынан босатылатын әрбір қызметшіге көңіл бөліп, қамқорлық жасау керек, ол өндіріске барғанда, бұл істің маңыздылығын түсінгендікпен баратын ету керек. Партия және кәсіподақ ұйымдары өндірістегі жұмыстың маңыздылығын түсіндіріп, совхоздарға, МТС-терге, өнеркәсіп орындарына жұмысқа көшкендерге мемлекеттің қандай жәрдем, жеңілдіктер беретінін айтуға тиіс.

Материалдық өндіріс саласындағы еңбектің үлесін арттыруда товар айналымы процесінің қызметіне жұмсалатын шығындарды — сауда қызметкерлерінің еңбегіне, транспорт жұмыстарына және басқаларына жұмсалатын шығынды онан әрі азайтудың маңызы зор. Кей жерлерде шамадан тыс ұлғайтылған штаттарды қысқартып, қажетсіз буындарды, қарама-қарсы тасымалды жою керек, ұрлық, талан-таражға қарсы күрес жүргізу керек. Мұның бәрі товар айналымы шығынының азаюына, демек өндірістегі жұмысқа керекті адамдардың босатылуына көмектеседі.

Материалдық өндіріс саласына керекті жұмысшы күшін молайтудың бір қоры — мемлекеттік еңбек резервтері. Бұл резервтер системасында өнеркәсіпке, транспортқа, құрылысқа керекті маман кадрлар даярланды. 1946 жылдан 1954 жылға дейін мұнда 5,1 миллион маман жұмысшылар даярланды. Еңбек резервтері системасында кадрлар даярлаудың тәжірибесі кәзір ауыл шаруашылығына керекті, көпшілік мамандығы бар механизатор кадрлар даярлауда да пайдаланылады.

Орта дәрежелі білімі бар жастардан маман жұмысшылар және кіші техникалық қызметкерлер даярлау үшін жаңа типті оқу орындары — техникалық училищелер ашылды.

Материалдық өндіріс саласын маман, техникалық сауатты адамдармен толықтыруда орта мектептің ролі күшейді. Сондықтан кәзір мектеп оқушыларына политехникалық білім берудің ерекше маңызы бар. Орта мектептерде әртүрлі тәжірибе учаскелерін, мастерскойлар жасау, техникалық және пәндік үйірмелер ұйымдастыру материалдық өндіріске керекті қызметкерлер даярлауға мүмкіндік береді.

Орта дәрежелі міндетті оқуды жүзеге асыру нәтижесінде орта мектепті бітірген адамдар жылдан-жылға көбейе береді. Өткен жылы орта мектепті бітірген 880 мың қыздар мен жігіттерден жоғары оқу орындарына 450 мың адам алынды. Орта мектеп бітірген көп қыздар мен жігіттер өндіріске жұмысқа барды. Республикамызда орта мектептерді бітіргендерден 20 мыңдай адам колхоздарда, совхоздарда, кәсіпорындарда еңбек етеді. Амал не, орта мектеп бітірген, жоғары оқу орындарына түспеген бірсыпыра жастар өндіріске бармайды. Көптеген партия және совет ұйымдары мектеп бітірген жастар арасында жұмыс жүргізбейді, оларды елсусіз қалдырады. Өткен жылы республиканың оңтүстіктегі үш облысының өзінде орта мектепті бітіргендерден 500 адамның ешжерде оқымағаны және еңбек қызметіне тартылмағаны тек осыдан болып отыр.

* *
*

Материалдық өндіріс саласындағы қоғамдық еңбектің үлесін онан әрі арттыру жолындағы күрес — совет халқының еңбек өнімділігін арттыру, материалдық игіліктер молшылығын жасау жолындағы күресінің бір саласы.

Материалдық өндіріс саласындағы қоғамдық еңбектің үлесін арттыру қажеттілігі социалистік өндіріс тәсілінің сипатының өзінен туады, социализмнің негізгі экономикалық заңының талаптарына сай келеді. Басқару және көмектесу апаратын онан әрі жетілдіріп, арзандату, айналым шығынын азайту, басқару аппаратынан босаған адамдарды материалдық өндіріс саласына ауыстыру, бұл саладағы қоғамдық еңбектің үлесін арттыру — социалистік өндірістің экономикалық қажеттілігі, партия, совет және шаруашылық ұйымдарының аса маңызды міндеті.

Диалектикалық материализм сезімдік және рационалдық білім туралы

Н. МҮСАБАЕВА,

философиялық ғылымдардың кандидаты

Маркстік-лениндік философия білім материалдық дүниенің адам санасында бейнелену процесі деп үйретеді. Маркстік-лениндік білім теориясы маркстік философиялық материализмге негізделеді және өзінің мәні жөнінен диалектикалық білім болып саналады. Оның негізі—бейнелеу теориясы. Бұл теория бойынша біздің түйсігіміз, қабылдауымыз, түсінігіміз және ұғымымыз объективті шындықты дұрыс бейнелейді. Бейнелеуді объективті дүниенің кескіні (яғни картинасы, суреті, көшірмесі) ретінде түсіну керек.

В. И. Ленин өзінің философиялық шығармаларында білім немесе материалдық шындықтың бейнелену процесі адам миында заттардың жай ғана суретке түсірілуі емес, бұл күрделі және қайшылығы көп процесс, бұл процесс құбылыстан оның мәніне дейінгі, үстірт білуден неғұрлым терең білуге дейінгі білім жолын көрсетеді деп жазды.

Білім процесінің қайшылықта болуы материалдық дүниенің ұдайы өзгеріп, дамып отыруына байланысты, қайшылықтардың күресі оның даму көздері болып есептеледі. Сонымен, материалдық дүниенің қайшылықтар негізінде даму заңы, оның адамның миында бейнелену процесінің заңы да болып есептеледі.

Қозғалыста және дамуда болатын материалдық дүниені, оның саналуан байланыстарымен және қатынастарымен, бірден бүтіндей толық білуге болмайды. Білім ғылымның, техниканың дәрежесімен, әлеуметтік жағдаймен шектелген болады. Мұның үстіне ескі түсініктің, теорияның және жаңа ашылған фактының арасында қарама-қарсылық пайда болады. Бұл қарама-қарсылық тек білім процесінің дамуында жойылып отырады.

Күрес және қайшылықтарды жеңу білім процесінің тарихи жолын белгілеумен бірге, олар — әрбір жеке білімге тән нәрсе, ал білімнің қайшылықты сипаты адамның материалдық дүние заттарын тануының қайшылықты сипатынан келіп шығады. Әрбір нәрсе, әрбір зат құбылыс пен мәнінің бірлігі ретінде көрінеді, құбылыс пен мән бір емес, бірақ олар сол бір объективтік шындықтың екі жағын көрсетеді.

Диалектикалық материализм мән әрбір заттың ішкі, неғұрлым маңызды жағын, оның негізін сипаттайды деп үйретеді. Мән — құбылыстардағы ішкі, қажетті байланыстар мен қатнастардың көрінісі, ол құбылыстардың даму бағытын және сипатын белгілейді. Құбылыс мәнің сыртқы көрінісі, сыртқы формасы ретінде көрінеді, заттарды өзінің сыртқы формасында адам жай байыптай алады. Мән мен құбылыс тығыз байланысты. Мән құбылыстан тыс өмір сүре алмайды, өйткені құбылыс — мәнің көрінісі.

Мән мен құбылыстың диалектикалық бірлігін атап көрсете отырып, олардың бірлігі болуымен бірге өзгешелігі бар екенін де көрсетпеуге болмайды, бірақ оларды бірдей қарау дұрыс емес, өйткені заттардың көріну формасы мен мәні біріне бірі тікелей үйлеспейді. «Егер заттардың көріну формасы мен мәні тікелей үйлесетін болса, — деп көрсетті Маркс, — онда

қандай да болсын ғылымның болуының өзі артық болар еді» («Капитал» 3-том, 830-бет, 1953 ж.).

Мән заттың ішкі жағы ретінде құбылыстардың сыртында көрінбейді, ол адамның жанарына тікелей түспейді және тек сезімдік байыптау арқылы танылмайды. Сондықтан да ғылыми білімнің мақсаты заттардың сыртқы көрініс формаларымен бүркеліп жатқан ішкі мәнін аша білуде.

Мысалы, капиталистік қоғамда жұмысшылардың жалақысы үстірт қарағанда жұмысшының барлық еңбегінің (қажетті және қосымша еңбегінің) ақысы ретінде көрінеді. Бірақ, шындығында жұмысшы еңбегінің бір бөлегіне ғана ақы төленеді, оның еңбегінің екінші бөлегін капиталистер қосымша құн ретінде иемденеді. Демек, жалақы жұмысшы күшінің бағасының немесе құнының бүркеме формасы ретінде жұмысшыларды капиталистердің қанауын бүркемелейді, сөйтіп жұмысшының еңбегіне толық ақы төленеді деген алданыш көрініс пайда болады.

Демек құбылыс мәнмен үйлеспейді, білімнің міндеті осы үйлеспеушілікті аша білуде, құбылысқа сүйене отырып, мәнді тануда.

Сонымен, білім процесі—даму процесі, бұл процесстеменнен жоғарыға қарай, жай нәрседен күрделі нәрсеге қарай, шындықтың сыртқы үстірт жақтарын білуден оның ішкі елеулі жақтарып білуге қарай өрлей дамыйды. Диалектикалық білім процесінің өзі біздің білімдеріміздің құбылыстан мәнге қарай, мәнді үстірт білуден неғұрлым терең білуге қарай тереңдей беру процесі болып саналады.

Білім процесінің негізгі сатыларын Владимир Ильич Ленин дәл сипаттап берді. Ол: «Нақты байымдаудан абстрактылы ойлануға және одан практикаға көшу—шындықты білудің, объективтік шындықты білудің диалектикалық жолы міне осы» деп жазды («философиялық дәптерлер» 146—147-беттер, 1947 ж.).

Идеализмге және агностицизмге қарсы диалектикалық материализм білімнің субъективтік формасы мен объективтік мазмұнының бірлігін тануды негізге алады.

Материяның адам мойында бейнеленуінің субъективтік формалары түйсік, қабылдау, түсінік және ұғым болып саналады. Мұның алғашқы үшеуі сезімдік білім формаларына жатады, ал ұғым рационалдық білім формасы болып табылады. Сезетін, қабылдайтын, түсінетін және ұғатын субъект адам болғандықтан олар субъективті. Бірақ мұнымен бірге түйсік, қабылдау, түсінік және ұғым өзінің мазмұны жағынан объективті де болып саналады. Адамның санасынан тәуелсіз өмір сүретін материалдық дүниенің бейнеленуі, олардың объективті мазмұны болып табылады.

Адамның түйсігі, қабылдауы, түсінігі және ұғымы—объективтік мазмұнның тек көрініс формалары, объективті шындықтың бейнелену формалары, яғни объективті дүниенің субъективті бейнелері. Демек, диалектикалық материализм түйсіктің, қабылдаудың, түсініктің және ұғымның объективті мазмұнын танып отырып, оларды объективті шындықпен бірге қоймайды, өйткені бұлай бірге қою сыртқы материалдық дүниенің алғашқылығы жөніндегі қағидаға қайшы келген болар еді.

Материалдық шындықтың бейнелену формалары ретіндегі түйсіктің, қабылдаудың, түсініктің және ұғымның арасында өзара тығыз байланыс бар, оларды бірінен-бірі бөліп алуға болмайды. Тек өзіне тән сапалы өзгешеліктерін айыру мақсатында ғана олар жеке-жеке алынып каралады.

Адамның материалдық шындықты білуінің ең бастапқы формасы—түйсік. Диалектикалық материализм табиғи білімдерге толық сәйкестікпен, түйсіктің негізі ретінде материяны таныйды, түйсікті материалдық шындықтың тек субъективтік бейнесі деп есептейді.

Түйсіктің сипатын белгілей келіп, Ленин былай деп жазды: «Түйсік—шындықта сананың сыртқы дүниемен тікелей байланысы, сыртқы әсер-

дің күшінің сана фактысына айналуы» (Шығармалар, 14-том, 45-бет). Ленинің бұл қарғидасы И. П. Павловтың анализаторлар (сезім органдары) жөніндегі ілімінде табиғи-ғылыми дәлелденді, Павлов бұл терминмен әдетте адамның сезім органдарын атады.

Анализаторлар дегеніміз — нервтік күрделі механизмдер, олар өздеріне әсер ететін барлық нәрсеге алуан түрлі анализдер жасап отырады. Олар заттарды, сыртқы қоршаған дүниенің құбылыстарын және олардың түрлі сапалары мен қасиеттерін сезеді.

Әртүрлі арнаулы анализаторлардың болуы адам организміне материалдық дүние заттарының жеке өзгешеліктері мен сапаларын сезуге мүмкіндік береді: мәселен, оптика немесе көз жанары анализаторы жарықты сезеді, дыбыс анализаторы — дыбысты сезеді, мұрын — иісті, ауыз — дәмді, тері — жылылық пен суықтықты, қатты мен жұмсақты сезеді, тағы басқалар. Бұл анализаторлардың өздері өзіне тиісті түйсіктендіргіштерді неғұрлым ұсақ элементтерге бөледі, мұның өзін анализаторлардың анатомиялық сыртқы бөлшектерінің де, ішкі бөлшектерінің де өзгешеліктері жүзеге асырады.

Шартты рефлекс әдісінің көмегімен организмнің ортаны сезуінде мыйдың жетекші роль атқаратыны дәлелденген болатын. Мәселен, көздегі суреттелу процесінің материалдық негізі сетчатка болып табылады, сетчаткада жарық күшінің нервтің физиологиялық әсер күшіне айналуының күрделі процесі болады. Бұл нервтік әсер көру нервтері арқылы үлкен мый қабығы клеткаларына дейін жетеді.

Сөйтіп, көздің сетчаткасында көрінген заттың суреті түседі, бірақ бұл сурет әлі заттың субъективті бейнесі бола алған жоқ. Адамда заттың субъективті бейнесі болуы үшін мыйдың қабығында анализ бен синтездің көп күрделі актысы орын алуы керек. Мыйдың қабығы сетчатканың көздің жанарын қозғалтатын етті тамырларынан, көптеген сезгіш элементтерінен келетін жеке нервтік импульстарға анализ бен синтез жасауға тиіс. Мыйдың аналитикалық-синтетикалық қызметінің нәтижесінде заттың субъективті бейнесі ретінде түйсік пайда болады.

Үлкен мыйдың қабығы сезгіш, қабылдағыш орталықтардың, яғни мыйдың анализаторларының жыйынтығы бола отырып, жеке сезімдердің пайда болуымен бірге затты бүтіндей қабылдауды қамтамасыз етеді, өйткені адам өзінің практикалық қызметінде заттардың жеке өзгешеліктері және сапаларымен шұғылданбайды, өздеріне тән өзгешеліктері және сапалары бар заттармен шұғылданады.

Қабылдау, түйсіктің күрделі комплексі ретінде, объективті шындықты сезіммен білудің неғұрлым күрделі формасы болып саналады. Ол затты бүтіндей бейнелейді, заттың өзгешеліктері мен сапаларын түгел алып көрсетеді. Сондықтан қабылдау түйсіктің жай жыйнағы ғана емес, ол өзінің құрамына қосылатын түйсіктің сапалы өзгешеліктері бар күрделі бүтін тұлғасы. Мәселен, адам алманы жеке сапаларымен бірге (түсі, иісі, дәмі тағы басқалары) бүтіндей қабылдайды. Сол сыяқты біз адамның даусын бүтіндей қабылдаймыз, оны дыбыстың түрлеріне, күшіне қарай бөліп жатпаймыз.

Қабылдау заттың немесе құбылыстың сезімді бейнесі болуымен бірге олардың санаға қонымы, яғни қабылдау өзіне түсіну, ойлау актыларын енгізеді. Мұның өзі қабылдаудың ерекше өзгешелігі болып саналады. Қабылдаудың ойға қонымдылығы сезім мәліметтерінің заттық маңызын анықтайды, өйткені біз белгілі маңызы және аты бар заттарды қабылдаймыз.

Сезімдік білімнің жоғарғы формасы түсінік болып табылады, түсінік сезім бейнелерінің әсерлерімен пайда болады. Егер қабылдау заттың адамның сезім органдарына тікелей әсер етуімен пайда болатын болса, түсінік заттың көздің өзінде бірден пайда бола қоймайтын бейнесі болып табылады. Адам затты тікелей сезбей тұрып-ақ түсіне алады. Түсініктің

біздің өмірімізде маңызы зор. Егер біз түсіне алмаған болсақ, тек сезімді қабылдаумен ғана қанағаттанған болсақ, онда біз кәзіргі нақты жағдайға ғана байланған болар едік, өткен дәуірдің сезімді бейнелері біздің өмірлік тәжірибемізде орын алмаған болар еді.

Түсінік те қабылдау сыяқты, заттардың, құбылыстардың нақты бейнесі, кейде ол қабылдаудан гөрі төменірек. Түсінік заттардың, құбылыстардың өзіне лайықты көрінісі бола отырып, заттардың барлық жақтары мен белгілерін айқын бере алмайды. Түсінік әдетте заттардың тек кейбір жақтарын, жеке көріністерін бейнелейді.

Түсінудің пайда болуында және дамуында адамның практикалық қызметінің маңызы зор. Нақты практикалық қызметке байланысты түсінікте заттардың сол қызметке байланысты маңызды жақтары неғұрлым айқын танылады. Мәселен, суретшілер бояуларды айқын біледі, архитекторлар заттардың формаларын дәл береді, ал музыканттар есіту түсінігінде жеке мелодиялар мен ритмаларды дәл береді.

Түсінуді сезімді бейнелердің жай қайталануы ғана деп есептеуге болмайды, өйткені түсіну заттардың неғұрлым жыйнақталған бейнесін береді, мұның өзі кейбір нақты бейнелерді есепке алмауды қажет етеді.

Заттардың жыйнақталған бейнесі ретінде түсінік ұғымға жақын, алайда, түсінік зат бейнесінің сезімді формасы болып табылады, ол—бейнелеудің санаға қарағанда төменгі сатысы. «Түсінік, — дейді Ленин, — қозғалысты бүтіндей қамтый алмайды, мәселен 1 секундта 300000 километрлік шапшаңдығы бар қозғалысты қамтый алмайды, ал ой мұны қамтый алады және қамтуға тиіс» («Философиялық дәптерлер», 199-бет 1937 ж.).

Сонымен, білім процесі нақты байыптаудан немесе білімнің сезім сатыларынан басталады. Адамның материалдық шындықпен тікелей байланысында болатын заттар мен құбылыстардың түйсік, қабылдау және түсіну формаларындағы нақтылы-суретті бейнелері сезімді білімнің ерекше өзгешелігі болып саналады.

Түйсік, қабылдау, түсіну арқылы білу жалпы (абстрактылы) ойға қажетті сезім материалдарына негізделеді. Сезім материалдары арқылы білу бізді қоршаған дүние заттарының нақты өзгешеліктерін, белгілерін бейнелейді. Сыртқы дүниенің формалары мен бояуларының әралуандығын және барлық байлығын нақты байыптау арқылы білуге болады. Сондықтан сезімдік білім материалдық шындықтың тікелей көрнекі бейнесі ретінде біздің сыртқы дүние жөніндегі барлық білімдеріміздің көзі болып табылады.

Алайда, білім процесіне нақты байыптау жеткіліксіз, өйткені ол сыртқы дүниенің терең бейнесін бермейді, ол заттар мен құбылыстардың мәнін, ішкі заңдарын білуге жеткіліксіз. Заттардың ішкі заңдылықтарына ашу үшін нақты байыптаудан абстрактылы ойға дейін көтерілу керек. Бұлай көтерілу білім процесінің өзінде жүзеге асырылады. Бұл көтерілу, Лениннің айтқанындай, сезімнен ойға қарай диалектикалық секіру болады.

Абстрактылы ой — білімнің жоғары, жана сапалы сатысы. Алайда абстрактылы ой тек түйсіктің, қабылдаудың және түсінудің негізінде ғана материалдық шындықты бейнелей алады, бұларсыз абстрактылы ойдың болуы мүмкін емес.

Ой заттардың нақтылы сезімді бейнелеріне сүйенеді, бұл бейнелер адамның қоғамдық практикалық қызметі процесінде пайда болады. Дегенмен, абстрактылы ой объективтік шындыққа ұғымдар, логикалық категориялар, талдау, ақылмен қорыту формалары тағы басқалар арқылы қорытылған бейнелер береді, мұның өзі абстрактылы ойдың сезімді білімнен өзгешелігі болып саналады.

Абстрактылы ойлау тілмен тығыз байланысты, объективті шындықты білуде тілдің маңызы ерекше зор. Тіл абстрактылы оймен тікелей байланысты болуы арқасында ой процесінің нәтижелерін сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер арқылы тіркеп, есте қалдырып отырады.

Тіл — ойдың тікелей жүзеге асырылуы. Тіл байланыс, ойды басқаларға беру мақсаты үшін қортындылау, суреттеу, байымдау әдістері болып саналады. Тіл объективтік шындықты білудің, адамның бүкіл тәжірибесін баянды етудің құралы.

Ой да — түйсік, қабылдау және түсіну сыяқты идеялық құрал бола отырып, үлкен мый қабығының объективтік шындықты бейнелейтін қасиеттерінің бірі.

Нерв қызметі жөніндегі И. П. Павловтың ілімі бойынша үлкен мый қабығының шартты рефлексік қызметі ойдың, психиканың негізі болып табылады. Үлкен мый қабығының шартты-рефлексік қызметі арқылы сыртқы дүниенің әсерімен өте нәзік анализдер мен күрделі синтездер жасалады. Үлкен мый қабығының анализдік және синтездік қызметі — оның негізгі және басты қасиеті. Бірақ үлкен мый қабығы түрлі анализаторлардың «орталықтарының» жай жыйнағы ғана деп түсінуге болмайды. Үлкен мый қабығы — нерв процесстерінің әралуан «орталықтары» мен пункттерінің өзара байланысын және біріне-бірінің әсерін жүзеге асыратын бүтін тұлға. Үлкен мый қабығы осылай күрделі, өте икемді жүйе болғандықтан, адам өзін қоршаған алуан түрлі байланыс шарттарына анализ және синтез жасау қабілетіне ие болады. Жоғары сатыдағы жануарлардың және адамның үлкен мый қабығының анализдік-синтездік қызметі жөніндегі И. П. Павловтың ілімінің сананың, психиканың, физиологиялық негіздерін ашуда маңызы ерекше зор. Осы ілім арқылы адамның психикалық қызметінің мыймен, тәнмен және сыртқы материалдық шындықпен байланысы жоқ жанның әрекеті деп түсіндірмек болған идеалистік пікірлер әшкереленеді.

Анализ процесінде адамның ойлану қызметінде зерттеуге айынған зат өзінің құрамды элементтеріне бөлінеді, кейіннен олар синтез процесінде ойлану арқылы біріктіріліп бүтін тұлға ретінде бейнеленеді. Ойлану процесінде анализ бен синтез тығыз байланысты, өйткені олар сыртқы материалдық дүниенің әсер етуі нәтижесінде пайда болады, сыртқы материалдық дүниеде бөліну, тарамдалу және біріктірілу — бүтін процесс. Ф. Энгельс, ойлану дегеніміз сана заттарының өздерінің элементтеріне бөлінуі ғана емес, мұнымен бірге бірімен-бірі бір тұтас болып саналатын элементтердің бірігуі болып та танылады, анализсіз синтез жоқ, деп көрсетті.

Бүтін ойлану процесінің біріне-бірі байланысты түрлі жақтары ретінде анализ бен синтездің бірлігі ғана заттар жөнінде бізге толық білім береді. Бірақ білім заттар мен құбылыстарға анализ және синтез жасаумен ғана қанағаттанбайды. Адам өзінің қоғамдық өндірістік қызметі процесінде заттар мен құбылыстардың көптеген белгілері, қасиеттері ішінен неғұрлым маңыздыларын және елеулілерін бөліп алады да, қалған кездейсоқ, елеусіз қасиеттері мен белгілерін тастап отырады.

Нақты зат пен құбылыстың жеке белгілері мен қасиеттерін осылай оймен бөліп алу, олардың елеусіз қасиеттері мен белгілерін тастап отыру тек абстракциялау процесінде ғана жүзеге асырылады, абстракция жасау процесінде білімге маңызы зор ұғымдар, абстракциялар пайда болады. Сезіммен немесе нақты байыптаумен алынған мәліметтерге абстрактылы ойлау арқылы анализ және синтез жасау жолымен ғана құбылыстардың мәніне терең бойлауға, объективті дүниенің заңдарын білуге болады.

Демек, ұғымдар адамдардың қоғамдық-өндірістік қызметін қортындылаудың заңды нәтижесі ретінде пайда болады, адамдардың ерекше өзгешелігінің өзі осы қортындылауда. Адам ұғымдарында табиғат, нақтылы заттар мен құбылыстар өздеріне тән диалектикалық өзгешелікпен бей-

неленеді. Ұғымдар арқылы ойлану заттармен байланысты болмаса да, олардың жалпы, елеулі және қажетті қасиеттерін бейнелейді.

Мәселен, материя ұғымы материяның нақты формаларын (суды, ауаны, өсімдіктерді, хайуандарды тағы басқаларды), олардың нақты түрлеріне тән қасиеттерін, белгілерін елемей, бәріне бірдей жалпы белгілерін бөліп қортындылаудың нәтижесінде пайда болды. Материяның барлық алуан түрлі сезіммен білінетін формаларының бәріне бірдей жалпы қасиет—объективтік шындық қасиеті, бұл объективтік шындық біздің санамыздан тәуелсіз өмір сүреді. Материя ұғымы дүниенің объективті шындық екенін бейнелейді.

Сонымен, ұғымда жеке заттардың өздеріне тән алуан түрлі сапалары берілмейді, бірақ біртектес заттардың барлығына бірдей жалпы ең елеулі қасиеттері беріледі. Ұғымда заттар мен құбылыстардың мәндері бейнеленеді. Демек, ұғымның пайда болу процесі — заттар мен құбылыстардың екінші кезектегі елеусіз белгілері мен қасиеттерін елемеу процесі. Бірақ ұғымның пайда болуы—нақты шындықты мүлде елемеу деген сөз емес. Абстрактылы ой логикалық әдіс, елемеу және қортындылау жолымен нақтылы заттардың мәнін түсіндіретін белгілер мен қасиеттерін бөліп алады.

Ғылыми абстракция заттар мен құбылыстардың ең елеулі қасиеттерінің жыйнағын бейнелей отырып, нақтылы білімді қортындылай отырып, сыртқы дүниені терең бейнелейді, бізді сыртқы дүниеге жақындата түседі.

Сонымен, абстрактылы ой — тілмен тығыз байланысты, материалдық шындықтың бейнеленуінің жаңа сапалы, жоғары формасы. Алайда абстрактылы ой объективті дүниені тек нақты байыптау арқылы ғана бейнелей алады. Сондықтан нақты байыптау мен абстрактылы ой диалектикалық бірлік болып саналады.

Бірақ білім процесі білудің бұл екі сатысымен ғана қанағаттанбайды. Білім процесі теориялық білімдер практикада сыналғанда ғана, білім дәлелденген шындыққа айналғанда ғана аяқталады.

Мысалы, білім процесі нақты байыптау мәліметтерін абстрактылы ойлау жолымен қортындылауға қарай өрлей отырып, қортындылар мен теориялық қағидаларды практикада сынауға қарай заңды көтеріледі. Сондықтан білімді практикада сынау, теориялық қағидаларды адамның практикалық қызметінде сынау жалпы білім процесінің өте маңызды шешуші жағы болып табылады.

Мұнымен бірге практиканың білімдік маңызы білімнің шындығын тексеруімен ғана шектелмейтінін атап көрсету қажет, өйткені практика білімнің шындығының объективті өлшеуіші болуымен бірге, теориялық білімнің негізі болып саналады.

Түйсік пен қабылдау материалдық шындық заттары мен құбылыстарының адам организмімен, оның сезім органдарымен байланысы нәтижесінде пайда болады. Бұл өзара байланыс табиғаттың адамға, сол сыяқты адамның табиғатқа әсерін көрсетеді. Практика ғана адамның объективті шындыққа белсенді, творчестволық қатынасын ашады.

Практика білім процесінің барлық сатыларында — білімнің сезу сатысында да және абстрактылы ой сатысында да — шындықтың өлшеуіші.

Адамның практикалық қызметі—барлық білімнің қайнар бұлағы, өйткені практика ғылым алдына, теориялық білім алдына нақты міндеттер қойып отырады. Адам білімінің мақсаты тек дүниені зерттеуде ғана емес, мұнымен бірге, ең бастысы, табиғат пен қоғамға белсенді әсер ете отырып, дүниені өзгертуде. Осыған байланысты практика білімнің маңызды сатысы болып табылады, өйткені адамның нәтижелі практикалық қызметі ғана, оның объективті материалдық дүниеге үстемдік етуін қамтамасыз етеді.

Техникалық прогресс үшін күрес жолында

П. ЕФИМОВ

Қазақстан КП Лениногор қалалық комитетінің секретары

Совет қоғамының өндіргіш күштерін дамыта беру жоғары техниканы қолданумен, кәзіргі машиналар мен станоктарды барынша толық пайдаланумен тікелей байланысты. Техникалық прогресс — социализм мен коммунизм кезінде өндірісті дамытудың негізгі шарты. Тек жетілдірілген техниканың негізінде ғана жоғары еңбек өнімділігіне — жаңа қоғамның жеңуі үшін ең маңызды, ең басты нәрсеге жетуге болады.

Партия мен үкметтің өндіріске ғылым мен техниканың жәпе озат тәжірибенің жетістіктерін кеңінен енгізу негізінде өнеркәсіпті оған әрі дамыта беру шаралары туралы шешімдерімен қаруланған Лениногор кеншілері, металлургтері, энергетиктері, құрылысшылары социалистік жарыстың туын жоғары көтере түсті. Руда шығару, металл балқыту, электр қуатын өндіру, жаңа өндірістік қуаттарды молайта беру, мәдени-тұрмыс объектілерін және қолайлы тұрғын үй құрылыстарын салу жөніндегі еңбек қарқыны күннен-күнге арта түсуде.

Лениногор полиметалл комбинатының кен-металлургия кәсіпорындарының коллективтері өткен жылы руда шығару, концентрат өндіру және металдар балқыту жөніндегі тапсырмаларды жалпы көрсеткіштер бойынша орындады. 1955 жылдың бірінші жартысының руда шығару жоспары асыра орындалды. Рудадағы металдың мөлшері жөніндегі тапсырманы барлық рудниктер едәуір асырып орындады. Кен-күрделі құрылыс және дайындық жұмыстары жөніндегі тапсырма 112 проценттен аса орындалды. Мұның рудниктің өндірістік қуатын кеңейте беру жөнінде шешуші маңызы бар.

Қорғасын зауытының коллективі жұмсақ қорғасын қорыту жөніндегі жарты жылдық тапсырманы асырып орындады. Жоғары маркалы қорғасын тапсырмадан 38,3 процент артық алынды. Қорғасын концентраттарын шығару жоспары да асырып орындалды.

Быструшинск руднигінің кеншілері соңғы екі жылдың ішінде руда шығаруды екі еседен астам арттырды. Быйыл жоспар едәуір көбейтілгеніне қарамастан, кеншілер тапсырманы толық орындады. Руда шығарудың жарты жылдық жоспары асыра орындалды, бір тонна руданың түсер құны 13,9 процент арзандатылды, еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырма 8 процент асырып орындалды.

Руда шығару қарқыны руда құлатудың жоғары өнімді әдісін, яғни блоктап құлату әдісін енгізу есебінен артты. 1954 жылы блоктап құлату әдісімен жалпы руданың 98,7 проценті өндірілді, механикаландырудың дәрежесі шұғыл артты, соңғы үш жылдың ішінде жерасты жұмысшыларының еңбек өнімділігі 86 процент артты.

Жаңашыл жұмысшылар инженерлермен және техниктермен бірлесіп отырып, руданы блоктап құлатудың әдістерін меңгерудегі қол жеткен табыстармен қанағаттанып қалмайды, олар өндірісті табандылықпен жетілдіре беруде, блоктарды жоспарлау және жүзеге асыру ісіне ұйымдастыру және техникалық түзетулер енгізуде. Мысалы, өткен жылдың ақырында жаңашыл кеншілер — бас инженер Гулия жолдас, кен инженері Галимжанов жолдас, бұрғылаушылар Давыдов, Голышев, Зайнулин жол-

дастар, участок бастығы Рудаков жолдас, комбинат басқармасының техникалық бөлімінің қызметкерлері Майер жолдастың және Қазақ ССР Ғылым Академиясының қызметкерлері Ахметов және Терентьев жолдастардың қатынасуымен блоктарды пневмоударниктерді пайдалану арқылы бұрғылаудың жаңа технологиясын жасап шығарды. Бұл системаны өндіріске енгізу бұрғылау станоктерінің өнімділігін екі — екіжарым есе арттырды, скважина бұрғылауды біржарым есе шапшаңдатты, бұрғылауды қалаған бағытта жүргізуге мүмкіндік берді.

Жаңашылдар басқа бір маңызды проблеманы — блоктарды бұрғылау жөніндегі дайындық жұмыстарының бүкіл циклін шапшаңдату проблемасын шешуге кірісті. Бұл жаңалық, алдынала жасалған есеп бойынша быйылғы жылы 700 — 800 мың сом үнемдеуге, жұмысшы күшінің жұмсалудың 25 процент қысқартуға, бұрғылау жұмыстарында еңбек өнімділігін 31 процент арттыруға мүмкіндік береді, кеншілердің жұмыс жағдайын негізінен жақсартады.

Быйыл рудникте шпурларды бұрғылау жұмыстарын бұрғылау штанғасына алмалы-салмалы коронкалар орнату арқылы жүргізу кенінен қолданылды. Бұл жәй оп-онай шара бұрғыларды тасыйтын жұмысшыларды басқа жұмысқа ауыстыруға мүмкіндік береді. Өйткені бұрғышының өзі инструментальныйден салмағы екіжарым—үш килограмнан аспайтын 10 — 15 коронка алып, жұмыс аяқталғаннан кейін оларды заправка орындарына өткізеді. Осымен бірге рудникте бұл шараның есебінен ондаған тонна бұрғылауға пайдаланылатын болат үнемделді.

Еңбек өнімділігінің үнемі арттырылуы, еңбекті көп керек ететін кен жұмыстарын механикаландырудың жоғары дәрежесі жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің творчестволық белсенділігінің көрсеткіші болып отыр.

Өндіріс процестерін жетілдіре беру, аса жана техниканы енгізу жоспарды мезгілінен бұрын орындауға жағдай жасады. Быйылғы жылы Быструшинск руднигінің коллективі өздерінің алдына жауынгерлік міндет — кен-даярлық жұмыстарының бесжылдық жоспарын 17 октябрьге, руда шығарудың жоспарын 15 декабрьге орындау, еңбек өнімділігін 1955 жылдың тапсырмасының үстіне қосымша 7 процент арттыру міндетін қойып отыр.

Кен жұмысының жалпы комплексінде кен транспорты үлкен роль атқарады. Бұған дейін бұл ең артта қалған участок болып келді. Вагондар мен вагонеткалар және жол шаруашылығы дұрыс пайдаланылмады, электропоездардың және бос вагондар мен вагонеткаларды берудің дәлме-дәл диспетчерлік қызметі болмады.

Комбинаттың партия комитеті бір топ инженерлерге кен транспорты мен электрооткаткалардың жұмысын түбірінен жақсартудың шараларын белгілеуді тапсырды. Бұл бригада откатка системасы мен поездардың жүру тәртібін егжей-тегжейлеп зерттегеннен кейін, негізгі откатка горизонттарының біреуін автоблокировкаға көшіру жөнінде ұсыныс жасады. Комбинат кәсіпорындары мамандарының күшімен қысқа мерзімнің ішінде бүкіл техникалық документациялары жоспарланды және автоблокировканы монтаждау жүзеге асырылды. Кәзір поездардың жүруін диспетчер басқарады. Басқару пультінде бүкіл трасса бойындағы светофорлар жарық түстерінің өзгеруі қайталан отырады, сонымен бірге поездардың өтуі белгіленіп отырады. Осымен бірге диспетчер мен электровоз машинистерінің екі арасында екі жақты радиоқабаршы жұмыс істейді.

Автоблокировка бір сменада өткізілетін поездардың санын едәуір арттыруға, стрелочниктердің бірсыпасын басқа жұмысқа ауыстыруға, электропоездардың авариясын болғызбауға, олардың жүру шапшаңдығын арттыруға мүмкіндік берді. Кәзіргі уақытта комбинаттың қызметкерлері стрелкалы переводтарды, сол сыяқты басқарудың диспетчерлік пульті арқылы басқаруды орталықтандыру жөнінде жұмыс жүргізіп жатыр.

Жұмысшылардың, инженерлердің және техниктердің творчестволық ойын қорғасын заводының партия ұйымы (партия ұйымының секретары Бачин жолдас) өндірістің резервтерін пайдалануға бағыттап отыр. Заводтың бас инженері Малкин жолдас басқарған тұрақты инициативалық топ өз төңірегіне жұмысшылардың және басқару қызметкерлерінің қатарынан үлкен актив топтастырды, техникалық насихат жөнінде жұмыс жүргізуде, құрал-жабдықтардың өнімділігін онан әрі арттырудың және еңбек өнімділігін арттырудың ішкі резервтерін іздеуде. Кәзіргі уақытта бірсыпыра батыл техникалық проблемалар шешіліп жатыр.

Партия ұйымы техникалық прогрестің көптеген жаңашылдарын тәрбиелеп шығара алды. Бұлар рафинация цехының бастығы Копченко жолдас, агломерация цехының бастығы Болотинский жолдас, осы цехтың бригадирі Васильев жолдас, машинастердің бригадирі Тетерин жолдас, балқыту цехының бастығы Юков жолдас, балқыту және рафинациялау цехтарының бригадирлері Степанищев, Желдібаев жолдастар, тағы басқалар.

Комбинаттың кәсіпорындарында мамандықтар бойынша жарыс кеңінен етек алды. Осы жылдың бірінші тоқсанында жарыста озып шыққан Быструшинск руднигінің скрепершісі Мурзинцев жолдасқа, Андреев руднигінің экскаватор машинисі Шилепин жолдасқа, қорғасын заводының балқыту цехының балқытушысы Сүлейменов жолдасқа «Озат скреперші», «Экскаватордың озат машинисі», «Озат балқытушы» деген құрметті атақтар берілді. Бірінші тоқсанның қортындысы бойынша өндірістің 116 озатына өз мамандықтары бойынша құрметті атақтар берілді. Бүтін коллективтерге құрметті атақтар берілуде.

Өндіріс озаттарының жұмыс әдістері мен тәсілдері көп тиражды плакаттарда баяндалып таратылды. Кен мастері Владимиров жолдастың (Лениногор руднигі), проходчиктер бригадирі Клейн жолдастың (Сокольный руднигі), құдықтап бұрғылау бригадирі Сухобаевский жолдастың (Быструшинск руднигі), байыту фабрикасының классификаторы Сидоркина жолдастың және тағы басқаларының озат әдістері мен жаңашылдық тәсілдері толық зерттеліп, қорытылды.

Лениногорскіде өнеркәсіптік және мәдени тұрмыс объектілерінің құрылысын жүргізетін қуатты «Лениногорсквинестрой» құрылыс тресі бар. Қалалық комитеттің жақында болып өткен пленумында құрылыстың индустриялық әдістері туралы мәселе талқыланған кезде трест кәсіпорындарының коллективтерінің соңғы уақытта құрылыс процестерін механикаландыру, төбе жапқыштардың, қабырғалардың, колонналардың және тағы басқалардың құрастырмалы конструкцияларын пайдалану жөнінде зор творчестволық жұмыс жүргізгендігі атап көрсетілді.

Құрылысшылар диаметры 500 — 700 миллиметрлік құрастырмалы темірбетон трубаларын даярлауды меңгерді. Кәзіргі уақытта диаметрі 800-ден 1200 миллиметрге дейінгі трубаларды шығару меңгеріліп жатыр. Тұрғын үйлердің құрылыстарында төбе жапқыштардың темірбетоннан жасалған жол-жолды плиталары кеңінен қолданылуда. Кәзір темірбетоннан үйдің төбесіне салатын қарылар және түрлі бағаналар жасау меңгерілуде. Құрылыс жұмыстарының мерзімдері едәуір қысқартылды.

Құрастырмалы темірбетонды конструкциялар бұйыл бұрынғыдан да кең қолданылады. Трестің темірбетон конструкцияларын жасау цехы 5 мың текшеметрден астам әртүрлі темірбетон бұйымдарын жасап шығарады. Бұл өткен жылғы шығарылғаннан екі есе дерлік көп. Мұнан басқа белмелердің арасын бөлу үшін және ішкі төбелер үшін 25 мың шаршыметр гипс және бетон плиталар даярланады. Жұмыс уақытын қысқартудың, материалдарды үнемдеудің және еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың дәрежесін арттырудың есебінен трест 2 миллион сомнан артық үнемдеді.

Құрылыс учасіткерінің бастауыш партия ұйымдары, трестің партия комитеті еліміздің ірі құрылыстарында қолданылатын құрылыстың озат әдістерін кең насихаттауда, құрылыс механизмдерін пайдаланудың жоғары коэффициенті үшін күресуде.

Осылай болғанмен трестің коллективіне және партия ұйымына әлі де жеке учасіткерде болатын жұмыстың ақсауын біржола жою үшін, құрылыс механизмдерінің, әсіресе, башнялы крандардың пайдаланылу дәрежесін арттыру үшін көп жұмыс істеулері керек болады, осылардың есебінен қолмен істелінетін жұмыстардың көлемін барынша азайтуға болады.

Техниканы және ішкі резервтерді шебер пайдаланудың жақсы мысалдарымен бірге комбинаттың кәсіпорындарында және қаланың құрылыстарында басшылардың бар құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалана алмайтындығын, жұмысшы күші мен механизмдердің жаппай қарап тұруына жол беретіндігін көрсететін фактілер бар. Осының салдарынан жеке кәсіпорындар мемлекеттік жоспарларды орындай алмай, жана өндірістік қуаттарды қатарға қосу үшін бөлінген қаржыларды толық меңгере алмай келеді.

Мұндай кәсіпорындардың қатарына, мысалы, Лениногор «Шахтастрой» басқармасы жатады. Соңғы екі жылдың ішінде бұл құрылыс басқармасы кең проходкалау және құрылыс-монтаждау жұмыстарының жоспарларын бірде-бір рет орындаған емес, үнемі аса маңызды объектілерді іске қосуды кейінге тартып келеді. «Шахтастрой» басқармасының басшылары кең техникасын ұқыпсыздықпен пайдалануға, құрал-жабдықтардың жаппай қарап тұруына жол беріп келді. Қалалық партия комитетінің бюросы «Шахтастрой» басқармасының сонда қалуы туралы мәселе қарап, басқарманың бастығы Негоновты орнынан алды. Құрылыс басқармасын басшы кадрлармен нығайтты. Қазірдің өзінде бұл коллективте іс оңдала бастады.

Полиметалл комбинатының кәсіпорындарында әлі де көп кемшіліктер бар. Мынаны айтсақ та жеткілікті, байыту фабрикасы (директоры Логинов жолдас, партия бюросының секретары Зюзина жолдас) бірінші жарты жылдықта руда шығару жоспарын орындай алмады. Сол сыяқты мырш концентраттарынан мырш айырып алу жоспарын да орындай алмады.

Мынаны атап өту қажет: қалалық партия комитеті әлі барлық уақытта бірдей қаланың өнеркәсіп орындарының өндіріс технологиясының жағдайын терең зерттеп, бұл іске партия ұйымдарының секретарьларын бағыттап отырмайды.

Қазір, бүкіл елімізде бесінші бесжылдық жоспардың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы еңбек өрлеуі күннен күнге қарқындап келе жатқан кезде, қалалық партия комитеті және бастауыш партия ұйымдары, өнеркәсіп орындары өздерінің алдына қойылған міндеттерді орындап шығуы үшін барлық шараларды жүзеге асырады.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы белгілеп бергендей, партия ұйымдары еңбек өнімділігін арттыру және ғылым мен техниканың ең жана жетістіктерін өнеркәсіпке енгізу жөніндегі, өндіріс жаңашылдары мен озат кәсіпорындардың тәжірибесін кең тарату жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарына баса көңіл бөлуі керек. Тек осындай жағдайда ғана өнеркәсіпке партия басшылығының дәрежесін арттыруға, барлық кәсіпорындардың жұмыстарын жақсарту жөнінде нақты табыстарға жетуге болады.

Аудандық партия комитетінің штаттан тыс лекторлар тобы

С. КРИВОШЕЕВ,

Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің лекторы

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөніндегі міндеттер лекциялық насихатқа партия комитеттерінің штаттары лекторларынан басқа теориялық жағынан дайындығы күшті коммунистерді — партия және совет қызметкерлерін, оқу орындарының оқытушыларын, білімнің түрлі салаларындағы мамандарды көптеп тартуды талап етеді.

Солтүстік Қазақстан облысында 13 лекторлар тобы жұмыс істейді. Оның ішінде облыстық комитеттің және Петропавл қалалық комитетінің лекторлар тобы, селолық аудандық комитеттердің 11 лекторлар тобы бар. Штаттан тыс лекторлар тобы 240 адамнан құралған. Әдеттегідей бұл топтарды аудандық партия комитетінің идеологиялық жұмыстарды басқаратын секретарьлары, сонымен бірге аудандық партия комитеттерінің үгіт және насихат бөлімдерінің менгерушілері басқарады.

1954 — 1955 оқу жылында штаттан тыс лекторлар, негізінен маркстік-лениндік теорияның мәселелері жөнінде 3200 лекция оқыды. 500-ден астам лекция СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының шешімдерін насихаттауға арналды.

Қоңузов, Преснов, Булаев және Соколов аудандарында штаттан тыс лекторлар тобының жұмысы жақсы ұйымдастырылған. Қоңузов аудандық партия комитетінің лекторлар тобы 9 адамнан құралған. Лекторлардың құрамында аудандық партия комитетінің секретарьлары Каскеев және Лукьянов жолдастар, Чистаяск МТС-інің бас зоотехнигі Банков жолдас Қарақоға орта мектебінің директоры Медведев жолдас және басқалары бар.

Топтың жұмысы жоспармен жүргізіледі. Әрбір жаңа дайындалған лекциялар топтардың мәжілістерінде талқыланады. Лекциялардың кемістіктері түзетіліп, толықтырылғаннан кейін барып қана оларды оқуға рұқсат беріледі. Лекторлардың өзара бір-бірінің лекцияларына қатнасуы қолданылып жүр, мұның тәжірибе ауысуда және лекция оқудың әдістерін жақсартуда маңызы зор.

Өткен оқу жылында бұл топтың лекторлары «Европа халықтық демократиялық елдерінде капитализмнен социализмге өту дәуірінің кейбір ерекшеліктері», «Империализмнің және социалистік революцияның лениндік теориясы», «СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының шешімдері — ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің жауынгерлік программасы» және басқа осындай тақырыптарға 12 лекция даярлады.

Штаттан тыс лекторлардың үш айда бір рет мәжілісі өткізіледі, бұл мәжілістерде лекцияларды дайындаудың және оқудың әдістері талқыланады, сол сыяқты кейбір теориялық мәселелер бойынша пікір алысулар ұйымдастырылады.

Бірақ, бұл лекторлар тобының жұмысында да кемшіліктер жоқ емес. Мұнда қазақ тілінде лекциялар аз дайындалады және аз оқылады. Оқылған кейбір лекциялар тыңдаушыларды қанағаттандырмайды. Олар ауданның практикалық міндеттерімен байланыстырылмайды. Аудандық

комитет бұл топтың құрамын теориялық жағынан жақсы даярланған коммунистердің есебінен көбейте алады және едәуір көбейтуге тиісті.

Аудандық партия комитетінің штаттан тыс лекторларының көпшілігі лекцияларды жоғары идеялық-теориялық дәрежеде оқыйды. Тарих ғылымдарының кандидаты Говриц жолдастың, Конюхов аудандық партия комитетінің Суворов МТС-і зонасы бойынша секретары Лукьянов жолдастың, Булаев орта мектебінің директоры Тарасов жолдастың, Конюхов аудандық халық соты Спиридонов жолдастың және басқа жолдастардың лекцияларын тындаушылар сүйсіне тындайды.

Осымен бірге мынаны атап өту керек, көптеген штаттан тыс лекторлар өздерінің лекцияларын дайындау жөнінде творчестволық жұмыс істемейді, басқа авторлардың дайындаған текстерін көшіріп алады және қайталап айтып береді. Мұндай лекциялар практикалық міндеттермен байланыстырылмайды жалпылама сипатты болады. Бірсыпра лекторлар тобында бір лектордың дайындаған лекциясын штаттан тыс лекторлардың оқуы үшін көбейту талаптары да бар. Бірақ мұның бәрі лекциялық насихаттың сапасын жақсартуға көмектеспейтіні түсінікті.

Біздің пікірімізше лекторлар тобы мүмкіндігінше лекторларды белгілі бір мамандық алуға баулуы керек. Мысалы, Конюхов ауданында әрбір лектор белгілі бір тақырыпқа маманданды. Бірсыпра аудандарда секциялар құрылуда. Осымен бірге лекторларға қойылатын талапты арттыру керек. Бізде кез келген тақырыпқа лекция оқыйтын жолдастар бар. Мысалы, Совет аудандық партия комитетінің Совет МТС-і зонасы бойынша секретары Павленко жолдас философия, саяси экономия, халықаралық жағдай, дұрыс қалыпты тұрмыс және басқалар жөнінде де лекция оқый береді. Өзінің бір номерінде осы «гәжрибені» штаттан тыс басқа лекторларға ұсынып «Ленинское знамя» газеті партия ұйымдарына да, Павленко жолдастың өзіне де нашар көмек көрсетті.

Аудандық партия комитетінің колхозда, совхозда немесе МТС-те тұратын штаттан тыс лекторлары өзі тұратын және жұмыс істейтін жерде лекция оқумен тежелмеуге тиісті. Өздерінің штаттан тыс лекторларының ауданның басқа селоларына да лекция оқуға жіберетін партия ұйымдары дұрыс істеп отыр.

Партия комитеттерінің лекторлар тобына тартқан көп жолдастардың лекциялық насихатқа қатнаспауы қынжынарлық. Осы Булаев ауданында лекторлар тобының мүшелері аудандық комитеттің секретарьлары Имаков, Сотнищенко, Марук жолдастар, совхоз директоры Темірбеков жолдас, совхоздың партия ұйымының секретары Қрысанов жолдас лекция оқымайды. Басшы қызметкер болса болды оны лекторлар тобының құрамына жазып қою міндетті емес екені түсінікті. Лекторлар тобы лекциялық насихатты жүргізуге қаблеті бар адамдармен толықтырылуы керек. Лекциялар оқуға селолық интеллигенцияны, теориялық жағынан дайындығы бар коммунистерді батылырақ тарту керек. Петропавл қалалық партия комитеті дәл осылай істеп отыр.

Партия комитеттерінің штаттан тыс лекторлар тобында қазақ тілі өзінің ана тілі болып есептелетін жолдастар аз емес. Бірақ қазақ тілінде лекция даярланбайды және оқта-текте ғана оқылады. Бұл жөнінде облыстық партия комитетінің лекторлар тобы да үлгі көрсетпей келеді. Бұл жұмыс Ленин ауданында бір шама жақсы жолға қойылған. Бұл ауданда тұрғын халқының басым көпшілігі қазақ болып келетін колхоздарға қазақ тілінде оқыйтын лекторлар бекітілген.

Штаттан тыс лекторлар топтары көп жағынан облыстық партия комитетінің лекторлар тобы тарапынан көмек күтеді. Облыстық комитеттің лекторлар тобының қызметкерлері аудандарға шыққан кезде штаттан тыс лекторларды жыйнайды, кейде оларға арнаулы лекциялар оқыйды, консультациялар өткізеді, лекцияларының текстілерін қарап шығады, әде-

биеттер ұсынады. Штаттан тыс лекторлардың лекцияларын рецензиялау іске асырыла бастады. Мысалы, май айында облыстық партия комитетінің лекторлар тобы Мамлют аудандық партия комитетінің секретары Потуданский жолдастың «Коммунистік партияның манифесті — марксизмнің алғашқы программалық документі», Приишим аудандық газетінің редакторы Васильев жолдастың «Советтік социалистік мемлекет туралы» деген лекцияларын рецензиялады. Жергілікті лекторлардың лекцияларын рецензиялауға облыстық комитеттің штаттан тыс лекторлары да қатнастырылды. Өткен оқу жылында лекторлардың екі рет облыстық семинары өткізілді.

Аудандық партия комитеттері жанында лекторлардың мәжліс-семинарларын өткізу штаттан тыс лекторларға бақылау жасаудың және көмектесудің өзін толық ақтаған формасы болып есептеледі. Бірсыпра аудандық комитеттер осындай мәжлістерді үнемі өткізіп тұрады. Мысалы, Булаевск ауданында өткен оқу жылында екі рет лекторлардың аудандық семинары өткізілді. Бірақ көп жағдайда штаттан тыс лекторлармен жұмыстың мұндай формасы қанағаттанғысыз ұйымдастырылады.

Егер партия комитеттерінің тарапынан лекциялық насихаттың мәселелеріне баса көңіл бөлінген болса, штаттан тыс лекторлар тобының жұмысында және оларға басшылық ету жұмысында кемшіліктер едәуір аз болған болар еді. Мысалы, Октябрь ауданында бүкіл оқу жылы бойына штаттан тыс лекторлардың бірде-бір мәжлісі өткізілген жоқ, аудандық комитеттің бюросында лекциялық насихаттың мәселелері бірде-бір рет талқыланған жоқ. Бұл облыстағы үгіт-насихат жұмысының елеулі кемшіліктерінің мысалы жалғыз бұл ғана емес.

Партия комитеттерінің бірінші секретарьларының ауданның, қаланың алдында тұрған шаруашылық-саяси міндеттер мәселесі жөнінде лекторларға нұсқау беріп отыруы жөніндегі партия Орталық Комитетінің талабы орындалмай келеді.

Партия комитеттерінің штаттан тыс лекторлар тобының жұмысындағы кемшіліктерді жою облыс партия ұйымының бүкіл саяси жұмысының дәрежесін жақсартуға игі әсерін тигізеді.

„Орысша-қазақша сөздіктегі“ елеулі кемшіліктер мен қателер

Өткен жылдың аяғында Шетелдік және ұлттық сөздіктердің мемлекеттік баспасы «Орысша-қазақша сөздікті»* бастырып шығарды. Оны Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты баспаға әзірледі. Біздің көп ұлтты социалистік мемлекетіміздің жағдайында екітілді сөздіктің шығуының зор маңызы бар.

Қазақтың жазба әдебиет тілі тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана бай орыс тілінің игілікті әсерімен біржолата қалыптасып, өзінің кәзіргі өркендеу дәрежесіне жетті.

Совет өкіметі тұсында Қазақстан алдыңғы қатарлы өнеркәсібі, өркендеген ауыл шаруашылығы бар қуатты республикаға айналды. Республикада ғылым кеңінен өрістетілді, оның ұлан-байтақ жерінде көптеген мектептер, орта және жоғары дәрежелі оқу орындары, ғылыми-зерттеу және мәдени мекемелер ашылды.

Қазақ халқының өміріндегі бұл өзгерістердің бәрі қазақ тілін жаңа сөздер жасау, орыс тіліндегі терминдер мен қалыптасқан сөздерді қазақ тіліне аудару, сол сыяқты интернационалдық және орыстық терминдерді тікелей алу жолымен қазақ тілін жаңа сөздермен, ұғымдармен, терминдермен байытпай қоймады және байтты да. Оның үстіне орыстың ғылыми-әдеби тілі қазақ тілінің сөздік қорын толықтыруға орасан зор және тікелей әсер етті. Мұның өзі түсінікті де, өйткені марксизм-ленинизм классиктері шығармаларының, ғылыми-техникалық, ауылшаруашылық, оқу-педагогикалық және көркем әдебиеттің аудармалары Қазақстанның бәспасөзінде едәуір орын алады.

Осыған байланысты бұл мақалада сөз болып отырған «Орысша-қазақша сөздік» аса көңіл бөлерлік нәрсе. Мұнан бұрын шыққан сөздіктермен салыстырғанда, бұл сөздіктің бірсыпыра артықшылықтары бар. Бұл еңбекті шығарумен, шынында, азды-көпті системаға салынған, белгілі дәрежеде түсінік беретін ғылыми лексикалық сөздік жасауға алғашқы әрекет болды. Сөздерді дәлме-дәл аударумен бірге, сөздік жеке

сөздердің, сөйлемдердің, ұғымдардың мағынасына, әртүрлі ерекше мағыналарына түсінік береді. Бұл түсінік күнбе-күнді өмір мен практикадан алынған мысалдармен, халықтың ауызекі сөзінің мол қазынасынан алынған мақалдармен, мәтелдермен, идиомалармен, бейнелі сөздермен тыянакталады. Жаңа сөздікте орыс тілінде көп қолданылатын әлеуметтік-экономикалық және басқа терминдер бұған дейінгі сөздіктердегіден көп келтірілген.

1945 жылы шығарылған екітомдық орысша-қазақша сөздік кезінде қатты, бірақ орынды сыналды. Жаңа «Орысша-қазақша сөздіктің» алғысөзінде көрсетілгеніндей, 1946 жылғы сөздік «толық және тыңғылықты болмады — онда кәзіргі орыс тілінің қажетті көп сөздері келтірілмеді...», аз қолданылатын сөздер көп орын алды, идисматика және фразеология болмады, аудармада елеулі қателерге жол берілді және басқа сондай кемшіліктері болды.

Жаңа «Орысша-қазақша сөздікте» бұл кемшіліктер бірсыпыра жойылды. Сөздіктің көптеген бөлімдері, оның ішінде Е, Ж, З, И, Л, М және басқа әріптерден басталатын сөздер бұрынғысынан біршама жақсы аударылған. Жеке сөздердің, сөйлемдердің, ұғымдардың, мәтелдердің, мақалдардың және басқаларының аудармаларында қазақ тіліндегі дәл баламаны іріктеп алып, оларды дәл аударумен бірге, бұрын қазақтың әдебиет тілінде болмаған, бірақ кәзіргі тілінде тұрақтап орныққан сөздер қолданылды.

Алғысөзде былай делінген: жаңа сөздік «қазақтар орыс тілінің лексикалық байлығын үйренгенде, оларға көмекші болу және мүмкіндігінше, орыс тілінен қазақ тіліне аударушыларға, қазақ мектебінде орыс тілін оқытушыларға анықтама болу мақсатын көздейді... Сөздік орыс тілін өздігінен үйренушілерге, сол сыяқты орыс және қазақ тілдерін салыстырып зерттейтін ғылыми қызметкерлерге пайдалы болуға тиіс... Бұл сөздік, атынан көрініп отырғанындай, екітілдік, демек, аударма сөздік. Олай болса, мұндағы негізгі және өзекті мәселе орыс сөздерінің дәлме-дәл және дұрыс аудармасын беру».

Сөздіктің бағыты, мақсаты және міндеттері осындай. Бірақ мұнда сөз болып отырған «Орысша-қазақша сөздік»,

* «Орысша-қазақша сөздік». Шетелдік және ұлттық сөздіктердің мемлекеттік баспасы. Москва, 1954.

оның ғылыми дәрежесі бұл талаптарға сай келе ме?

Сөздікте әртүрде кездесетін бірдей сөздердің, сөйлемдердің, ұғымдардың, терминдердің, мәтелдердің, мақалдардың, идиомалық сөздердің, тұрақты тіркес сөйлемдердің аудармасы, сөздіктің жасаушылары мен редакторларының көп ретте өздерінің міндеттерін атқара алмағанын көрсетеді.

Алғысөзде өте дұрыс көрсетілгеніндей, сөздікті жасаушылардың басты міндеті—орыс сөздерінің дәлме-дәл және дұрыс аударылуын қамтамасыз ету. Алайда, көптеген сөздер мен оларға келтірілген мысалдардың аудармаларында өрескел қателерге, бұрмалауларға жол берілген, жеке сөздердің, сөйлемдердің мағынасы, белгілі бір орыс сөзінің басқа сөздермен ұштасып келгендегі мәнісі теріс ұғынылған. Бірнеше мысал келтірейік.

«Замораживание цен» деген сөздер «бағаның тұрақталуы» деп аударылған, ал бұл «устойчивость» немесе «стабильность цен» деген мағына береді. «Нормы выработки» деген сөздер «Өнімділік нормасы» деп аударылған, ал бұл «норма производительности» немесе «норма продуктивности» деген мағына береді. Бұл сөздердің дәл аударылмағаны айқын.

«Цинк» деген сөз «қалайы» деп аударылған, бұл орысша «олово» деген сөз, ал бұл металдың осы күнгі қазақ әдебиетінде «мырш» деп аударылып жүргені белгілі. Сөздіктің басқа жерінде «олово» «қалайы» деп дұрыс аударылған.

«Ослабленный» деген сөз «соқырайтылған» деп аударылған. Бірақ мұндай сөз қазақ тілінде жоқ. Ол татар тілінде кездеседі, онда да көнерген, қолданудан қалып бара жатқан сөз.

«Слюда выделяется особыми железами» («выделяется» деген сөздің аудармасында) деген сөздер «сілекей ерекше безден бөлініп шығады» деп аударылған. Сонда, сілекейді ерекше бездер шығармай, қайта сілекей бездің құрамды дербес бір бөлегі ретінде, безден өзі бөлініп шығатын болады.

733-беттегі «серьезный» деген сөзде «серьезная болезнь» деген сөздер «сайыпты ауру» деп аударылады, яғни аудармаға орысша «вдумчивый» деген сөздің мағынасы енгізіледі. Әрине, ондай аурудың болмайтыны түсінікті.

Сөздік жасаушылардың, аудармашылардың және редакторлардың өздеріне жүктелген жауапты іске жеңіл-желпі қарағанын «крестьянин», «крестьянское хозяйство» деген сөздердің аудармасы да дәлелдейді. 306-бетте бұл сөздер: «шаруа», «шаруаның» деп дұрыс аударылған. Ал, 328-бетте «маломочный» деген сөзде «маломочное крестьянское хозяйство» деген сөйлем енді «алсіз дикан шаруашылығы» деп аударылған, ал бұл орысша «дехканское хозяйство» болады. 337-бетте «мелкокрестьянский» деген сөздегі «мелкокрестьянское хозяй-

ство в царской России» деген сөйлем «патшалық Россиядағы ұсақ крестьян шаруашылығы» деп аударылады. 878-бетте «хозяйство» деген сөздің түсінігіндегі «распыленные мелкие крестьянские хозяйства» деген сөйлем «майда, бытыраңқы ауыл шаруашылығы» деп аударылады. Әр жерде кездесетін белгілі бір сөздердің мұндай әртүрлі аудармасы оқушыны адастырудан басқа еш пайда бермейді.

Мысал ретінде И. В. Сталиннің стахановшылардың Бүкілодақтық бірінші кеңесінде сөйлеген сөзінен алынған «лучше» деген сөзін аударғанда өрескел хатеге жол берілген.

Терминдердің аударылуы, олардың түсінігі және бір ізге салынуы туралы мәселеге ерекше тоқталу қажет. Біздің республикамызда әлеуметтік-экономикалық және басқа ғылымдар терминологиясын жасау азды-көпті қанағаттанарлықтай жолға қойылған. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы терминологияның бірінші принципін белгілеп қабылдады. Қазақ тілінде баламасы бар терминдердің бәрі қазақ тіліне аударылады, ал шетел және орыс тілдерінен туған (немесе Совет Олағының басқа халықтарының тілдерінде қолданылатын) және қазақ тілінде баламасы жоқ терминдер түп нұсқасында сақталып, аударылмай қабылданады. Мұндай терминдер-интернационалдық терминдер.

Бұл принцип бойынша, терминдерді Мемлекеттік терминология комиссиясы бекітеді. 1949 және 1950 жылдарда Қазақ ССР Ғылым академиясы «Терминология сөздігінің» екі кітабын шығарды.

Алайда, «Орысша-қазақша сөздікті» жасаушылар, неге екені белгісіз, бекітілген терминдерді мәнсізбенген. Жаңа сөздікте келтірілген терминдердің көбі, бұрын қабылданған терминдермен үйлеспейді, ешбір қажеті болмаса да, басқаша аударылады, мұның салдарынан қателерге және бұрмалауларға жол беріледі.

Сөздіктің аяғында географиялық атаулардың тізімі берілген. Мұнда «Казахская Советская Социалистическая Республика» деген атау «Қазақстан Советтік Социалистік Республикасы» деп аударылады. Бұған байланысты мынадай орынды сұрақ туады: сөздіктің жасаушылары мен редакторларына республиканың конституциялық атын өзгертуге кім право берді? Сөздікті жасаушылардың бірі—Г. Мұсабаев: республикада көп ұлттардың өкілдері тұрады-ой, сондықтан «Қазақ» демей «Қазақстан Советтік Социалистік Республикасы» деп атау дұрысырақ болады дегенді айтады. Бұлай досудың ешқандай сыңа тұрмайтынын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Сөздіктің жасаушылары мен редакторларының дәйексіздігін мынадан да көруге болады: сөздіктің титул бетінде келтірілген «Институт языка и литературы Академии наук Казахской ССР» деген сөздер

«Қазақстан ССР» деп аударылмай, «Қазақ ССР» деп дұрыс аударылған. Мұның қайсысына сену керек?

Сөздікке жазылған алғысөзде «производительные силы» деген термин «өндіру күштері» деп аударылған, ал 625-бетте «производительные силы общества» деген сөздер «қоғамның өндіргіш күштері» деп аударылған.

«Агитационный» деген сөз бөліміндегі «агитационная литература» деген сөздер «агитациялық әдебиет» деп аударылады, ал онан небәрі бірнеше жолдан кейін «агитмассовая литература» деген сөздер «көпшілікті үгіттейтін әдебиет» деп аударылады. Бұл сөйлемдердің арасында ешқандай айырмашылық жоқ екені айқын ғой.

«Промысел» деген сөзге келтірілген мысалдардағы екі сөзден құралған және тұжырымды бір ұғым беретін «отхожий промысел» деген термин «шеттен пайда табу кәсібі» деп аударылады, ал бұл орыс тіліне аударғанда — «занятие на стороне для получения прибыли» болып шығады. Сонда сөздіктің жасаушылары мен редакторларына мынадай сұрақ қоюға болады: аштан өлмеу, өзін және семьясын асырау үшін, шеттен күнкөргіш табыс іздеп қанаға қашатын, «...өзінің уақытын әртүрлі табыс іздеуге де, өзінің шаруашылығына да ұдайы бөліп отыруға мәжбүр болатын» (В. И. Ленин, Шығармалар, 3-том, 181-бет), революцияға дейінгі Россияның шаруасы қандай пайда табуды арман ете алды? Ал, «Терминология сөздігінде» (Қазақ ССР Ғылым академиясының бастырғаны, 1949 ж.) «отхожий промысел» деген термин «шет кәсіпшілік» деп аударылған.

Сөздіктің жасаушылары мен редакторлары «орудия производства» және «средства производства» деген терминдердің мәнісін айырмайды. Саяси экономия өндіріс құралдары еңбек құралдарының құрамында шешуші роль атқарады, ал адамның өз еңбегінің затына әсер етуіне және оны өзгертуіне көмектесетін заттар еңбек құралдары болып табылады деп үйретеді. Сондықтан «орудия производства» деген терминнің «еңбек құралдары» деп аударылуы түсінікті. Ал, өндіріс құрал-жабдықтары еңбек заттары мен еңбек құралдарын біріктіреді. Адамның еңбегі сіндіретін нәрсенің бәрі — еңбек заты. Олай болса, «средства производства» ұғымы «орудия производства» ұғымынан анағұрлым кең. «Средства производства» деген терминді — «өндіріс құрал-жабдықтары» деп аударып бекіткенде, мәселенің осы жағы ескерілді.

Саяси экономияның элементарлық ұғымдарын шатыстырып, сөздіктің жасаушылары мен редакторлары «средства производства» деген терминді (781-бет) «өндіріс құралдары» (яғни орудия) деп аударды, ал 440-бетте «общественная собственность на орудия и средства производства» деген сөйлемді «өндіріс құралдарына қоғамдық меншік» деп ау-

дарады (яғни орудия — құрал деген бір сөзді алады).

Тек экономикалық терминдер ғана емес, лингвистикалық терминдер де шатыстырылған. Мысалы, 750-бетте «сложноподчиненный» деген сөз «бағыныңқы құрамалас (сөйлем)» деп аударылған. Ал, «Терминология сөздігінде» бұл сөз «сабақтас құрамалас сөйлем» деп аударылған. Сонда оқушы қайсысына нануға тиіс?

Тұрақты тіркес сөйлемдердің, мәтелдердің және мақалдардың аудармасын бір ізге салу мәселелері жайында бірнеше ескерту. Мұнда да көптеген бұрмалауларға және қателерге жол берілген. Мысалы, 43-беттегі (блок коммунистов и беспартийных) деген сөйлем («беспартийный» деген сөзді қараңыз) «коммунистер мен партияда жоқтардың блогі» деп аударылса, 50-бетте сол сөйлем («блок» деген сөзді қараңыз) «коммунистер мен партияда жоқтардың одағы» деп аударылған.

«Братская семья советских народов» деген сөйлем («братский» деген сөзді қараңыз) «совет халықтарының туысқан семьясы» деп аударылса, 730-бетте сол сөйлем «совет халықтарының тумалас семьясы» деп аударылған. Аударманың жарамсыздығы айқын көрініп отыр.

Алғысөзде «волка быют не за то, что он сер, а за то, что овцу съел», сыяқты идиомалық сөйлемнің қазақ тіліне «бөріні сұрылығы үшін ұрмайды, ұрылығы үшін ұрады» деп аударылғаны айтылған. Ал, біз бұл мақал келтірілуге тиіс 90-бетті ашып көрейік («волк» деген сөзді қараңыз). Мұнда енді ол мақал сөздердің құрылымы жағынан да, құрамы жағынан да басқаша, «қасқырды сұрылығы үшін емес, ұрылығы үшін ұрады» деп аударылған.

Сөздікте орыстың белгілі мақалдары мен мәтелдерінің көріне жолы болмаған. Мысалы, 48-бетте «биться как рыба об лед» деген мәтел «мұзға соғылған балықтай алпарысу» деп аударылған. Бұл аударма мәтелдің мағынасын ешқандай ашпайды. Реті келгенде айта кетейік, 708-бетте («рыба» деген сөзді қараңыз) осы мәтел «басты тауға да, тасқа да ұру» деп аударылған. Мұндай аударма түп нұсқаның мағынасына неғұрлым жақын.

Орыстың «овчинка выделки не стоит» деген белгілі мәтелі «тоқтышақтың тұлғаны да тұрғысыз» деп аударылған (443-бет), ал бұл «пересохиной овчинки не стоит» деген мағына береді. Мұнысы көріне қыйсынсыздық. 789-бетте сол мәтел («стоит» деген сөзді қараңыз) «илеуге тұратын тері емес, азапқа тұрмайтын иорсе» деп аударылған. Бұл жерде аудармаға неғұрлым творчестволықпен дұрыс қараған, сондықтан ол түп нұсқаға неғұрлым жақын және оның мағынасына үйлесімді болып шыққан.

91-бетте «высечь на волоске» деген сөйлем («волосок» деген сөзді қараңыз) «жаны мұршының ұшында болу» деп

аударылған, ал бұл орыс тіліне аударғанда «душа на копчике носе» болып шығады, бірақ қазақ тілінде мұндай ұғым тіпті де жоқ. Ал 79-бетте («висеть» деген сөзді қараңыз) бұл сөйлем «кыл үстінде тұру» деп мүлде дұрыс аударылған.

Сол сыяқты орыс тіліндегі родтын кейбір сөздерін қазақ тіліне аудару мәселелері де көңіл бөлерлік. Қазақ тілінде родтардың жоқ екені мәлім. Бұған байланысты тіл зерттеушілер әйелдік родтың орысша сөздерін аударудың принциптерін алға қойып, ғылыми негізде шешуге тиісті еді. Алайда бұл мәселе сөздікте де шешілмеген. Мәселен, «коммунистка» деген сөздің аудармасыз, яғни «коммунистка» деп жазылуы (285-бет), ал «социалистка» деген сөздің «социалист әйел» деп аударылуы (772-бет) тек осыдан. «Трактористка» деген сөз, неге екені белгісіз, екі түрлі: «трактористка» және «тракторшы әйел» деп жазылады (821-бет), ал «комбайнерка» деген сөз тек «комбайншы әйел» деп жазылады.

Әйелдердің ұлтының сөздікте жазылуында да бір ізділік жоқ. Мәселен, «аджарка» деген сөз «аджарка» деп, ал «казашка» деген сөз «қазақ әйел» деп аударылады. Немесе «грузинка» деген сөз «грузинка» деп жазылып, «узбечка» деген сөз «өзбек әйел» деп аударылады, «татарка» деген сөз «татарка» деп жазылып, «башкирка» деген сөз «башқұрт әйел» деп аударылады. Сөздіктің жасаушылары мен редакторлары мұндай сөздерді аударғанда қандай принципті басшылыққа алғаны белгісіз.

Қазақ тіл білімінің ең быдыққан және шатастырылған уақыттарының бірі — емле. Белгілі бір сөздердің әртүрлі жазылуы тек осыдан («үкімет—үкмет», «өкімет—өкмет», «құпия—құпия», «қатынас—қатынас», «ғылыми-ғылыми», «сәрсенбі—сейсембі» және т. б.).

Бұл мәселе сөздікте де дұрыс шешілмеген, мұның өзі алғысөзде де көрсетілген. Алайда бұл алғысөздің авторы Н. Сауранбаевтың «күнә» және «кіна» деген сөздердің жазылуы жөнінде айтқандарына (7-бет) қосылмаймыз, өйт-

кені мұның емлеге қатысы жоқ, себебі: «күнә» деген сөз — орыстың «грех» деген сөзінің баламасы, ал «кіна» деген сөз — орыстың «вина» деген сөзінің баламасы. Егер әңгіме сөздің соңғы әрпі туралы, не «күнә» немесе «күна», не «кіна» немесе «кіна» деп жазылуы туралы болып отырса, онда істің жайы басқаша.

* *
*

«Орысша-қазақша сөздіктегі» орескел қателер, бұрмалаулар және көмескіліктер оның құндылығын едәуір кемітеді. Бұл қателер сөздіктің жасаушылары және редакторлар коллегиясының мүшелері А. Исқақов, Х. Мазмұдов, Г. Мұсабаев, С. Аманжолов, А. Қалыбаева және Н. Сауранбаев жолдастардың сөздікті баспаға әзірлегенде көп уақытта белгілі бір ғылыми принциптерді басшылыққа алмауынан туып отыр. Аудармадағы қателер, бұрмалаулар және көмескіліктер сөздікті жасаушылардың, аудармашылардың және редакторлардың орыс тілін, оның терең мағыналарын, саналуан ерекшеліктерін жеткілікті білмейтіндігін дәлелдейді. Қабылған терминдерді менсінбеу, оларды аударғанда шатыстыру, күні озған, ескірген сөздерді («мәжліс» орнына «отырыс», «конфискациялау» орнына «конфискелеу», «право» орнына «хуқық» және басқалар) пайдалану біздің кейбір тіл зерттеуші ғалымдарымыздың халықтың осы күнгі практикалық тіліне жеткілікті көңіл қоймайтынын көрсетеді.

Бұл жерде ұлы орыс сыншысы В. Г. Белинскийдің мына белгілі сөздерін еске салу артық болмас: «Тілді жасау мүмкін емес, өйткені оны халық шығарады; филологтар тек оның заңдарын ашып, оны тәртіпке салады, ал жазушылар тек бұл тілде осы заңдарға сәйкес творчество жасайды» (Шығармалар, 1-том, 333-бет).

Толық құнды «Орысша-қазақша сөздік» шығаруға республикамыздың жеткілікті, жоғары білімді маман кадрлары бар.

Х. РАХИМОВ.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Бучкин А. А. (бас редактор),
Әбілдаев Қ., Глебов С. А., Ордабаев Б.,
Покровский С. Н., Рахимов Х., Федюкин С. А.

Редакцияның адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 107
Тел. 39-00, 23-03,
11-45, 17-96.

23/VII-1955 ж. басуға рол қойылды, қағаз 70×108/16 — 2 қ. — 5,48 авт. т.

УГ08257. Тираж 15050. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Зақ. 836.

815090